Қазақтың тілі – ақын, шешен, тілмар бабалардың сайраған тілі, мөлдір судай таза, жарға соққан екпінді, шұрайлы да шырайлы, тұңғиығына көз жетпес терең мағыналы тіл. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі». Қазақтың өзімен бірге ғасырлар бойы толғаған домбырасына келсек, тура айтуға тіл шошыған заманда Жошы ханның алдына барған да, ботасы өлген нарды идірген де, жарықтық, домбыра емес пе?! Ән-жырында қазақтың бүкіл тарихы тізбектеліп тұрғандай, шіркін! Ал...ал табиғатының сұлулығын айтсақ, жұмаққа ғана теңеседі. Аспан тіреген асқар таулары, сол таулардың арасында жыландай ирелеңдеп ағып жатқан өзендері, айдын көлдері, тасы, шөбі шүйгін шексіз даласы, көрсең көзің тоймайтын қырлары мен қыраттары, қозықұйрық пен жеміс-жидек толы орманы, қалықтап ұшқан құсы, көз тартарлық алуан гүлдері, самал желі кермек те тәтті жусан иісін мұрныңа жеткізгенде, тіпті рақаттан басың айналады. Әр затында тарихтан бір таңба басылғандай сырлы әрі ғажап. Міне, осындай әсемдікке көз тастай отырып, қазақ жері – дүниенің Жерұйығы шығар-ау дерсің, шіркін!

Қазақ – қашан да болса береке мен бірліктің, татулық пен достықтың берік те киелі шаңырағы. Береке бар жерде мереке бар демекші, қазағымның салтанаты еш уақытта жүдемеген. Алты Алашқа аға болған қазекең еркіндік пен елдіктің туын мәңгі құлатпай, қолда берік ұстап келді. Енді «Кім не ексе, соны орады» дегендей, бүгінгі таңда сол еңбектің жемісін көріп отырмыз. Шалқы, қазағым, шалқи бер! Енді кең даланда желмен бірге о шетінен бұ шетіне жүгіріп, шалқысаң да өзің біл! Батырларың қанын текке төккен жоқ. Сенің осындай еркіндігің, азаттығың үшін арпалысып, сан рет өлім мен өмірдің арасында қан кешті. Олардың есімдері тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалмақ.

Сүйемін...шын сүйемін мен өз халқымды... Нәресте аймалап, әлдилеген анасын қалай сүйсе, мен дәл солай сүйемін оны... Оның желдей еркіндігін, қырандай биіктігін, теңіздей кеңдігін, мәрттігін, еліктей еркелігін, сәбидей пәктігін, «Алаш» десе атойлап шығатын батылдығын, өжеттігін, өрлігін құлай сүйемін. Жұмақтың хор қызындай аруларына, Отаны үшін жанын пида қылар ерлеріне, оның қара қылды қақ жаратын әрі бойыңды шымырлататын бай да май тамған тіліне, ғасырлар ағысындағы ақиқат пен ізгілікті бір өзінде сақтап, қолға алып жырлап кеткенде еріксіз жаның мен тәніңді баурап алатын күдіретті домбырасына, маржандай төгілген ән-жырына, тәлім-тәрбие,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

парасаттылық пен өнеге тұнып тұрған салт-дәстүріне – бәріне, бәріне ес-түссіз ғашықпын. Мұның бәрі – ауызға келген соң айтыла салған сөз емес, бұл менің жүрегімнің тұңғығында жатқан сәбидей пәк сезімім, «Қазақ» атты асқан құдіреттілікке деген шексіз махаббатым. Бұл атауды естісем-ақ жүрегім езіліп, бір тылсым күш жанымды билеп әкетеді. Осыдан кейін бар әлемге «Мен – қазақпын!» деп жар салғым келеді. Мен өзімнің қазақ екенімді шынымен де мақтан тұтамын, ол мен үшін барлық байлықтан да, атақ-абыройдан да жүз, мың, тіпті миллион есе артық. «Орнында бар оңалар» демекші, міне, биыл егемендік алып, еңселі ел болғанымызға жиырма үш жыл толмақ. Біздің Отанымыз – тәуелсіз қазақ мемлекеті. Түрлі ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, көпшілігі керемет далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Еліміз көркейіп, күн сайын жаңарып келеді. Елбасымыз – біздің мақтанышымыз болса, азаттық астанасы – Астанамыз абыройымыз. Ал біз – осы өзгелер қызыға да қызғана қарайтын еліміздің болашақ нұрымыз. Келешектен де үлкен үміт күтеміз. Осындай Отаным барда, қазағымның азаматтары тұрғанда келешектің аспаны ашық болатынына кәміл сенемін. Ендігі бар арман тілегім – бейбітшілік аспан астындағы барлық халықтар тату өмір сүрсе екен, Қазақстан бұдан да аса гүлденіп, құлпырып, асқақ арманымыз – дамыған елу елдің санатына ілігуіне барлығы бір кісідей жұмылып ат салысса деймін. Бізге азаттық сыйлап кеткен батыр бабаларымыздың алдындағы борышымызды сонда ғана өтеп, жарқын болашаққа қадам басамыз. Менің ойымша, қазаққа бүгінгі керек нәрсе – тастүйін тұтастық. Қобыланды батыр мен Ақжол бидің арасында кикілжің кісі өліміне, оның соңы елдің айырылуына әкеп соққан тарихтың ащы сабағы – қазақ жадынан бір сәтке ұмытылмаса керек. Тарих дейміз. Тарихты мақтану үшін емес – тағылымынан ұрпақ ойлану үшін қажет ғылым деп есептеймін. Сананы серпу үшін – бірлікті ту, татулықты тұғыр ету – тура жол. Мың өліп, мың тірілген қазақтың енді мың бірінші рет өлуге құқы да, хақы да жоқ!

Балтабекқызы Інжу

11 сынып, А.Иманов атындағы ЖОББЛ-мектеп
Май ауданы, Баскөл ауылы

Егемен Қазақстан: өткенге көз тастау және бүгінгі күн.

Өр Алтайдан Атырауға дейін тыныштық орнатқан қазақ елінің талай күрделі тарихи кезеңдерді басынан кешкені баршамызға белгілі. Темірдей

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

төзімді, рухы биік халық жоңғарлардың қалың қолының шабуылына төтеп берген. Қалың елмен бірігіп, бір жеңнен қол шығара білген қазақ батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбайлар азулы жауды Аңырақайда аңыратып жеңсе, Райымбек сияқты киелі батырлар кейін шапқан кесапат жауды қасиетті қазақ жерінен біржола қуып тастаған. Қазақ жерін отарлап, бірте-бірте өз мақсатын орындап келе жатқан орыс патшалығы мен қарны жуан билерге қарсы шыға білген нағыз ерлік көрсеткен «Тебінгі теріс тағынып, темір қазық жастанған» да өр рухты, қайратты қазақ батырлары.

Сонау ғасырлар қойнауына көз салсаңыз, батыр бабалармыз өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң етуге төзбеген. Жауына қандай қатал болса, досына сондай адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садаққа кеудесін тосқан. Осындай найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен.

Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде менің ата-бабам туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамның кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діні жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін қазақстандық телімі болған.

Сан ғасырлық тарихында қазақ халқы өзінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын, ана тілі мен ділін және басқа құндылықтарын сақтап қалу үшін қилы кезеңді бастан кешірді. Біздің даңқты бабаларымыз – ұлы хандар мен батырлар терең ақыл, биік намыс, ержүректілік арқасында ел мен жердің тәуелсіздігі үшін күресті. Бүгінде өз тарихымызға көз салып, ой екшеген біз Тоныкөк, Күлтегін, Білге қаған секілді көреген билеуші, ұлы қолбасшылардың қадірін түсіне бастадық.

Әкеміз, ағамыз құрғақ халықтың
Аты, даңқы өлмесін деп,
Түркі халқым үшін
Түнде ұйықтамадым
Күндіз отырмадым
Біріккен халықты от-су қылмадым,

– деп Күлтегін бабамыз айтқандай, олардың тас ескерткіштерге қашап жазып қалдырған сөздері түркі халқының талайлы тағдары мен тәуелсіздік

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

үшін күресін ұрпақтар санасына мәңгіге бекітті. Түркілерге тән ержүрек, өршіл, қайсар, қайтпас мінезді бойына сіңірген Бауыржан Момышұлының Күлтегін заманынан неше ғасыр өтседе ер түріктің ерлігін қайталауы қазақ қанында ерлік, қайсарлық ежелден сақталып қалғанын көрсетеді.

Тарихтан қарап отырсақ, қатігез толқындар біржолата мәңгі жойылып жібергендей талай қиын кезең тұсында қиналса да, аман қалды. Қазақ ұлты тарихында көптеген қиыншылықты бастан кешті, аяусыз шабуылға ұшырады, алпауыттар тайталасының кәріне ілінді, қырғыннан қырғынға, басқыннан басқынға талай азапты көрді. Дегенмен "тәуелсіз" деген мағынаны білдіретін "қазақ" деген атына сай әрқашанда азаттыққа қол жеткізу үшін талпынды, осы жолда күресті. Талай батырларымыз бен ұлт қайраткерлеріміз халқын бостандық таңына жеткізуді армандап жанын пиде етті, шәйт болды, арманда кетті. Ұлтымызды құрту мақсатымен жасалған алуан түрлі әрекеттер, қу саяси шаралар ұрпақ жадына жойқын соққы бергенімен оны мүлдем бағындыра алмады, дініміз бен тілімізді түбегейлі жоюға шамасы жетпеді. Қазақ "мың өліп, мың тірілсе" де, қазақ болып қала берді, әр ұрпақ өзінен кейінгілерге тәуелсіздікті арман етіп, ұлттық мақсат ретінде аманат етті. Міне, сол өткен күрес-бүгінгі күннің жемісі деп білемін.

Ал жиырманшы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет пайда болды. Солардың бірі – Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар Қазақстан Республикасы еді.

Шуақты, жарқын өміріміз үшін күрескен ата-бабаларымыздың арқасында, біз бақыттымыз. Мен балалық ақ тілекпен Қазақстанда бейбітшілік, тыныштық болып, еліміздің егемендігі мәңгілік болсын деп тілеймін. Жасай бер, жаса, менің Қазақстаным!

Баткалова Салтанат
11 сынып, №35 мектеп
Павлодар қаласы

Білім ошақтары – қоғам жетістіктерінің нәтижесі

«Саналы да сапалы, білімді де белсенді жастары бар елдің қашанда еңсесі биік, болашағы зор болмақ. Сондықтан елдің

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

ертеңі, бақыты сендердің қолдарында деп мен айта аламын.»
Н.Ә.Назарбаев

Қоғам – үздіксіз дамитын жүйе, адамдардың тіршілік ету формасы, әлеуметтік ұйымдасу тәсілі. Өзінің дамуында, қоғам бірнеше кезеңдерді басынан кешірді. Осындай кезеңдерді әлеуметтік ғылым әлеуметтік – мәдени өркениеттілік өлшемдер арқылы белгілейді. Әрбір жаңа кезеңді жоғары технологиялардың дамуынан көреміз. Адамдардың алдында қоғам деген не? Ол қалай пайда болды, ол қалай дамыды, дамудың көздері мен қозғаушы күштері неде? Қоғамдағы құбылыстар мен процестердің байланысы қандай деген сұрақтар туындай бастайды. Қоғамның ілгері дамуының басты қозғаушы, жүргізуші күші – ғылым мен білім деп сенімді айта аламыз. Қоғамның үнемі жанданып отыруына ғылым мен білімнің әсері зор. Білім – қоғамдағы әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогресті қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі – адамның менталитетін, адамгершілігін, әр түрлі қабілеттерін қалыптастыру, дамыту.

Қоғамды өркендетуші күш – білім ошақтары. Қоғамның үнемі жанданып отыруына білімнің әсері зор. Жалпы ол – қоғамдық жүйенің негізі болып отыр. Қоғамды өркендетуші де – адам. Ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, оның өрісінде дамиды. Адамды қоғамда қалыптастыруға бірнеше факторлар әсер етеді. Оның ішінде білім мен ғылым. Міне, осы адам өмірінде басты рөл атқарады. Осымен, қоғам мен білім тағы байланысып отыр. Білімділік – тіршілік шырағының өшпес ошағы. Яғни, білім арқылы біз өсеміз, өркендейміз, өзімізді жетілдіреміз, соған орай қоғамның қалыптасқан қағидалары да өзгере бастайды.

Заманға сай қоғам ережелері де, оған деген көзқарас та өзгеріп отырады. Қазақстан - кеше мен бүгін. КСРО құлағаннан бері, оның қарамағындағы мемлекеттер тәуелсіздігін алып, өз заңдарын шығарып, бірте-бірте Кеңес үкіметі кезеңін ұмыта бастады. Жаңа экономикалық саясатқа сай, қоғамның рөлі өзгере түсті. Біз де, сол елдердің қатарындамыз. 1990 жылдардың басында экономикалық, әлеуметтік, саяси салалардың реформалары түбегейлі өзгеріп, қоғамымызға сай бірлестіктер пайда болды. 100-ден аса қоғамдық ұйымдар пайда болып, құқықтық проблемалар, экологиялық, қауіпсіздік, жастар мәселесіне бағытталды. Елді жаңа деңгейге көтеру қоғамның басты мәселелерінің бірі еді. КСРО кезінде тұрған бұқара халыққа осы өзгерістер жат еді. Әйтсе де, бүкіл әлем жаңа ғасырға қадам басқалы отырғанда, Қазақстанда да қоғам идиологиясы өзгере бастады. Жас ұрпақ өсе келе, Кеңес үкіметі кезіндегі халық қоғамда қалыптасқан сұр-қоңыр түспен, қорқақшылық пен мансапқорлық деген ұғыммен мәңгі қоштасты. Қазақ еліміз жылдан жылға

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

қарай дамып, өзгеріп келеді. Одан әрі өзгеріске ұшырау мүмкін емес деп отырушы едік. Міне, жиырма жылдан аса уақыт өтті. Ғылыми технологиялар одан әрі даму үстінде. Яғни, бізден кейінгі ұрпақ осы заман қоғамын біз сияқты қызығушылықпен қарайтын сияқты. Дегенмен, бізді біріктіретін бір құнды зат бар. Бұл – білім. Осының негізінде қоғам әлі де алға қарай жылжып, дамиды.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жаңашылдықтар молшылық. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады. Елдегі білім беру жүйесі жаңашылдыққа бағыт бұрғандығы белгілі. Жалпы, бұл жүйе неліктен жаңа кеңістікке бағыт алды? Қоғам дамуының қарқындылығы, ақпараттық қоғамға көшу, қоғамның демократиялануы, экономиканың дамуы, бәсекелестіктің өршуі. Осыған сәйкес, елдің білім беру жүйесіндегі әдістемелердің жанаруы, ұстаздар квалификациясының жоғарлауы, сонымен қатар 12 жылдық білім беруге көшу. Осыны көре отыра, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енді деп айта аламыз. Демек, 12 жылдық білім беру жүйесі деген:

- Жаңа білім технологияларын енгізу.
- Терең және кәсіби бағдар беру.
- Шет тілдерін бірінші сыныптан игеру.
- Өмірлік бағдар ретінде адам бойына құндылықтар енгізу.

Бұған қоса тек оқушылармен ғана емес, ата-аналармен де, психолог мамандарының жұмыс істеуі. Ұстаздардың жаңа деңгейге шығуы, квалификациясын кембридждік оқуларында жоғарлатуы. Бұл оқулар, тек оқушыларға сабақ берумен тоқтамай, өзімен қатарлас ұстаздарға әдістемелер беруге мүмкіншілік туғызады. Осыған орай әрбір оқушы дәл осындай ұстаздың оқытуында болса, заманға сай дамиды. Әрине, осыдан кейін оқушылардың қоғамға деген көзқарасы мүлдем өзгереді.

Біз бүгінгі қоғамға саймыз ба? Әрбір адам өзін жетілдіре білсе, заман талабына сай болса, қоғамның алып тұлғасына айналады. Қоғамды қалыптастырушы ең басты фактор – білім дегенді қайталап айтамын. Қазіргі таңда білім ордаларында жаңа технологиялар молшылық. Қазақстанның түкпір-түкпірлеріндегі оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас құра алады. Ақпарат алмасу арқылы өзінің жобаларын салыстыруда кемшіліктер мен артықшылықтарын көріп, пікірталас жүргізуде қызығушылық танытады. Электрондық журнал енгізуімен әрбір оқушы дистанционды түрде өз бағаларын бақылай алады. Өзінің идеяларын мектептердегі интерактивті тақталар арқылы іске асырып, мүмкіншіліктерін көрсете біледі. Қазіргі таңда әрбір отбасыда ғаламтор желілері кездеспейді, ал оқушы болса, мәліметтерді мектеп қабырғасынан шықпай-ақ мультимедиялық сыныптарда ала алады. Осыған қарай отыра, болашақ заманға сай қадам басып келе жатырмыз деген ой келеді.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Елбасымыз айтқандай, «Болашақ – білімді жастар қолында!». Егеменді елімнің ертеңімін дей отыра, менің әлем таныған елімнің ертеңіне үмітім зор. Біз білім мен ғылымды игеріп, халқымыздың асыл қасиетін үйрене отырып, ата-бабаларымыздан қалған жерімізді көркейтуге міндеттіміз. Осыған дейін сан қилы білім жүйесі жайлы айтып, жаңа технологиялар, жаңа құндылықтардың пайда болуы жай емес. Осындай мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, болашақта қабілеті жоқ немесе білімге деген қызығушылығы жоқ оқушыларға бағыт сілтеп, демеу болатын қоғамдық жасөспірімдер бірлестігін ашу - менің арманым. Осындай мүмкіншіліктерге толы заман адамы үшін жарқын болашаққа нық қадам басудың негізгі критеріі – жаңа технологиялардың дамуы деп айта аламыз. Қазақ елінің қарқынды дамуына қарасам, талай елді артта қалдыратынына сенімдімін!

Бауэр Юлия

8 сынып

Шербактин ауданы

Менің Отаным – Қазақстан.

Біздің ел – Қазақстан Республикасы – бұл жүзден астам адамдар тұратын ел: орыстар, қазақтар, немістер, украинецтер және т.б. Біздің Отанымыздың үлкен және кіші халықтарын есептеуге өте қиын. Қазақстан – бұл барлығымыз үшін Отан. Біздің көбіміз мұнда туды, өмір сүреді, білім алады, біздің Отанды дамыту үшін жұмыс істейді. Қазақстанда он бес миллион адам тұрады. Мында тұрғандардың бәрі тілді, тарихты және қазақ халқының дәстүрін білуге талпынады. Қазақ халқы өте қонақжайлы және

Менің Қазақстаным – бұл ең қымбатты, мәнді, қымбатты, сүйікті ел. Біздің ата-бабаларымызға біздің жерімізді жаулардан қорғауға және оны бізге мұра етіп қалдыруға көп ғасырлар қажет болды. Қазақ халқының мәдени мұрасы туған жер туралы көп шығармаларды және суреттерді, олардың шексіз жазықтарды құрайды. Белгілі ақындар қазақ елінің тарихы мен сұлулығын жырлады. Халық есі ұрпақтан-ұрпаққа қазақ халқының өміріндегі мәнді және трагедиялық оқиғаларды сақтайды және береді.

Қазақстан – бұл жас, бірақ тез дамитын мемлекет. Жыл сайын біздің елдің экономикасы жақсарып келеді, мәдениеті дамып, қалалар өсіп келеді. Оның дамуы үлкен қарқынымен келеді. Республика аумағында көптеген өзендер, көлдер бар. Оған қоса қазақ жерлерінің ескі қойнауларға бай. Бізде табиғи қорларды табуға болады: темір, көмір, мұнай, газ, алтын.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Қазақстан – үлкен мүмкіндіктер елі. Қазір біз тек қана мектеп оқушыларымыз, бірақ болашақ туралы ойланамыз, мамандық алуға армандаймыз, мемлекетке пайда әкелу үшін.

Бейбітшілік пен ынтымақ жерде - әр адам үшін ең маңыздысы. Біз өз болашағымызда сенімдіміз, біздің Елбасы біз бақытты өмір сүру үшін барлығын жасайды. Біз өзіміздің еліміздің өткені мен болашағы үшін мақтан тұтамыз.

Біздің Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, оның арқасында біз бейбітшілік және аман-есен елде тұрамыз.

Отан – бұл, адам өз үйіндей сезінетін жер, оған жанға жайлы, қайда тағы және тағы оралғын келетін жер. Әрбір адам өз үшін – Отан мағынасын түсіну қажет. Өз елін сүйу үшін, оның тарихын, ата-бабаларымыздың өмірін білу керек. Мен Қазақстанда өстім, мында мен жоғарғы білім ала аламын, жақсы маман бола аламын.

Қазақстан Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин және т.б. белгілі адамдардың Отаны болып табылады.

Қазақ халқы – бұл мықты, батыл және қайсар адамдар, өз атамекені үшін барлығын жасауға дайын тұрады. Бүгінгі күнде кіші отаншылдар сол, өз Отанын сүйетін және жанқияр адамдар.

Патриот – өз елінің қызығушылықтары туралы қамын ойлайтын, ол үшін құрбан етуге дайын адам. Патриот елінің өткенін құрметтейтін және жетістіктермен мақтан етеді. Бірақ дәл біз, қазіргі ұрпақ біздің еліміздің өмірін жақсартуымыз керек. Патриотизмнің қалыптасуы бала жасынан басталады, ата-аналар бізге мемлекетімізге, өз елімізге махаббатты ұластыру қажет.

Мен, Қазақстан ары қарай әйгілі мемлекет және бай ел болатынына сенімдімін. Біздің міндетіміз – патриот болу, өз Отанымызды қорғауымыз, жұмыс істеуіміз, мемлекет игілігіне оқуымыз керек. Себебі Қазақстан – біз ортақ үйіміз, біздің Отанымыз.

Болашақ өткен мен қазіргісіз мүмкін емес, ал патриотизм тарих пен адамдарсыз мүмкін емес. Отан түсінігі, махаббат, халық анықталған адамдарға, оқиғаларға, оның қоршаған ортасына аландау сезімі негізінде адам санасына қалыптасады.

Біздің ұлттық ойымыздың негізін Ата Заң құрайды, Қазақстан халқын биліктің негізгі қайнары.

Бүгінгі шынайы патриотизм – бүләлемдік ел сияқты елдің жаңартуын және құрылысын ойлау. Бұл міндет жастарды патриоттыққа тәрбиелеу үшін маңызды негіз болып табылады.

Патриоттың тұлға тәрбиелеу жолының маңызды рөлі белсенді оқу және педагогиканы насихаттау болып табылады. Бұл әдістің басты мақсаты өткен ұрпақтың тәжірибесі негізінде тәрбиелеу.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Патриоттың дамуы және болуы Отансыз мүмкін емес, ал сонда біздің басты міндетіміз Отанды сақтау.

Оған қоса патриоттың дамуы мен болуы туған мәдениетсіз, тіл және дәстүрсіз мүмкін емес, сондықтан біздің міндетіміз туған мәдениетімізді, тілімізді және дәстүрімізді көбейту және дамыту, сақтауымыз керек.

Бекен Айдана

8 сынып, «Жас дарын» мектебі

Павлодар қаласы

Менің Отаным - менің мақтанышым

Уа, туған жер, неткен байтақ, ұлы едің,
Дүние есігін өзіңмен ашып, өзінде өсіп келемін...

Қазақстан дегенде көз алдыма шалқыған жайлау, жазық дала елестеп, бақтағы бұлбұлдың үні мен аққудың қиқулаған даусы құлағыма келеді.....

Отан... Бұл сөз әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз. Кімге де болсын қымбат ұғым. Қазақ жері жүрегі қазақ деп соққан әр азамат үшін қастерлі. Ұлы мекенімізді бабаларымыз білегінің күшімен, найзасының ұшымен қорғады. Ғасырлар бойы ұрпағына мұра болған жер. Отанымның даласы Алтайдан Атырауға дейін созылып жатыр, оның жусан иісі аңқыған ерке желі бетімді өбеп, мені еркелете түседі. Сондықтан туған елімнің тауы мен тасы, суы, бәрі-бірі де ыстық. «Әркімнің туған жері-жерұйық» дегендей, қайсібір жан үшін өз Отаны қашанда ыстық көрінеді. Осыны көз алдына елестеткенде адам бойында патриоттық сана сезім қалыптаса бастайды. Өз Отанының патриоты дегеніміз - Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық үшін бар күш-жігерін, қаблетін аямайтын адам. Халқын шексіз сүйюшілік, баршаға күш-жігерін Отанға ғана арналған адамға тән терең сезім. Отан отбасынан басталады. Ол ата-ана, ата-әже, жақын-жуықтан құралады. Патриот болып өскен бала есейгенде еліне қызмет етеді. Ол үшін бірінші кезекте адал болу керек. Адам баласына да, жан-жануарларға да, қоршаған ортаға да қамқорлықпен қарайды.

Қазақ халқы бүкіл өзінің тарихында әділеттілік үшін, азаттық үшін күресіп келеді. Бүгінде - бейбіт заманда Тәуелсіз елміз. Өз халқымыздың мәдениетін, тарихын, экономикасын, білімін көтеруге атсалудымыз керек. Патриотизм осы саланың қай-қайсысында да керек.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Отанымызды қорғау үшін әр оқушы шымыр болып өсуге, сабағын жақсы оқуға, өзінің елі мен тілін сүйуге міндетті. Оны қорғап, оның дамуына бар үлесті қосып, оны қадір туымыз керек.

Мен осындай елдің перзенті болғанымға мақтанамын. Қазақ халқының жазира кең даласы менің жүрегімде. Менің Отаным - менің мақтанышым, асыл байлығым! Мен оның өркендеуіне бар үлесімді қосамын. Ержеткенде осы киелі даламды қорғап, аялап, оған қызмет ететін боламын.

Белевкина Елена

8 класс, Башмачинская ОСШ

с. Башмачное

Руководитель: Балгужинова М.С.

Родина

Древняя и вечно юная земля...

Земля батыров, земля талантливых акынов, писателей, певцов и жырау. Это мой родной Казахстан. Родной... Родина...

Как тепло и ласково звучат для всех людей эти слова! У каждого человека есть своя Родина. Для меня это моё родное село Башмачное, моя семья, школа, друзья и вся наша огромная Республика Казахстан. Я счастлива, что родилась уже в свободном, Независимом Казахстане, и считаю его своей Родиной, где свободен каждый человек, где единой семьёй живут представители почти ста тридцати наций и народностей.

Я считаю, что каждый гражданин должен быть патриотом своей страны. В переводе с греческого языка «патриот» - это сын своей земли, который любит свою родину, свой народ, чтит традиции и обычаи и гордится ими. Мы родились здесь, здесь живём и являемся патриотами своей страны, поэтому мы должны знать символы нашего государства.

У моей страны есть государственные символы: Герб, Флаг, Гимн. Государственные символы являются визитной карточкой Казахстана, считаются священными для всего казахского народа. Герб, Гимн, Флаг - это лицо государства. Они всегда являются предметами национальной гордости.

В мире существует множество стран, и они имеют свои государственные символы. Эти символы возникли не сразу. Только в двадцатом веке во всем

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

мире установилась обязательная традиция – каждой стране иметь свой Герб, Гимн, Флаг.

Суверенный и Независимый Казахстан сделал свой выбор, выбрав цвет мира голубой, цвет - для флага и герба. С 7 января 2006 года гимном Республики Казахстан стала популярная песня, которая была написана в 1956 году, она называлась «Менің Қазақстаным». Музыку оставили прежней, а текст немного изменили. Поскольку корректировки были внесены Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Назарбаевым, он является соавтором текста. Герб, Гимн и Флаг являются символом Независимости и суверенитета страны. Я представляю свою страну прекрасным цветком, цветком единства, где каждый лепесток- это народы Казахстана, живущие в единстве. Как каждый лепесток неповторим и прекрасен, так каждый народ имеет свою историю, свой язык. Центр этого волшебного цветка наша столица Астана. Астана - это современный город, возведенный тружениками нашей страны, символизирующий мощь, силу и красоту Казахстана. Нашей столице в 1998 году присвоили статус « Города Мира ».

Успехи моей страны за годы Независимости огромны. И все они являются доказательством того, что в Казахстане живут истинные патриоты своей страны, которые сделали все возможное для процветания Родины

Я и мой ровесники с уверенностью и оптимизмом смотрим в будущее. Потому что наше государство и Президент Н. А. Назарбаев сделали все для того, чтобы мы стали достойными гражданами, патриотами своей страны, получили образование, отвечающее мировым стандартам, жили в свободной, мирной, дружной стране, где уважают традиции, обычаи и языки всех народов, населяющих Казахстан.

Я очень горжусь своей страной и люблю её:

Живи и процветай, мой Казахстан:

Цвети же, наша Родина,

Любимая страна!

На всей земле огромной

Такая ты - одна!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Божаканов Нуржан

10 сынып, әскери мектеп-интернаты КММ

Павлодар қаласы

Мұғалімі: Аханбаева С. Е.

Мен – Қазақстанның патриотымын

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы.
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,
Тағдырына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы,
Еске алуға қаншама,
Ауыр әрі қасиетті болса да...

«Патриот» деген сөз туған жер, туған тіл, туған дәстүр, туған тарихтың ажырамас бөлігі іспетті. Мен үшін жоғарыда айтылған құдіретті төрт ана адамның бойында патриоттық сезімді қалыптастыратын ең негізгі бөліктер. Патриот – өз Отанын, оның халқын сүйе біліп, сол халқының тілін, дінін, салт-дәстүрін қастерлей білетін, еліміздің болашағы, мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын нағыз ұлтжанды адам. Міне, осы қасиеттердің барлығы адамның бойында нағыз патриоттық сезімді тудырады. Әрине, патриоттық сезім адамның бойында бірден қалыптаспайды. Ең бастысы, адам дүниеге келгеннен бастап ана сүті арқылы өз ана тілін танып, сол тілде қоршаған ортаны таниды, көреді, біледі, одан әрі білмекке құштарланады. Яғни туған тілі арқылы білімін жетілдіреді. Осыдан біздің ана тілімізге деген сүйіспеншілігіміз артады. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды оның тарихын танып білеміз. Қазақта «Өзіңді ағалата алмасаң да, еліңді табалатпа» деген жақсы мақал бар. Бұл, ең алдымен, өзін қазақпын деп есептейтін адам ана тілін қадірлеп, қадір-қасиетін біліп, іске асыру – әркімнің басты борышы екенін танытады. Қай ұлт болмасын сол мемлекеттің, сол ұлттың ортақ қазынасын иемденуші болғандықтан, сол елдің баға жетпес қазынасын қастерлеп, тілін үйрену керек деп ойлаймын.

Патриоттықтың келесі бір бөлігі – туған жер, Отан. Туған жер жайлы жыр да, қара сөзбен жазылған шығармалар да әрбір халықтың әдебиетінде молынан кездеседі. Бұдан біз әр халықтың туған жерін ардақ тұтып, анасындай қастерлейтінін байқағандаймыз. Біздің қазақ халқы да туған жер қадірін жас ұрпақ бойына, санасына бала кезінен-ақ сіңіруге ұмтылғандығын туған жер

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

жайлы мақал-мәтелдерден, аңыздар мен батырлық жырларынан көреміз. Мен әскери мектептің тәрбиеленушісі ретінде Отанды қорғау – басты парызымыз деп санаймын. Оқытушыларымыз бізді еліміздің патриот ұландары етіп тәрбиелеуге барынша тырысады. Біз өзімізге Бөгенбай, Қабанбай, Махамбет, Шоқан Уәлиханов, Бауыржан Момышұлы және Отан үшін өмірін қиған көптеген қазақтың батыр да талапты нағыз патриот тұлғаларын үлгі етеміз. Сондай ұлтжанды, отансүйгіш азаматтарына еліктейміз.

«Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының мына айтылған қанатты сөздері курсанттардың ұраны болып табылады. Мен де осы айтылған асыл сөздерді өзімнің өмірлік ұраным ретінде ұстанбақпын. Келешекте мемлекетіміздің көркеюіне бар күш-жігерімді аямай, Отан алдындағы азаматтық борышымды адал орындағым келеді. Ол үшін қазақтың білімдар, талапты кадеті Шоқан Уәлихановтай бар ынта-жігерімді кемелді білім алуға жұмылдырып, өз еліме адал еңбек етпекпін. Келешекте мен де өзімнен кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай Қазақстанның патриот азаматы болатыныма кәміл сенемін.

Бөкей Жадыра

11 сынып, Баянауыл мектеп – интернат

Баянауыл ауданы

Жетекшісі: Рахимтаев Е.Б

Есірткі – ел қауіпсіздігі, әлем қауіпсіздігіне төнген қатер.

Адам баласы дүние есігін етіп ашқаннан бастап, оның денсаулығы әрбір жақын адамды толғандырады. Бала өсе келе оның тәрбиесін қатал түрде қолға алу ата – анасының атқаратын басты бір рөлі болып табылады.

Қазіргі жасөспірімдердің болашағы бізді алаңдатууда. Басты қауіп «есірткі» болып отыр.

Есірткі - ғасыр тажалы. Онымен қазір бүкіл әлем күресуда. Бірақ ол оңай алдырар жау емес екен. Күн өткен сайыншырмалып, ауруды ауыздықтауға қанша күш салса да оның жарасы асқынып бара жатқан секілді. Жасөспірімдердің осы жанға түсіп, тығырыққа тірілеуінің себебі неде? Қатігез әлемде пана іздеген бала ақша табу мақсатында есірткі сатып күнелткендердің құрығына оп – оңай – ақ түседі. Бала іші бауырына еніп, жылы сөйлейтін жылпостарға бауыр басып, дегеніне көне береді. Жеткіншектер үнемі әр нәрсеге, әркімге еліктегіш. Жұлдыздардың ішінен өзіне ұнағанын пір тұтады. Бір оның жұлдызы есірткінің дәмін тартып көргенін білсе, онда қалыспауға тырысады. Еліктеудің де жөні бар, қазақ «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

деп бекер айтпаған. Өнеріне табынамын деп, өмірінен көпшілікті тәнті етіп жүрген, үлгілі жанұяның мүшелері де есірткенің жетегінде кете барады. Нашақорлық өмірдегі қиындыққа шыдамаған сәтсіздікке төзе алмаған адамнан шығады. Нашақорлар біз мезеттік рахат үшін бүкіл өмірін сары етуге дайын. Бір рет шегіп немесе иіскеп көрген адамның нашаны өз еркімен тастап кетуі мұң. Сондықтан осы бастан есірткіден боймызды аулақ ұстайық.

Бұл есірткі – адамның қас жауы. Осы әсерлі затты адамдар ортақ шприц арқылы пайдаланып, нәтижесінде қаһарлы ауруға ұшырайды. Мұны пайдаланған адам арықтап, жұмыс істеу қабілетті төмендейді, жүйке жүйесіне әсер етіп өз әрекетіне жауап бере алмай қалады. Жаман әдеттердің бірі болып табылатын есірткіні қолдана отырып ол адам денсаулығына ғана емес, рухани жан дүниесіне де нұқсан келтіреді.

Есірткі түрлерінің әрқайсысының әсері әр түрлі. Ацетон және желілі секілді түрлі еріткіштерді иіскеп ләззат алатындар да бар. Нашақорлықтың бұл түрін «таксикомания» деп атайды. Таксикоманияға айналған баланың қимыл – қозғалысы босандау, әрекеттері баяу болады, орынсыз күле береді. Жиі иіскеу салдарынан еске сақтау, қабілеті өзгеріп ызақор болып кетеді. Мынадай халге душар болмау үшін есірткі қолданбас бұрын жақсылап ойлану жөн.

Өмір есірткісіз де қызыққа толы. Өнер мен спортты жаңына серік етіп, болашаққа нық қадам бас. Ертеңінді ойласаң – есірткіге жолама, жеткіншек! Ел қауіпсіздігіне, әлем қауіпсіздігіне төнген қатерді жояйық жас алаш!

Вайгант Полина

6 класса, школа №39

г. Павлодар

Руководитель: Сералинова Н.Т.

Страна, которую мы любим

Мой Казахстан – это самая дорогая, горячо любимая страна. Это Родина моя...

Сколько испытаний выпало на долю минувших поколений. Когда едешь по стране, пред тобой встает немало завораживающих картин красоты родной земли, её безбрежных просторов, белоснежных громад гор, лазурных гладей озёр... Народная память хранит и передаёт из поколения в поколение славные и трагические события в жизни нашего народа.

В Казахстане единой семьёй живёт пятнадцать миллионов человек, — представителей более ста национальностей и народностей. Я не перестаю удивляться тому, как дружно уживаются в нашей стране люди разных

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

национальностей, говорящие на разных языках, исповедующие разные религии. И всё это сопровождается не только хорошим отношением, но и симпатией друг к другу. На казахском, русском, уйгурском, немецком, корейском, татарском языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы радио и телевидения. Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы - народ Казахстана.

Многонациональна как наша страна и моя большая родня. Есть в ней и казахи, и татары, и лезгины, и русские, и корейцы. Для всех эта земля стала родной. Стремление к согласию живёт в крови каждого народа, но особенно оно развито у казахстанцев.

Щедра казахская земля, и характер у казахского народа то же щедр и гостеприимен. Всем живущим здесь нужно знать язык, историю и обычаи казахского народа. И пусть звучат над этой землёй напевы домбры, украинские и немецкие песни. Пусть танцуют люди польку и лезгинку. Народ Казахстана един. Это поможет сохранить мир на древней, прекрасной казахстанской земле. А мир – важнейшее условие будущего процветания.

Казахстан – страна больших возможностей, всего лишь полтора десятка лет назад ставшая независимой. Её развитие идёт большими темпами.

Сейчас мы только дети, но уже сейчас мы строим планы на будущее, мечтаем кем-нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу государству, приумножать богатства нашей Родины. Хорошо учиться, быть добрыми и щедрыми, уважать пожилых людей и сверстников, многое должно нас интересовать, мы не должны быть «глухими» к бедам и страданиям людей. Потому что именно таков наш Президент.

Мы уважаем нашего Президента – Нурсултана Абишевича Назарбаева, благодаря которому мы имеем возможность жить в мирной и благополучной стране. А что в жизни нужно человеку? Конечно, чтобы люди, засыпая, были бы уверены в том, что их жизни, их будущему ничего не грозит. Мы уверены в своем будущем, наш Президент сделает все для того, чтобы мы жили счастливо.

Я люблю мой Казахстан: мирный, свободный, многонациональный. Разве можно не любить такую страну? Мы гордимся прошлым нашей страны, посвятим жизнь её настоящему.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Власова Ксения

9 класс, школа №23

г. Экибастуз

Руководитель: Мищенко Н.Ю.

Слово о школе.

Каждая школа славна не числом,
а славою своих учеников.
Н.И.Пирогов.

Провинциальный шахтёрский город Экибастуз со своей историей и людьми. 26 школ, на первый взгляд, похожих друг на друга. Но ни стены, ни оборудованные кабинеты, ни количество интерактивных досок не сделают школу лучшей. Даже звание гимназии или лицея не определяет её успеха. Самое главное – это её ученики и учителя, которые прославляют и создают авторитет школе. У нас общеобразовательная школа № 23. В прошлом году мы отмечали двадцатилетний юбилей школы. Пусть она ещё молодая, но перспективная. В ней уже зажигаются юные звёзды-интеллектуалы, звёзды-спортсмены.

Так, в 2011 году наши ученики: Жакупова А., Забарина Ю., Бушина В., Порох А. - участвовали в республиканском конкурсе с научным проектом по гражданскому воспитанию «Я Гражданин» по теме: «Развитие спортивной инфраструктуры города через детские площадки» и стали победителями. Ребята подняли актуальную тему, заставив местные власти задуматься над вопросом обустройства детских площадок – ступени к здоровому образу жизни будущего поколения.

В 2012 году в спортивном мире Казахстана по вольной борьбе появилось новое имя – Анкичева Светлана. Она стала победительницей в Международных спортивных играх среди юниоров стран СНГ и Балтии. А в 2013 году она же выступает на Чемпионате Мира среди юношей и юниоров по разным видам спорта, и снова победа. Радость, гордость переполняли не только саму победительницу, но и тренеров, родителей, одноклассников, экибастузцев. Никто и не думал, что такая хрупкая девочка прославит свою школу, город, страну. Фото, интервью, статьи, классные часы с её участием. Скажите, что всё и сразу? Нет. Победа была не случайной. Это результат многолетних тренировок. Какими воодушевлёнными глазами смотрели школьники начальных классов на блеск её медалей, на Чемпионку Мира!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

А недавно, в феврале 2014 года, засияла в нашей школе новая звезда – Социалов Рауан. Он участвовал в Международных соревнованиях по компьютерным проектам «Компьютерная физика», проходивших в Москве, и приехал не с пустыми руками – с дипломом третьей степени. Тем самым наш одиннадцатиклассник открыл себе дорогу в большое будущее, его ждёт бесплатное обучение в любом вузе страны. И снова фото, интервью, статьи, его узнают на улице, его знает отдел образования и сам аким.

Эти ребята отличный пример для подрастающих школьников. Они гордость школы, их имена вошли в историю школы.

Я пишу Вам о своей родной школе, в которой учусь уже девять лет. И не раз моё сердце щемило от боли поражения школы, но оно же испытывало и трепет, и восторг, и гордость за маленькие шаги и большие достижения своих ровесников. Последние три года в нашей школе стало традицией чествовать победителей олимпиад, конкурсов, спортивных мероприятий на празднике «Парад звёзд». И, хочу заметить, с каждым годом число засиявших звёздочек становится всё больше и больше. Наверное, это что-то значит!

Ғазизов Зейнолла

7 сынып, Ы. Алтынсарин атындағы гимназия
Павлодар қаласы

Мен Қазақстанның патриотымын

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып еткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы. Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді.

Жаңа Тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық. Әрине, тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарақтай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірін қиып, қанды шайқастарда қаза болды. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

емес еді. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез танданамын. Аталарымыздың сол қасиеті елге- мұра, ұрпаққа-ұран болып келе жатыр. Ұлт –азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық. Желтоқсан оқиғасы біздің жадымызда. Біз оны көрмегенмен, үлкендер мен апайларымыздың айтулары, теледидардағы деректі фильмдерден жақсы білеміз. Алматының алаңында өткен желтоқсан қырғынының жазықсыз жаласына ұшыраған «қасқалдақтай қаны, бозторғайдай жаны» бар жанкешті жаужүрек жас Қайраттай ағаларымыз болды. Қайрат, Ләззат сияқты аға-апаларымыздың желтоқсанның ызғарында жасаған ерліктерімен, олардың аттарын атамай кетпеуге болмайды. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақтың» деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қуат беріп патриоттық сезімін оятары анық. Жыл сайын желтоқсанның 16- да мектебімізде, сыныбымызда әрдайым тәуелсіздік жолында жанын сарп еткен қайсар рухты батырларымызды еске алуға арналған түрлі тақырыптарда тәрбие сағатын өткізіп тұрамыз. Бұл игі шара ата, аға-апаларымыздың ерліктерін ардақтап, лайықты құрмет көрсету- перзенттік парызымыз деп білемін. Мектеп оқушысы болсам да Қазақстанның болашағы үшін, оның одан әрі дамып, көркейіп, гүлденіп 50 елдің қатарына қосылуына, мен де өз үлесімді қосқым келеді. Қандай да бір жақсылық болмасын, қиындықпен келетінін білемін. Дегенмен де, қиындықтарға мойымай, әрдайым қарсы тұрып жеңе білу керек. Халықта мақал бар: «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады». Иә, шынында да, біздің халық тарихын ғасырлар бойы жаспен жазып келеді. Тәуелсіздік жолы- азаматтық жолы. Тәуелсіздік келді, енді бәрі болады, бәрі орнына өзінен- өзі толады деп, жігерінді құм етуге болмайды. Абай атамыз айтқандай, мал табу жолына түсу керек. Тәуелсіздік жолы- азамат жолы. Егемен елдің азаматы- арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Тәуелсіздік жолы- үміт жолы. Біз бостандық алған елден күтеріміз аз емес. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен жарқын болашақты күтеміз, кейінгі ұрпақтан ата-баба аңсаған игі мақсатының орындалуын күтеміз.

Біз тәуелсіздіктен аға ұрпаққа әлеуметтік қорған болуын күтеміз. Басқаша айтқанда, біздің ата- бабамыз аңсаған заман тәуелсіздікпен байланысты. Жаңа ХХІ ғасырға бет алған сәтте нарықты экономиканың күдіретін де көруіміз керек. Біз осындай қоғам жасайтын болсақ қана тәуелсіздік баянды болады. Біз қазақ, ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз. Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз- тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен де, жүрдік кейде жолға түскендей болдық, бірақ

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

тығырыққа тіреле бердік. Осыдан 22 жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол тәуелсіздік даңғылы. Тәуелсіздік сапары тәуекелді керек етеді, жол көлігі керек, жол серігі керек, жол азығы керек, алыс жолға тәуекел етер жүрек керек, тірек керек жол бастайтын көсем керек. Біз тәуекел қайығына міндік, тәуелсіздік даңғылына түстік, 22 жылда басқа халықтар ғасырлар бойы өткен жылдан өттік.

Тәуелсіздік- тәу етер жалғыз кие. Дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халықта жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз- тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат- қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу. Тектілердің тұяғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз- тыныштықта, Отанымыз еркіндікте. Аз ғана жылда аспанның астын жайнатып, Астана- шаһарын тұрғызды. Елдің бірлігі артып, берекесі кірді. Іргеміз тыныш. Түндеріміз- бейбіт. Күндеріміз нұрлы. Мектеп оқушысының қолынан не келеді деп ойлауларыңыз да мүмкін. Теледидарда Елбасы Нұрсұлтан атамыз айтқандай, елдің болашағының көркейіп, гүлденіп одан әрі дамып, өркендеуі- біздің қолымызда. Яғни, болашақтың жастары мына біздер, бүгінгі бүлдіршіндер мен жас ұрпақтар. Елімізді әлемге танытып, Елбасымыздың жолдауындағы жұмыстарды атқару үшін, алдымен жақсы білім алып, тәлімді, тәрбиелі болуымыз қажет. Әрбір адам өз алдына мақсат қояды. Менің де өзімнің алдыма қойған үлкен мақсаттарым бар. Мектептен жақсы білім алып одан әрі білімімді жалғастырып, елім үшін еңбек ету. Қазақта «бақыт» деген ұғым бар. Мен бақыт дегенді былай түсінемін. Ол- сенің тәуелсіз Отаның, Ұлы тұғырың. Бақыттың кіндігі- Отан. Елімнің көркейіп, гүлденуіне өз үлесімді қосып тәуелсіз елім үшін, отаным үшін, елімнің тыныштығы мен сәбилердің күлкісі үшін, бар өмірімді күш- қуатымды жұмсап жұмыс жасасам. Еліме пайдамды тигізіп, халқым үшін еңбек етсем менде одан артық бақыт болмас еді. Аға- апаларымыздың қиындықпен өздерінің жас өмірлерін қиып алып берген тәуелсіздіктің туын, біздер әрдайым биік ұстауымыз керек, әрдайым биік ұстаймыз да дегім келеді. Менің елім, менің жерім, жыр етемін тамсанам, Елміз біз де ғасыр бойы тәуелсіздік аңсаған. Көк байрақтың астындағы шуақтанған арайлы, Қуанышын мол бақытын сыйлайтындай таң саған. Бізге өз тәуелсіздігіміз қымбат.

Неге дейсіз ғой ? Ол бізге қымбат- ата- бабаның рухын көтергені үшін! Ол бізге қымбат- сөнген мемлекетіміздің отын маздатып жандырғаны үшін ! Ол бізге қымбат- елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымға ендіргені үшін! Ол бізге қымбат- ата тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, ділімізді қаз- қаз тұрғызып «қазақ» деген атауға қан мен жан кіргізгені үшін! Ол бізге қымбат- «Отан» деп жүрегімізді қақтырғаны үшін! «Елім» деп елеңдетіп, «жерім» деп желпінтіп, барша алпыс екі тамырымызды игізіп, ата жұртын сүйдіргені үшін!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Жиырма екі жыл! Тәуелсіздік елімде, Бақыт құсы самғап ұшты көгімде. Қазақ деген ғажап халық қашаннан, Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде. Тәуелсіздік ақ батасы атамның, Күлімдейді менің Байтақ Отаным. Жан жылытар сәбидің шат күлкісі, Қашаннан қалған сынығымын мұраның. Тәуелсіз қазақ елінің Ақордадай «Астана» атты рухани тұғыры бар. Ол бірлігімізді, тірлігімізді әлемге айшықты айғақтап тұр. Астана- тәуелсіздіктің тақ- тұғыры. Қазақ елінің дербес ел болуына орай байтақ та бағалы елден бата алған Нұрсұлтан Әбішұлындай Елбасының ел билігін ұстауы, біз сияқты ұрпақтарының бағы деп білемін. Тәуелсіздік тұғырын тарихи ерлікке жалғастырған Елбасымыздың парасаттылығы, ойшылдығы деп түсінемін. Елорда бірліктің, ерліктің арқасында қарыштап дамудың айқын дәлелін көрсетті, әрі бүкіл әлем назарын өзіне аударды. Сондықтан тұғырлы тәуелсіздік елдің тұғыры биік, бірлігі бекем, ерлігі ерен болуына тамшыдай болса да өз мүмкіндігімше үлес қосу үшін, білімді терең меңгеруге ұмтылудамын. Санам- сақ, халқымның- жақ боларына сенемін. Өйткені, мен тұғырлы тәуелсіз елдің тұяғымын. Халқымыз «тайында тасқа байла» деген. Тағдырдың тас қамалын бұзуға, білімді, өнерлі болуға күш- жігерімді жұмсаймын. Бүгінгі таңда осындай бақытты, барша әлемге үлгі бола алатын елде тәрбие, білім алып жатқанымға өте ризамын. Тек әрдайым еліміз аман, аспанымыз ашық, көк байрағымыз биікте желбіреп, жас ұрпақ өз елінің патриоты болып, әрқашан Қазақстанды мақтан тұтсын деймін. Аспанында жарқырайды арай күн, Бұлтыңа да қызығумен қараймын. Болғаннан соң тәуелсіз, ел түлегі, Мен өзімді бақытты ұл деп санаймын. Менің елім- Қазақстан! Осынау құдіретті сөзді біздің елдің әрбір азаматы асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алатыны анық.

Денисюк Анна

11 класс, СОШ № 3

С.Иртышск

Руководитель: Сарсембаева Г.А

В традициях - душа народа

Что же это за уникальное явление – Казахстан? Неужели это только необъятные просторы, синие реки, изумрудные леса? Нет, конечно. Прежде всего - это разные народы со своими красивыми старинными обычаями, традициями и нравственными законами. Я родилась на севере Казахстана, в Иртышке, который щедро одарен природными красотами. На этой земле мои

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

предки живут с глубокой древности. И я вижу, как живет мой народ, каковы его обычаи и традиции.

Традиции и обычаи – это отражение сущности нации, показатель того, чем она живет, о чем думает, во что верит. Казахские устои также не являются исключением из этого определения. Они веками складывались из казахского кочевого образа жизни и прошли сквозь время, пространство и все преграды, которые ставило перед ними время, и дошли до наших дней некоторые в своем неизменном, а некоторые и несколько деформированном состоянии. Но сам факт того, что сегодня казахский народ помнит и чтит пусть не все, но все же большинство своих традиционных обрядов, является несомненным плюсом и для дальнейшего развития нации. Независимо от того, что люди имеют сейчас, то, что было завещано им предками, безусловно, стоит особого внимания и подробного изучения. Ведь не с пустого же места появились всевозможные верования, обряды и обычаи. С традициями народ передает из поколения в поколение свои знания и наблюдения, а молодежь, черпая эти наблюдения, делает свои выводы и, естественно, начинает относиться к миру уже не как новорожденный птенец, а как бывалый орел, многое повидавший и многое испытавший на своем жизненном пути.

Каждое поколение казахов, вне зависимости от эпохи и условий, в которых оно жило, свято выполняло наказ далеких предков, выраженный в пословице "Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа" (Хоть шесть лет голодай, но обычай отцов не забывай). Национальные обычаи казахского народа уходят корнями в языческие культурные традиции Великой степи. С распространением ислама казахи переняли и основные религиозные праздники и традиции арабского Востока, которые, появившись в Центральной Азии, изменились, включив и местные обычаи.

Казахские обычаи и традиционные праздники поражают своей красочностью, богатством смыслового наполнения и в полной мере отражают сущность казахского национального характера - открытого, гостеприимного и стремящегося жить в гармонии с окружающим миром.

Я поистине горжусь тем, что я гражданин Республики Казахстан. Горжусь своей историей, территорией. Именно на территории Казахстана шли многочисленные войны, так как Казахстан является воротами в Азию, выгодное географическое положение еще одно преимущество нашей родины. Обретение Казахстаном Независимости подарило многим национальностям, проживающим в республике, возможность сохранить родные языки, традиции и обычаи.

Я живу на родине великих поэтов Исы Байзакова, Аманжолы Шамкенова, Мубарака Жаманбалинова. Этот удивительный, прекрасный край вобрал в себя столько понятий, красочных открытий, уникальных памятников,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

традиций и обычаев, что говорить о нем можно бесконечно. Казахстан – многонационален. Сейчас под гостеприимным, мирным казахстанским небом живет большая и дружная семья: казахи, русские, татары, ингуши, чеченцы, поляки, украинцы, немцы. Сегодня по предложению Президента Нурсултана Абишевича в стране создана и активно работает Ассамблея народов Казахстана. И все слова о дружбе, согласии находят свое подтверждение в мудрой политике, проводимой нашим Президентом. Только в моей родной школе обучаются представители более 20 национальностей. В жизненных невзгодах, в нелегком труде, в буднях и праздниках у нас существуют культурные центры народов востока, казахский, русский, белорусский, греческий. Они несут нам свою культуру, сохранив свои обычаи и традиции.

Множество ценностей таит в себе наша Иртышская земля. Вот и старшее поколение, проявив инициативу и показав пример молодежи, создали свои музыкальные ансамбли. Творческие ансамбли бабушек «Ақ әжелер» и русский хор ветеранов «Ардагерлер» любят в селе Иртышск за их оптимизм и стремление развивать традиции своего народа. Несмотря на то, что они созданы не так давно, наши бабушки уже громко заявили о себе. В репертуаре – казахские, русские, украинские, молдавские народные песни, фольклорное творчество. Они частые гости нашей школы. Знакомят наших ребят с многочисленными обрядами, традициями, отражая различные стороны материальной и духовной жизни народов, проживающих на казахстанской земле.

Ведь стремление к человеческому согласию, в которой прекрасно уживаются и русские, и казахи живет в крови каждого народа, но особенно оно развито у нас, казахстанцев. Это порождено щедростью казахской земли и характером самого казахского народа, распахнувшего широко душу всем, кого волею судьбы забросило в эти суровые края.

Мы чтим историю своей страны, ее уникальную культуру. Старейшины говорят, что если ты не знаешь ничего о своей стране, то ты похож на человека, потерявшего память. Не зная прошлого, невозможно понять настоящее и тем более строить будущее.

Я люблю свой народ за гостеприимство. Люблю, когда собирается вся моя родня. Для моих родных крепкая семья, здоровье близких людей, счастливые глаза внуков – настоящий капитал. И богат тот, кто это имеет. Они ведут неспешную беседу, поют наши национальные песни, танцуют, так как танец способствует сближению людей, хотя считается предосудительным и недопустимым прикосновение мужчины к девушке в танце, даже если они — родственники. Каждый день, общаясь с друзьями-казахами, я узнаю много нового об их традициях, народных песнях, культуре. И сегодня в нашем доме, наряду с белорусскими дранниками на столе стоят казахский бешбармак,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

русские блины, украинские вареники, а моей бабушке больше всего нравятся лирические казахские песни под домбру, особенно «Көзімнің қарасы» Абая.

Я ощущаю духовную близость с этим народом, я уважаю казахов, которые в трудные годы истории не только смогли выжить, но и не потерять свою самобытность, свою культуру, стать добрыми соседями и друзьями со всеми другими народами. И я абсолютно ощущаю свое единение с этой страной, со всем народом. И не подумайте, что я такая восторженная, просто я так люблю свою Родину. Каждый из нас по-своему пытается исполнять наказ И. Алтынасарина: «Долг каждого из нас – внести посильную лепту на пользу своей Родине». Поэтому наша задача – не менять взятого курса и всем вместе, поддерживая политику нашего Президента, продолжать строить Независимый Казахстан.

В большинстве стран, в том числе и Казахстане обычаем является уважение к старшим. Это добрая традиция народа передаётся с другими прекрасными привычками и качествами народов. Так по этому обычаю детей с ранних лет приучают быть приветливыми, сдержанными и добропорядочными в отношении со старшими, а также грубо с ними говорить, прислушиваясь при этом к их мудрым советам.

Значит, мир и согласие на нашей земле это результат искреннего родства и мудрости, проживающих здесь людей, за чьими плечами своя далекая, как сейчас говорят, историческая родина. Восприятие Казахстана как Отечества, одинаково присуще как самому казахскому народу, давшему название этой земле, так и всем другим народам, живущим на этой многострадальной земле, и тогда, когда встал вопрос о том, как будет называться наша страна, решение было самое мудрое – Республика Казахстан. А все мы гордо – казахстанцы.

«Знание чужого языка и культуры делает человека равноправным с этим народом, он чувствует себя вольно, и если заботы и борьба этого народа ему по сердцу, то он никогда не сможет остаться в стороне», - так когда-то сказал великий Абай. И сегодня, на заре двадцать первого века, оставив позади все тяготы, лишения, горести и беды двадцатого века, я могу сказать: «Да, эта земля, сама испытавшая все тяготы и унижения в своей истории, сегодня стала самой лучшей и любимой для меня, мои родители и деды перенесли все невзгоды вместе с этой землей, и сегодня она стала моей родиной, и я никуда никогда отсюда не уеду, здесь моя жизнь».

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Джимбаева Зарина

10 сынып, № 25 қазақ қыздар гимназия
Екібастұз қаласы

Туған жер!

Әр адам баласында алтынмен, ақшамен өлшенбейтін бір түсініктер бар. Отан, ата-ана, ар-ұждан, махаббат, - деген ұғымдар ешқашанда өлшенбеген және олар туралы түсінік мәңгі өзгермек емес. Отан дегеніміз – туып-өскен жерің, білім алған ордаң, туған –туыс екенін, бала кезден құлағымызға құйып келеміз. Мен осындай жаны жайсаң, жүздері жарқын ұлттың өкілі болғанымға қатты қуанып жүремін. Осындай қонақжай халықтың, жерінің де қонақжай, бай екеніне таң қаламын.

Жусан исі аңқыған даланы, бетегелі белдерді қай жерде жүрсем де, жадымнан шығарған емеспін.

Туған жер қандай адамға болсын өте ыстық болатынын, алысқа сапар шеккенде, не болмаса, алыс бір жаққа кеткенде, сезінетін кездер жиі болып тұрады. Сол туған жердегі туған – туыстарды, құрбы-құрдастарды сағынып, құстай ұшып келетін сәттер, туған жерге деген махаббаттан туындап жатады ғой,- деп, ойлаймын. Сол жердің ауасы да, ағашы, тіпті тасы да көзіңе ыстық болып көрінеді. Басқа жерлерде де әдемі таулар, айдын көлдер болса да, өзіңнің балалық шағың өткен жерден, ыстық жер болмайтын сияқты.

Осындай жырды, қаламының ұшына қыдыр дарыған, ақиық ақын - Қасым-аға Аманжоловқа, туған жері шабыт бермесе, нәзік те лирикалы жыр тумас еді ғой.

Білім алған мектебің, әріп үйреткен ұстаздарың да, біздер есейгенде, туған жерге келіп, бір жақсы игілікті іс істесе, қажет кетікке кірпіш болып қаланса, - деп, тілейді. Сондықтан да, сол сенімдерді ақтау үшін туған еліңе, жеріңе деген сүйіспеншілік болу керек. Сонда ғана, Отан деген ұғымның қадірін білетін боламыз.

Шет елдерде тұрған талай адамдар, туған жеріне келе алмай жүргенін естігенде, туған жерге деген - құрмет тіпті арта түседі. Адам баласы қуанса да, қайғырса да, туған жерінен, туған – туыстарын жасырған емес.

Тіпті, мәңгілікке сапар шегер болса да, туған жерден бір уыс топырақ бұйырса екен,- деп, армандайды екен. Қытайдан, Ресейден, Монғолия, Түркиядан келген қандастарымыз, елдеріне қайтарда, бір уыс топырақты орамалдарына түйіп алғанын көргеніміз бар еді. Ия, туған жерінен топырақ бұйырмай, шетте қалған адамдар қаншама десеңізші!!!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Ұрпақ үшін туған жерді қорғаймыз,- деп, бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, Атырау мен Алтайдың алпыс күндік арасын атпен қорғап, бізге аманат етіп тастап кетті емес пе? Қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбайдай бабаларымыз қорғанған жерді, қастерлей аламыз ба, деген ойлар, кейде маза бермейтіні шындық. Егемен болып, ел болғанда, көк байрақтың астында туған жерде, туған тілде шығарма жазуым да сол бабалардың еңбегі емес пе? Туған жерін анасын сыйлағандай сыйлайтын, аталардың өнегесін жалғастыру үшін, ұлтты жанындай сүйетін азамат болу керек.

Олай дейтінім, көк бөрінің тұқымдары, көк байрағымызды олимпиада ойындарында көкке көтергенде, жүрегіміз жарылардай қуанатынымызды жасырмаймын.

«Әркімнің туған жері – Мысыр шәрісі» - дегендей, жер жәннаты - Жетісу, қойны кенге толы - Қарағанды, энергия қуатының орталығы аталған – Екібастұз, Алатаудың баурайында орналасқан әсем - Алматы, екінші Швейцария атанған – Бурабай , ертегі еліндей еркеп елжіреген Баянауылдай жерлеріміз туралы айтып тауыса алмаймыз. Міне, осындай сұлу жерлерді қадірлей алмасақ, онда елдігімізге сын болар еді.

Туған жерімізде Кеңес үкіметі орнағанда, қой бастайтын серкелерді атып, болмаса, Сібірге айдағанын тарихтан оқып, біліп жүрміз. Коммунистер қолдан жасаған аштықтан, халқымыздың жартысынан көбі қырылғаны туралы, қазақ ғалымдары мен тарихшыларының оқығаным бар еді.

Сондай замандарда ұрпағын аман сақтап қалу үшін, туған жерін тастап, шет елдерге кеткен қандастарымыз көп-ақ болатын. Кейін Отанына оралып, туған жердің топырағында жатуды аңсаған бабалардың арманы да орындалды.

Туған жерге деген сағынышын қара сөзбен жеткізе алмаған, Қытайдан келген атамның бір өлеңінен үзінді келтіруді жөн санадым.

Жоғарыда атамыз айтқандай, текті атаның тұқымы, туған жерге деген махаббатын, ешқашан да естен шығармайды. Соңғы демің біткенше, Отаныңа қызмет істегеннен артық бақыт та, баракат та бола қоймас. Көне көз қариялардан естіген әңгімелерден ғибрат ала отырып, туған жердің қандай ыстық болатынын білдім.

«Отан үшін отқа түссең күймейсің», - деп, Бауыржан Момышұлы атамыз айтқан екен. Туған жерден қанат қағып ұшсақ та, ертең бәрімізді де сол жердің ұрпағы екенімізді ұмытпай жүргеніміз, Отанға деген сүйінпешілікпен астарласып жатқанын көрсетеді. «Өзге жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», - деген қанатты сөздер біздің жадымыздан шықпай, өз елімізге құрмет жасауға шақырады. Өз- өзіңді сыйласаң жат жанынан түңіледі,- деген аталардың сөзі де текке айтылмаса керек.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Сондықтан да, барлық жастарға туған жерге деген сүйіспеншілікті жастайынан сіңіре берген абзал болар деген ойлар келеді. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адасқан дұрыс,- дегендей, көпшіліктен ажыраған адамдар, бақыттың не екенін білмейді. Туған елмен ғана тұғырлы болатынымызды, - жадымызда сақтағанымыз абзал шығар, құрметті менің замандастарым!

Әрине, біз өзімізді бақытты жастармыз,- деп мақтанышпен айта аламыз. Себебі, туған жердің топырағында, туған тілімізде сөйлеуімізді мақтан тұтуымыз керек.

«Қазақстан–2050» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асырудағы 10 ілкімді идеяны қамтиды. ХХІ ғасырды Қазақстанның алтын ғасырына айналдыру мақсатында еліміздің жарқын жолы-Мәңгілік ел болу үшін қазақстандық патриотизмді, сонын ішінде Қазақ тілі-ортақ құндылығымыз. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды!

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп, Қ. Мырза - Әли атамыз айтқандай, басқа тілге құрмет көрсете отырып, ана тілімізде сөйлесек, басқаларға да үлгі болады ғой деп ойлаймын. Осылай, туған елге, жерге деген сүйіспеншілігімді сөзбен айтып жеткізе алдым ба, жоқ па, оған төреші – сіздерсіз, оқырман қауым,- дей отыра , шығармамды жүрек жарды өлең шумақтарыммен аяқтаймын

Дорошенко Юнеса

6 класс, СОШ № 39

Руководитель: Сералинова Н.Т.

Мой Казахстан

Страна моя, мой Казахстан!
Люблю твои я степи, реки и леса.
Твои просторы для меня –
Отрада для души,
А ты сама страна любимая моя.
Тобой гордится, буду вечно я,
Ты для меня как мать,
Одна единственная вечно.
Тобой всегда гордится, буду!
Тебя я в жизни не забуду!
Гордись и мной страна моя!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Я обещаю,
Трудиться честно буду я!
Любить тебя я буду вечно,
Ты относись ко мне сердечно!
Люби всех нас, страна!
С тобой мы вместе, до конца.
Мой Казахстан!
Я люблю твои горы и леса!
Пусть пройдут года,
Пусть пройдут века,
Сохраним тебя навсегда.
Страна моя, мой Казахстан!

Ерекбұлан Жанар

11 сынып, №10 лицей-мектеп

Ел азаматы болу - парыз

Ежелден ел жайлаған-Атамекен,
Жаз жайлау, қыста қыстақ мекен еткен,
Барымталы, жортуыл замандарда,
Қан төгіп, қорғап қалған жұмақ екен...
Еркебуланов. Қ.Қ.

Менің елім – менің Қазақстаным! Осы құдіретті сөзді Қазақстан Республикасының әрбір азаматы асқақ сезіммен, мақтанышпен айта алары хақ... Өйткені біздер, асқақ арман жетегінде, отаншылдық рухты ту еткен ұлт пен ұлыстардың ұл-қыздары, қасиеттіқазақ топырағында өсіп-өніп, мекен етіп, береке-бірлікте, достық қарым-қатынаста, тыныштық пен татулықта өмір сүріп жатырмыз. Біз осы тыныш тіршілігімізде елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы жан жақты ойлап, кемел ойлы, кемеңгер ата-абаларымыздың жолымен жүрген ақыл-парасатының, азаматтық саясатының нәтижесі деп білеміз. Отансүйгіштік рух-қазақ елінің өркениетті елдер қатарына қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Отансүйгіштік сезім өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келді. Кейде, шіркін, бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан –байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қалай аман сақтаған деп таңданамыз?!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Шынында, талай зобалаң кезеңді бастан кешірген қазақ жері “ Найзаның ұшымен, білектің күшімен ” өзінің жер көлемін сақтап қалған.

Туған жердің таулары мен шындары маған ыстық. Әр адамның өз ортасы, туған жері болады. Менің де өз ортам, туған жерім бар. Оны қорғау, сақтауменің міндетім. “ Туған жер- тұғырың ”- деді халық. Әрине, елді, жерді, Отанды жырламаған жырау сөз етпеген шешен жоқ. Жерінің бүтіндігі мен елінің еркіндігі үшін күресіп, кеудесін оққа тосқан батырлар қазақ тарихында аз болмаған. Олар елінің мақтанышы.

Туған ел - асыл қазына. Ал осы қазынаны біз көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет. Отаным,елім-қазақ елі екенін мәртебе санаймын.

Қазіргі кезде біз ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Білім алуға біз үшін мүмкіндік мол.

Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан өз тәуелсіздігін алды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен әр жыл ел дамуына ерекше орын алатын бағыттарға арналып,тарихымыз таразыланды, бірлігіміз бекіп, мәдениетіміз өсіп, денсаулық саласы нығайып келеді. Осының бәрі-тұңғыш рет әлемдік дәрежеге көтерілген мемлекеттің түтінінің түзу шығарып, іргесін бекітудегі алдыңғы толқын ағалардың жиырма жылда атқарған жұмыстары. Ендігі жерде сол алдыңғы толқыннан үйренетін,үлгісін, тәлімін алатын, қанатты ісін жалғастыратын дәстүр біздің еншімізге де тигелі отыр. Сол жақсы үрдісті жалғастыру біз үшін перзенттік парыз болып саналады.

Бірлігі жарасқан елді қорғайтын ,әрине, әскер.Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқару әрбір қазақ азаматының аса маңызды әрі құрметті міндетінің бірі болып табылады. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету - Отанымызды қорғаудағы қасиетті борышыңды өтеу деген сөз.Отанды қорғауды біздің елімізге шабуыл жасаған сыртқы жаулармен қарулы күрес деп қана түсінбеу керек. Біз Отанымыздың күш-қуатын нығайта отырып, оны бейбіт уақытта да қорғауға ат салысамыз.

Қазір енді Отан қорғаушылар қатарында Ұлы Отан соғысы қаһармандарының немене- немерелері, шөпшектері тұр. Олар бабалары мен аталарының үлесіне тиген қатал сыннан өткен жоқ. Әйтсе де олар армиямыздың, халқымыздың қаһармандық дәстүрлеріне адал, еліміз қауіпсіздігінің, бейбітшілікті қорғаудың мүдделері талап еткен, агрессия құрбандықтарына көмектесу керек болған әрбір сәтте қазақ жауынгері дүние жүзінің алдында қандай да болсын қиыншылықтарды жеңуге әзір тұратын, қалтқысыз, әрі ержүрек патриот, интернационалист ретінде көрінеді.

Қазіргі армия жауынгердің ерлік-жігері мен психологиялық төзімділігіне үлкен талап қояды. Ол әскери техникаларды, оның ішінде өте

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

күрделі әскери машиналарды, ракета комплекстері мен радио электрондық жүйелерді, атомдық сүңгуір қайықтары мен дыбыстан жылдам ұшатын әуе кемелерін шебер меңгере білуі керек. Бұл жерде жауынгердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігі қажет. Ал әскери тәртіпті білу, оны орындауға әзір тұру - өзіңнің жеке басыңды қалыптастыру мен әскери қызметке дайындалу жолындағы маңызды қадам деген сөз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-бабында былай деп жазылған: “ Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады”.

«Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде сұлтан бол» деп атам қазақ аталарымыз айтып кеткен.Туған жерімізді аялап өтейік. Нәзік жүрегімізбен, өзіміздің сүйіспеншілікті сезімімізбен Отан тыныштығын қорғап жүрген ер жігіттерді қолдай-қолпаштай білейік. Өзі жақсы көретін, оның ісіне сенетін, қадір тұтатын жандардың барында олар да елдің азаматы болуға дайын да, лайық болады.

Ата-баба аманатына сай ұл-қыз болайық. Ел болашағы – біздің қолымызда. Ұлтын, елін, Отанын сүйген жүрек ешқашан аяғын шалыс баспайды.

Жанабаевна Алия

9 сынып, Еңбекші жалпы білім беру орта мектебі
Железин ауданы, Еңбекші ауылы
Жетекшісі: Жанар А. Ж.

Мен - өз елімнің патриотымын

Мен тәуелсіз Қазақстанның қыранымын, өз елімнің аман-сау алып қалу үшін өз өмірлерін қиған ағаларымыздың үкілген үмітін ақтап, туған халқымызға адал қызмет етуге уәде беремін.«Тамшы телегей теңізге айналады» деген сөзді қазақ атам тауып айтқан сияқты. Сонау XV ғасырдағы жер көлемі алақандай ғана қазақ елі бүгінде телегей теңізге, әлем мойындаған патшалыққа айналды. Ел басып ,еңсемізді көтеріп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, өркениетке қанат жаю үшін әлемдік табыстарға қол созып, дамыған елдер қатарына көріндік, тәуелсіздік жалауын жалтаң өмірдің атжал айдынында асқақ биікке көтеріп, айбынымызды жаһанға таныттық. Осының мәні Керей мен Жәнібек бастаған сара да, дана да жолды, елді бір тудың астында ұстай білген білгір саясатын Елбасымыздың, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, асқан көрегенділікпен жалғай білуінде

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

десем артық айтқаным емес. Елбасы деген кім? Елбасы дегеніміз – туған халқына деген жауапкершілікті өз мойнына алған, ел ішіндегі тепе-теңдікті сақтаушы, халық өміріне тиімді деген бастамаларды бастайтын және бір жүйеге бағындыратын адам. Менің елбасым мөп-мөлдір, таза суға ұқсайды: ішсең, шөлін қанады; қарасаң көзін тояды. Әрі сол судан дидарынды көре аласың. Бұл нені білдіреді? Бұл президенттің өзгеге үлгі болар асыл қасиеттерін, халқына деген таза, пәк махаббатын аңғартады.

«Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба да солай жүреді» дейді арғы аталарымыз. Көш басындағы елбасының асыл қасиеттеріне, ел билеудегі небір дана ойларына қарап, ел болашағының жарқын болатынына, жас ұрпақтың қисық емес, түзу ағаш болып өсетініне мол сенемін. Адам баласы тәуелсіз, еркін дербес өмір сүргенде ғана жан рахатына бөлінеді. Елбасы сол рахатты халқына сыйлай білді. Соның арқасында біз бүгінгі күнге дейін тәтті шәрбаттің дәмін татудамыз. Өзім де жас болғандықтан, басшымыздың жастарға арналған «Болашақ» бағдарламасы, «Дипломмен ауылға» жобасы және тағы да басқа сан алуан істері жастар өмірін түбегейлі өзгертіп, болашаққа нық қадамдар жасауына септігін тигізеді. Осы арқылы мен өзіме, жастарға деген қамқорлықты сезінемін. «Жастарға қамқорлық – ел болашағына деген қамқорлық». Елбасының «Еліміздің келешегі – жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді. Еліміздегі қалыптасқан ұлыстардың арқасындағы береке мен бірлік, сыйластық, достық қарым-қатынастың орын тебуі, қазақ жұртының руға, жүзге бөлінбей, тәуелсіздіктің нұрлы шапағымен бойындағы адамкершілік деген дегдар сезімін өмірлік жарық етіп тұтынуы президентінің сындарлы саясатының арқасы екені хақ. Егер әлемнің картасын алып қарасақ, Еуразия материгінің дәл жүрегінде мен үшін өте ыстық, өте әдемі жер орналасқан ол – Қазақстан. Мен үшін Қазақстанның қыр жерлері де, суық аяздары да, терең сулары да қымбат, осы жерде менің ата – бабаларым туып-өскен, олардың тарихы – менің тарихым, оардың туған тілі – менің туған тілім.

Менің елім ерекше ел, себебі тек біздің елімізде мамырдың бірі күні үлкен халықаралық мереке болады, барлық елдер өз ұлттық киімдерін киіп, өз ұлттық тағамдарын дайындап, әртүрлі тілдерде керемет әндер әндетіп, әр ұлттың ұлттық биін билейді. Сонымен қатар, тек біздің елімізде осындай жоғары деңгейде «Наурыз» деген керемет мерекесі тойланады.

Менің елім ерекше ел, өйткені менің елімде ұлы, дара, дана адамдар өмір сүрген: ұлы ақынымыз Абай Қ., Шоқан У., Сәкен С., Қаныш С., Ыбырай А., Мағжан Ж., Ахмет Б. Және т.б. көптеген бүкіл әлемге әйгілі адамдар. Тек менің елімде Алматы қаласында сондай дәмді алмалар өседі, тек біздің қазақ әжелеріміздің бауырсақтары сондай тәтті, тек біздің суреттерімізде жап-жасыл жайлауда қазақтың қасиетті жануары жүйрік, әдемі аттары жайылып

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

жүреді, киіз үйдің қасында үстел басында адамдар шай ішіп, әңгімелесіп отырады. Барлық осы жағдайлар мен үшін қымбат, мен үшін ыстық.

Алғаш рет мен қолымды жүрегіме қойып Қазақстанның әнұраның айттым, сол кезде жүрегімде, бір сөз айтылмайтын сезім пайда болды. Мақтаныш па? Қобалжың ба?... Осы сезім менің жүрегімде мәңгілікке қалады.

Теледидардан Азия олимпиадаларын қараған кезде, біздің туымыздың бірнеше рет көтерілуін көргенде, менің қуанышым қойныма сыймай, тіпті, бақыттан жылағым келеді. Мен өз елімнің нағыз патриотымын деп үлкен мақтанышпен айтамын. «Патриот» деген сөз мен үшін, өз елін жақсы көру, қадірлеу, қорғау, өз елін үшін көп еңбек ету, елдің қамын ойлау деген сөз. Бәріміз бірігіп, қол ұстасып, тату-тәтті өмір сүруге тырысу керекпіз және әрқашан бір-бірімізге қол ұшын беріп көмектесуіміз керек. Менде ең басты арманым бар: адамдар арасында татулық пен бірлік ешқашан өшпесін, жалауымыз мәңгілік көкте желбіреп, аспанымыз ашық, басымыз аман болсын. Осы арманым орындалады деп нық сенемін.

Жанбусинова Айдана

9 класс, школа имени Ч.Валиханова

Железинский район

Руководитель: Апенцова Г. С.

Патриоты Казахстана

Немало на свете невиданных стран,
Чудесных, богатых, красивых,
Но дорог сердцу лишь ты, Казахстан,
Давший мне жизнь и силы!

Много есть разных стран, городов и сел, которых друг от друга отделяет своя неповторимая индивидуальность. Если б не было этих особенностей, отличающих одну местность от другой, одно село от другого и наш дом от соседних, - вся страна превратилась бы в пустыню, скучную, неинтересную, а люди в ней, лишённые любви к родным местам, - в перекасти-поле. Есть такое растение в степях, которое не имеет корней и готово катиться от легкого дуновения ветра хоть на край света. Жизнь определяется судьбой, но человек может влиять на свою судьбу, управлять ею, а не плыть, куда понесет, ведь издавна существует поверье, что именно человек есть кузнец своего счастья.

Время идет, все меняется... Даже горы от дождей и ветров изнашиваются, только остается неизменной любовь к своему дому, к родной

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

земле, к своей Отчизне – это вечные ценности, которые способны пережить время, поспорить с египетскими пирамидами... В казахских семьях испокон веков существует уважение к предкам рода. Самой приятной похвалой считалось: «он потомок хороших людей, он хороших костей». Каждый казах должен свою семейную и родовую честь пронести достойно через свою жизнь.

В нашей семейной летописи тоже были достойные люди. Старший брат моего дедушки погиб на фронте в годы Великой Отечественной войны, мы все считаем его героем, хотя у него не было правительственных наград! Для нас он навсегда остался героем! Ему не было ещё и тридцати, когда пришла весточка с фронта черного цвета. Разве он не хотел жить, ходить по земле, любить и радоваться успехам своих детей?! Конечно, ему все это было не чуждо, просто Родина тихо сказала: «Защити меня». Я с большим удовольствием слушаю историю жизни этого человека, это мне необходимо. Чем выше поднимается дерево, тем глубже уходят его корни в родную почву. Так и человек. Чем больше он думает о будущем, тем больше хочется узнать о прошлом. Война заставляет ненавидеть сильнее, крепче любить, лучше знать цену вере, этим немудреным вещам она учит нас.

Но сейчас нет войны, можно ли в наши дни продемонстрировать свой патриотизм, в чем он выражается? Такой вопрос не раз рождался в моей голове. И я пришла к выводу, что патриотизм и сегодня заключается лишь в одном: в любви. В любви к своей семье, к родной школе, к родному селу, к родной стране. Надо жить и ценить свою жизнь, направить все свои силы на то, чтобы принести пользу своим близким, можно даже и незнакомым людям, ведь нет в мире прекраснее чувства, чем ощущение, что ты сделал людям хоть капельку добра! Совсем недавно на всех каналах казахстанского телевидения рассказывали о группе молодых казахов, которые оказались в Сирии, в лагере экстремистов. Многие из них оказались там вместе со своими семьями, маленькими детьми. Совсем молодые, они готовы принести в жертву свою жизнь и жизнь своих близких ради того, чтобы погубить души совсем неповинных людей. Это беда сегодняшнего дня, когда хотят убить человеческое в человеке. Откуда берутся эти террористы? Они не появились ниоткуда, они были около нас, выросли рядом. Мне кажется, что в каждой семье надо вести свою родовую летопись, знать свои корни, свою историю, тогда и не будет тех, кто, заблудившись по жизни, приносит горе и страдание своими действиями мирным людям. Мы часто слышим: в этом человеке есть стержень, крепкий стержень... Во мне тоже есть такой стержень – это наша семейная гордость, наш герой. Он принес в жертву свою жизнь не для того, чтобы я надела хиджаб, вела пропаганду против своей страны. У меня впереди большое будущее с ошибками и победами, но рано оборвавшаяся жизнь моего предка будет для меня всегда своеобразным маяком, который не позволит

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

сбиться с пути. Он завещал беречь мир на земле. Воля умирающего – непреложный закон для всех. Перед ней склоняли головы короли и простые смертные. Нам, молодым, выполнять их наказ: любить и защищать родную Землю, беречь мир. Русское слово «мир» и казахское слово «әмір», совсем разные языки, но корень-то один! Нет жизни без мира, но и нет мира без жизни.

Жолдасбекова Ажар

9 класс, АОО «НИШ»

г. Павлодар

Руководитель: Аужанова Г. Г.

Мой Павлодар, мой город ястребиный!

Я горжусь тем, что мне выпало судьбой родиться в Павлодаре. Щедрая павлодарская земля дала Казахстану и миру не только природные богатства, но и самый бесценный клад – талантливых людей. Каныш Сатпаев, Майра Шамсутдинова, Шакен Айманов, Султанмахмут Торайгыров, Павел Васильев...

Я считаю, что родиться в Павлодаре, жить, учиться и работать здесь – это очень ответственно. Дух славных предков, добрые дела и свершения современников не позволяют делать это плохо. Это было бы недостойно их.

В Павлодарском историко-краеведческом музее можно увидеть много интересных свидетельств истории самого города. Известный путешественник П. Палпас в 1770 году написал о прежнем Павлодаре: «Сей форпост всех прочих по Иртышу многолюднее и имеет лучшие там строения». На самом деле, удобное местоположение поселения, расположенного на берегу большой судоходной реки, соседство с округами, где развивались разработки свинца, меди, серебра, перекрестье торговых путей с кочевой степью – все эти обстоятельства были очень выгодными для экономического развития будущего города. В 1861 году благодаря чьей-то смекалке станица Коряковка получает статус «заштатного города с наименованием оного Павлодар, в честь новорожденного Великого князя Павла Александровича». С тех пор и по сей день, много людей вложили усилия в развитие этого города.

Современный Павлодар – это центр развитой промышленности, новых технологий, науки и культуры. Павлодарцы по праву гордятся своим светлым, красивым городом, в архитектуре, да и во всём облике которого тесно переплелись история и современность.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Впрочем, о славном прошлом моего родного города и края, о его нынешних успехах можно говорить почти бесконечно. Об этом пишут, будут писать ученые-исследователи, журналисты. Но Родина – это прежде всего то, что в сердце. И в этом смысле она у каждого своя.

Мой Павлодар – какой он?

...Майскому берегу что-то шепчет волна...

Поймы цветущей такой не найдётся в мире!

Да, Павлодар, конечно, не Астана.

Только река, согласитесь, у нас пошире.

Свежий сугроб воздушен и сладок, словно зефир.

Щедра зима угощает, морозом лечит.

А Павлодар, конечно, чуть-чуть не Сибирь:

Те же морозы, только ветра покрепче!..

Я думаю, в стихах павлодарской поэтессы Ольги Григорьевой каждый найдет созвучные его душе мысли и чувства. Мой Павлодар – лучший в мире город, потому что он – моя родина. С его улицами, домами, автобусами, остановками, деревьями, цветами, сугробами, облаками связаны сейчас и навсегда мое детство, моя зарождающаяся юность. Мой Павлодар – это мой дом. Это мой папа, который своими руками построил стены нашего дома. Это моя мама, без которой наш дом не был бы таким теплым, добрым, гостеприимным. Это мой старший брат и моя младшая сестра, с которыми я чувствую себя так уверенно, защищенно и могу проявлять заботу о них. Это моя собака, которая встречает меня радостным лаем. Мой книжный шкаф, в котором, как солдаты, выстроились любимые книги. Мои друзья, одноклассники, соседи – все это мой Павлодар.

Уже совсем скоро я окончу школу и уеду из родного города. Но уеду для того, чтобы вернуться сюда высокообразованным, квалифицированным специалистом и стать полезной своей Родине.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Жумагалиева Әлия
6 сынып, №25 мектеп
Павлодар қаласы
Жетекшісі: Теміржанова М.Ә.

Мен елімнің патриотымын!

Мен – қазақ,
Қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі,
Өзім қазақ.
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?
Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен,
Бір кезде Еуропаңды тітіренткен.
Сұлтанмахмұт Торайғыров

Қазақтар — Орталық Еуразияны мекендейтін түркі тілдес этнос және ұлт. Дешті-Қыпшақ даласын мекендеген көптеген этностар мен этно бірлестіктердің өзара араласуының нәтижесінде қалыптасты. Қазақтар ретінде Қазақ хандығының құрылуымен белгілі бола бастады. Тілдік құрылымы жағынан Түркі тілдес халықтардың солтүстік-батыс қыпшақ тобына жатады. Қазақ тілінде сөйлейді.

Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері танымдық, тәрбиелік маңызға бай.

Қазақтарға дәстүрлі қонақжайлылық қасиет ежелден тән. Олардың бұл қасиеті көптеген ғасырлар барысында қалыптасқан. Үйге келген қонақ оларда әрқашан үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болады. Қазақтарда үйіне келген кез келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ежелден орын алды.

Қазақтарда ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың бірі - дәм ауыз тию. Үйге бас сұққан кез келген адамды дәмнен ауыз тигізбегенше жібермейтін — «Қуыс үйден құр шығармайтын».

Қазақтардың және бір жақсы әдет-ғұрпы - ерулік беру. Басқа жақтан жаңадан көшіп келгендерді оның туған-туыстары немесе көршілері арнайы дастарқанға шақырып, ерулік тамақ беретін болған.

Қымызмұрындық - қымыз ашыту маусымының басталуына байланысты әдет-ғұрып. Ауыл адамдары бірін-бірі шақырысып, қымыз ішер алдында арнайы дастарқаннан тамақ жеседі.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Міне, қазағымыздың осындай көптеген салт-дәстүрлері бар. Осы әдет-ғұрыптарды мен де сақтап жүріп, бұл секілді дәстүрлерімізбен мақтанамын.

Аталмыш кезеңде қазақтар шағын елді мекендерде — ауылдарда тұрды. Қыруар көп малды бағу үшін олар шағын ауыл болып тұруға мәжбүр еді.

Осы ауылдар қазіргі кезге дейін бар. Ауылдағы ата-апамыздың қалін біліп, жиі барып тұрамыз. Қазақ елі жерге өте бай, яғни өте байтақ. Оның кең жасыл жайлауларында мал бағып, тап-таза ауа жұтып, шөбінде аунап-қунап жатамыз.

Тағыда Қазағымның мақтан тұтар ұлттық аспаптары бар. Мысалы: домбыра, жетіген, қобыз, шаң қобыз, дауылпаз, шертер, адырна, саз сырнай, аса таяқ. Қазақтың әрбір баласы біреуін болса, шерте біледі. Қазақ мектептерінде бұған арнайы бірінші сыныптан бастап мұрагер сабағы бар. Бұл сабақты балалар төрт жыл бойы үйреніп келеді де, кейін бесінші сыныптан бастап басқа да музыкалық аспаптарды шертуді игеріп, ән салады. Бойында бұл өнер жақсы дамыған, яғни қазағымыздың дарынды балалары, ал олар болса өте көп, түрлі сайыстарға қатысып, Қазақ жерін мақтан тұтып, танытып келеді.

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшығы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қол өнерімен де ұштасып жатыр. Қол өнерінің басты бір саласы — киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында ойын-сауыққа пайдаланады.

Қай ел, қай мемлекетті алсақ та оның өз рәміздері болады. Оларға – ту, елтаңба, әнұран жатады. Бұлар әрбір тәуелсіз мемлекет үшін ең маңызды қажеттіліктер. Рәміздеріне қарап олардың тарихын, мәдениетін, дінін, тілін, дәстүрін, барлық құндылықтарын білуге болады. Сол сияқты Қазақстан мемлекетінің де тәуелсіздігін алғаннан кейінгі ең маңызды міндет тұрды. Ол Қазақстан рәміздерін тағайындау еді. Сол кезден бастап еліміздің өз туы, елтаңбасы, әнұраны бар. Бұлар ел үшін, мемлекет үшін ең баға жетпес қазына, таусылмас байлық. Бұл байлықты әрбір «мен қазақпын» деген азамат ардақ тұту қажет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы-ортасында шұғылалы алтын түсті күн, оның астында қалықтап ұшқан дала қыраны, шетінде қазақ ою-өрнегі бейнеленген көк түсті мата. Бұл жай ғана мата емес, қанша қазақ аңсап күткен, бабалар қанын төккен киелі мата. Оның әр бояуында терең ой, философия жатыр. 1992 жылы еліміздің рәміздерін жасауға байқау

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

жарияланды. Тудың жобасын жасауға түрлі елдерінен, Түркиядан, Монғолиядан, Германиядан 1200 суретші қатысып, одан қазақ суретшісі Шәкен Ниязбеков жеңіп шығады. Өз жобасын жасай отырып әр тамған бояуын үлкен отансүйгіштікпен, еңбекпен, зор қуанышпен бояған деп сезем. Тудың біркелкі көгілдір түсі бірігу мағынасын беру мен қатар бейбітшіліктің, тыныштығын және жарқын болашақтың белгісі саналады. Біркелкі көгілдір түс бұлтсыз ашық аспан мен оның астында өмір сүріп жатқан бейбіт сүйгіш халықты еске түсіреді. Ортасында алтын түсті күні байлықтың белгісі болса, қалықтап ұшқан бүркіт қазақ ұғымында дархандық, қырағылық, бейбітшіліктің символы іспеттес. Бұл тудың биікке желбіреген сайын бұлтсыз ашық аспан астында бірлікте өмір сүре береміз деп ойлаймын.

1992 жылы еліміздің рәміздерінің бірі елтаңбаның жобасын жасауға да сайыс жарияланады. Онда ақтық мәреде 245 жоба, 67 елтаңбаның болашақ бейнесі сайысқа түседі. Мұнда Шоқан Уәлиханов, Жандарбек Мәлібеков жеңіске жетті. Содан бастап елтаңба мемлекеттің асыл құндылығына айналды. Елтаңба-дөңгелек нышанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ, оның жаны күн сәулесі шуағында уықтар торланған. Шаңырақтың екі жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнеленген. Жоғары жақта жарқылдаған жұлдыз, төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу орналасқан. Елтаңбаның ең негізгі бөлігі болып – шаңырақ болып табылады. Ол елтаңба жүрегі болып саналады. Шаңырақтың беретін мағынасы өте ерекше. Шаңырақ әлем тұтастығын, мемлекет бастауы, отбасы белгісі іспеттес. Ал қанатты тұлпарлар мәңгілік өмір, Қазақстанның тұлпарлар секілді дамуын, Қазақстан тұратын ұлттардың бірлігін, рухани байлығының белгісі. Бұл пырақтар қазақтардың үміті, жас ұрпаққа деген сенімі, болашақ арманы, самғау биігі мағынасында. Төбедегі жұлдыздың орны ерекше. Әр адамның өмірінде жол көрсететін, бағыт-бағдар беретін жұлдызы болады. Сол сияқты мемлекеттің де өз көшбасшысы болады. Бұл атқа әбден лайық деп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты алар едім. Төмендегі «Қазақстан» деген жазу ел тарихында да, дүние жүзі тарихында да мәңгіге өшпес, кетпес таңба деп білемін. Мен әлі күнге дейін елтаңбамыздың көркемдігіне, ондағы элементтердің дұрыс орналасуына, баға жетпестігіне қайран қаламын. Бұл туындыны жоғары бағалаймын.

Міне, менің Қазағым осындай! Мұндай елдің патриоты болғанымға өте қуаныштымын!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Жұмабай Нұрболат

8 сынып , Парамоновка орта мектеп
Ақсу қаласы

«О, туған жер! О, қасиетті атамекен!»

Уа, туған жер, топырағыңнан жаралдым,
Алабыңнан арманымға нәр алдым.
Тұнығыңнан жүзіп іштім сендегі,
Алтын арай таңғы жұпар самалдың.
Әбу Сәрсенбаев.

Ес біліп етең жеңінді жиған, балалық жастық шақ әркімнің есінен кетпейді. Асыр-салып ойнаған аңғал-саңғал балдәурен шағымыздың аспаны сағымға толы сағынышта қалары сөзсіз. Ол туған жер төсіндегі қиялымызға қанат бітірген туған өлке. Жазиралы дала, айдын шалқарлы көл, күркірей аққан өзені бәрі-бәрі де ыстық. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас деген қанатты сөз тегінен-тегін айтылмаса керек. Жазушының «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі Байтас шалдың тағдырын аса шебер көркем тілмен жеткізе білуі оқырманға ой тастайды. Сонау аласапыран, тар жол тайғақ кешу, аумал-төкпелі қилы заманда жер ауып көшкен талай қандастарымыздың басынан кешкен тағдыр тәлкегі көз алдымызға елестейді. Туған жерге деген сағынышы, елге жету жолындағы қым-қуыт қиыншылықтарға толы.

Сезімге толы, ақ тілек арман құсы бір сәтке тыншымай алға деген құлшынысын үкілі үмітін оятты. Туған жер топырағыңнан бір искеп өлсем арманым жоқ деген қартың тілегі туған жерінен бір уыс топырақтың бұйырғанын қалады. Бұл жерге алып ұшқан жалғыз сезім арғы ата-бабасының, әке-шешесінің, ағайын туған туысының сүйегі және өсіп өнген туған жер топырағы жатыр. Ұлан ғайыр атырап киелі атамекені көкейінен кетпейтін сағынышы жатыр. «Ұлтарактай болса да,

Атақоныс жер қымбат.

Ат төбеліндей болса да,

Туып өскен ел қымбат»-деген мақал Байтас шалдың көкірегінде берік орныққан сияқты. Талай жылдар бойы мазалаған ой-арманы орындалатын шешуші сәтті ерекше сипаттау жазушының асқан шеберлігі деп түсінемін. Оқиғаны тайға таңба басқандай көркемдеп жеткізуі әрбір тау, жота, қырқа кезеңдерді көзімен көріп лесіп бірге жүргендей көрінеді.

Туған жердің жуасы да тәтті, Туған жердің ауасы да шипа деген мақал-мәтел еске түседі. Аңсаған арманын, орындалған тілегіне сенер сенбесін

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

білмеген қарт, Жер ананы құшақтай сүйіп «Айналайын туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау!»-деп күбірлейді. Қалтыраған қолымен дымқыл топырақтың бір уысын алып, бетіне басады, танауына апарып, қайта-қайта иіскей береді. Көкірек тынысы ашылғандай бойына қуат біткендігі аяқ алысынан байқалады. Туған жері Айнабұлақтың суынан ішіп көзі шайдай ашылып, көңілі шалқыды. Осынау туған ел, туған жерге деген махаббаты патриоттық сезімі жанымызды жадыратып ойға қалдырады.

Өз елім-өлең төсегім –деп жаны мен тәні қалаған қарияның бір ғана тілегі бар еді. «О, туған жер! О, қасиетті атамекен! Торқадай топырағыңды қия гөр адасқан ұлыңа... Ел шетіне бір жеткізсең, екі дүниеде арманым жоқ деген сертім бар еді. О, Алла, аманат жанымды бүгін алсаң да разымын», - деп тәңірге жалбарынуы тегінен-тегін емес.

Сағынышқа толы үкілі үміті ақталып, талай жылдан бергі көрген азабы тарих қатпарында өшпес хикаяға айналды. Бұл жазушының тағдырына сабақтас «Соңғы көш», «Тағдыр» романдарын дүниеге келтірді. Өмірдегі реалистік шындықты терең суреттеп халықтың дүниетанымын бейнелейтін аса тапқыр тілі орамды дарынды қаламгер екендігін көрсетті. Туған жердің қадір-қасиетіне бойлата білді. «Қабдеш-тілге аса бай және әр сөздің сиқырлы бояуын жан-тәнімен нәзік сезінетін жазушы», - дейді замандасы жазушы Әкім Тарази.

Жұмабай Нұрболат

8 сынып, Парамоновка орта мектеп
Ақсу қаласы

Тіл ұлттың рухы, баға жетпес байлығы

Туған тіліміз бен әдебиетіміз тарихи болмысымыздағы баға жетпес байлығымыз, рухани кеніміздің нәр алар бастау болып саналады. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту-бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту»-деп Бауыржан Момышұлы тегін айтпаған.

Ғұмырымыздың тірегі, санамыздың жүрегі болар тынысы деуге де болады. Себебі әдет-ғұрымыз, салт-санамыздың барлығы туған тіліміздің көкжиегі арқылы шынайы өмірдің шындығына айналған. Біз қазақ болып туылған, мынау топырақтың киесі мен иесі, қанымыз бен жанымыздың, сөйлеу тіліміз бен діліміздің өшіп қалмауына жол бермейді. Мұнда жаратылысымыздың маңдайға берген несібелі ырыздығы, баға жетпес құндылығы қолдан шығармайтын парызы мен қарызы жатыр. Бұл талай ұрпақтың алдында тұрған аманат атты сүрлеу жолдың үкілі үмітіне-сын. Әрбір

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

қазақ болып туылған адам, өз ана тілінің уызына жарып мәйектенбесе, мәнді өмәрдің сәнді көрнісі қаланбауы сөзсіз. Жазушының мына айтқан ойлары дәлел деуге болады. «Ана тілідегеніміз-сол тілді жасаған, жасап келе жатқан мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» (Ғ. Мүсірепов)

Тіл ананың ақ сүті арқылы бойымызды өсіру мен қатар ойымыздың көзін ашып, сана-сезімнің шығуына түрткі боларлық құдіреттің ерекше қуат күші деп түсінемін. Тіл біздің жанымызды ана құрсағында бесікте жатқанымыздан бастап мазалап іштегі талпынысымызды сыртқа шығаруға итермелейді. Бұл дегеніміз қауызын жарған гүлдей, өте нәзік, тартымды адам қызығарлық былдырлап сөйлейтін бал бұлақтың суындай мөлдіреген тазалығымен таңғалдырады. Баланың тілі бал, ананың сүті бал деп бекер айтылмаған. Бір сөзге семіріп бір сөзге арыған арда қазақтың сөз құдіретіне деген түсінігі теңіздей тұңғиық.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, сөзді сүйектен өткізетін ар-намыс пен ұятыңды оятатын жаныңды түршіктіріп, жабырқататын қайран қасиетті ана тілге бас имеу ауыр күнә деп ойлаймын. Бұл менің анамның тілі, бұл менің бабамның тілі ұлттық болмысымнан алпыс екі тамырымда қанымды қайнатқан жаратылыс топырағымның тілі. Сондықтан да киелі де қасиетті Атамекеннің әрбір тау тасы, қазақ болып күңіренеді. Қазақ болып тербеледі. Қазақ болып туда бақыт, қазақ болып өлу оданда бақыт. Тілімнің қазақ болып қалықтауы, елімнің азат болып шарықтауы ұлтымыздың баға жетпес байлығы. Бақыттың да байлықтың да тұрағы ұлт болып қалыптасуымызда. Сондықтан да тілдің тынысын кеңге жайып, өрісін кеңейту өз қолдан келетін шаруа. Әрбір қазақ болып туылған азамат қазақ болып туғанына мақтануы керек.

«Мен-қазақпын»-деп жырлаған Жұбан ағамыздың жыры бойыңа қайрат пен сенімді ұялатады. Даладай дархан қазақтың тірегі де, жүрегінде қаракөз қандастың тұла бойына лайықты тілі мен ділі өз тұғырына келгенге не жетеді. Өткен шақтың өкінішін өзекке жағып өртегенімізбен келер шақтың келешегін отбасы, ошаққасы, бала-бақша мектеп қабырғасында қаланар тәрбиенің аражігін, ата-ана дұрыс ойланғаны абзал.

Өкінішке орай, кері тартпа енжарлық пен жалтақойлық, жасқаншақ, жасампаз буынды кері қарай келемеждікпен көткейін тартып жатқаны жасырын емес. «Тәрбие басы тілден» басталатынын ескеріп жұмыстану мектеп өмірінің басты қағидасына айналған жөн. Ол үшін берілетін білім теориялық және практикалық жағынан бір-бірімен тығыз, тиянақты байланысу арқылы оқушының ішкі жан-дүниесін қызықтырарлық жаңа технологиядағы, әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланғаны дұрыс.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Зияданова Ажар
9 класс, КГУ СОШ №18
г.Экибастуз

Моя Родина — Казахстан

Я горжусь своей Родиной. Это многонациональное государство Казахстан. Оно занимает девятое место в мире по величине территории! Казахстан — большое государство, построенное в непростых природных условиях. Это степи, полупустыни и пустыни.

Казахстан обрел независимость после распада Советского Союза. Но национальную культуру Казахстана еще много веков назад стали создавать казахи, кочевники, которые большую часть жизни проводили в седле. Бескрайние степи и полупустыни, заросшие типчаком, ковылем, тирсиком и полынью, стали их единственным богатством.

Сейчас в нашей стране проживают люди разных национальностей: казахи, русские, узбеки, украинцы, уйгуры, татары и другие. Каждый житель Казахстана знает казахский язык — это язык казахской нации. Также официальным языком признан русский, как язык межнационального общения.

Большинство жителей Казахстана живут дружно, понимая, что это наша общая Родина. Не зря 1 мая в стране отмечается День единства народа Казахстана, а христианское Рождество и исламский Курбан айт вместе являются государственными праздниками. Но есть и те, кто этого не понимает и создает конфликты из-за религии или национальности.

Хотя климат в нашей стране считается засушливым и не очень-то ласковым к людям, Казахстан богат полезными ископаемыми. Еще в Казахстане находится знаменитый «космический город» Байконур, откуда стартуют в космос российские ракеты. Такого уникального государства, как Казахстан, больше нет нигде в мире!

Утро. Солнечные лучи заглядывают в окна, наполняя комнату светом и теплом. Начинается новый день! Душа наполняется радостью и огромным желанием жить, творить и совершать добрые дела.

Я считаю себя счастливым человеком. Мне дарит свою любовь мама, заботится и оберегает старший брат, поддерживают верные и надежные друзья, открывают удивительный мир знаний любимые учителя. С особым

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

трепетом я говорю о тихом дворике, в котором прошли мои первые детские годы, об улице, ставшей родной вместе с ее стремящимися ввысь тополями. А самым лучшим городом считаю мой Экибастуз, расположенный в степи, на севере нашей необъятной страны. И это моя Родина, частичкой которой я и являюсь.

Родина... Родной край... Родная земля... Сколько красивых, теплых слов сказано о ней! Родной земле посвящены удивительно нежные, проникновенные строки известных поэтов, задушевыми песнями воспето ее величие, кистью художников на полотнах запечатлена необыкновенная красота. Уверена, что в сердце каждого человека, взрослого или еще юного, живет любовь к той земле, где он родился и вырос, где произнес первые слова, услышал нежные колыбельные песни мамы, почувствовал тепло ее рук. Все самое хорошее и дорогое связано именно с Родиной: родные и близкие, окружающие тебя с детских лет, друзья, с которыми не хочется расставаться, заветные мечты и планы, для осуществления которых нужно учиться и добиваться все новых и новых успехов. Эта трепетная любовь, чувство искренней привязанности ко всему и выражается в слове Родина. Она закладывается с самых первых дней, с рождения человека. За нее во все времена честные и благородные люди, не колеблясь, готовы были совершить подвиг, а ради свободы и благополучия своего народа даже отдать жизнь. Если мы искренне любим свою Родину, то она отвечает нам тем же: родные места вселяют радость и успокоение в наши души, придают уверенность, вдохновляют на великие дела. В родном краю все кажется более красивым, чистым. Именно родная природа дарит нам самые светлые чувства, позволяет вдыхать аромат полей, лесов, любоваться разливами прозрачных рек, наслаждаться неповторимой синевой небесных далей. И солнце на родине самое яркое, и снег зимой самый ослепительный, и летний дождь самый теплый.

Все, чем богата наша земля, вызывает у меня уважение и чувство гордости. Но глубокую любовь к Родине не может испытывать человек, равнодушный к живущим рядом с ним людям. Любить свою страну — это любить и ее народ. Именно ему посвятили жизнь многие великие люди, настоящие сыны своего Отечества. Народ - это главное богатство моей Родины. На казахской земле под одним шаныраком живут и трудятся люди более ста двадцати национальностей. Я особенно ценю мир, дружбу, взаимопонимание, согласие, царящее на нашей земле, и понимаю, что все это зависит от нас самих. Для меня самыми счастливыми событиями становятся

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

те, когда в нашем доме все родные собираются вместе, звучит смех, дом наполняется весельем и радостью.

Мне по душе все, что связано с людьми, проживающими на гостеприимной земле Казахстана. В единой дружной семье каждый учится уважать и ценить друг друга, каждый уверен в своем будущем.

Павлодарская область**

возможностях нашего «неоглядного простора». В припеве, называя себя «цветком» и «песней», он подчеркивает свою связь с Родиной. Ведь без земли любой цветок погибнет, а песня, которая не исполняется, забудется.

Я горжусь тем, что Казахстан суверенное, самостоятельное государство. Как независимое государство Казахстан имеет свои государственные символы - Герб, Гимн и Флаг. Геральдика нашего государства отображает богатство страны, единство народа, стремление достигать высокие цели, желание жить всегда в мире и согласии, не зная войн и различного рода междоусобиц.

Кошельник Алина

9 класс, школа №39

г. Павлодар

Руководитель: Умарова Л. О.

Страна, которую я люблю!

Родина. Отчизна. Край родной. Родная земля. Родина-мать. Матушка-земля. Моя страна. Все эти душевные слова не исчерпывают полной гаммы чувств, которые вкладываем мы в это святое для человека понятие. Невозможно не любить Родину, её широкие просторы, безбрежные равнины, бурные стихии в разные времена года. Трудно назвать писателя или поэта, который не посвятил бы Родине самые искренние, идущие от души строки. Неслучайно это – одна из главных тем в литературе.

Свободен, величав и первоздан,
Звезде подобный средь земель и стран,
Кюй счастья ты наигрываешь звонко,
Родной мой, лучезарный Казахстан!

У каждого человека есть две родины: малая и большая. Малая — это город, улица, дом, где ты родился, вырос. Большая — государство, страна, гражданином которой ты являешься.

Для меня Родина ассоциируется со словами «Вера, Надежда, Любовь, Семья, Гордость».

Любить свою Родину – значит быть её достойным гражданином, уважать историю своего народа, быть добрым, честным и грамотным. Ведь именно за такими людьми светлое будущее страны, её процветание, благосостояние.

Сейчас очень актуальна тема патриотизма. Многие говорят, что всё можно купить и продать. Я не согласна с ними. Есть то святое, что должно быть у любого человека всегда – Родина. Какая честь защищать её

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

достоинство! Серик Сапиев, Владимир Смирнов, Денис Тен... Этот список можно продолжать до бесконечности. Какие баснословные деньги предлагают им за участие под другим флагом! Они – пример для всех нас. Гордость переполняет душу, когда видишь с голубого экрана счастливого Сапиева, стоящего на высшей ступени пьедестала, приложившего руку к сердцу – звучит наш гимн: «Менің елім, менің елім, Гүлің болып егілемін. Жырың болып төгілемін, елім! Туған жерім менің - Қазақстаным!» Словно все казахстанцы вознеслись на эту первую ступень, нам нет равных. Вот она, гордость! Величаво возносится наш флаг цвета неба и солнца, цвета поля, на котором волнуется золотистая нива пшеницы, цвета одуванчика и подснежника - вестников счастья и процветания. Каждому человеку нашей страны есть достойное место под солнцем. И каждый может стать тем золотым орлом, как на флаге, свободно парящим в просторном небе нашей необъятной Родины. Потому эта птица, символ свободы и равенства, изображена в центре флага.

Многие наши соотечественники отдыхают в Греции, Турции, гуляют возле знаменитых египетских пирамид, наслаждаются чудными видами Италии, Франции...

Возвращаясь в родное гнёздышко, сидя в кресле самолета, невольно думаешь: «Однако, нет ничего лучше дороги домой». Домой – значит на Родину, в семью, в родной очаг.

В семье, как известно, есть много поколений. Молодые перенимают опыт старших, а старшие учатся у молодых свежести восприятия жизни. Нашу страну я хотела бы видеть в образе большой семьи, под одним шаныраком, где есть только родные люди — братья и сестры, родители и дети. Где нет обиженных, где не голодают дети и не рвутся бомбы. Где все следуют идеалам свободы, добра, мира, любви. Символично, что именно шанырак украшает наш герб. Он олицетворяет дружбу народов, различных по традициям, обычаям, культуре и внешности.

Хочется верить, что все хорошее, происходящее в моей стране, будет иметь достойное продолжение, а все плохое уйдет. Тогда Тулпар, могучий и мифический крылатый конь, понесет нас на своих больших крыльях вперед: к свободе, независимости, процветанию, дружбе, благосостоянию, защищая наше межнациональное согласие. Единство народа необходимо сохранить. На сегодняшний день мы – одна из немногих республик на постсоветском пространстве, сохранивших межнациональное согласие, дружбу народов. Путеводная звезда, изображенная на Гербе республики, указывает казахстанцам любого вероисповедания, любой национальности путь в одном направлении к исполнению общей мечты о сильном, процветающем и независимом государстве.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Пусть сейчас наступили тяжелые времена, но Казахстан, я верю, сумеет занять свое достойное место в ряду развитых стран мира. Он жив своими воспоминаниями, своим величественным прошлым, и мы обязательно сделаем его будущее могучим, великим. И тогда для каждого из нас понятия «Родина», «Отчизна» будут вызывать самую настоящую гордость.

Кудабаева Жансая

8 сынып, “Жас дарын” мектеп
Павлодар қаласы

Бір халық-бір ел-бір тағдыр...

Отанды сүю – біздің перзенттік
парызымыз, қарыс қадам үшін
жанын қиған бабалардың асыл
аманатына адалдығымыз!
Н.Ә.Назарбаев

Отан...Бұл сөз-әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз.

Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным-сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке - Қазақстан. Қазақстан дегенде көз алдыма шалқыған жайлау түтіні, бұрқыраған ауыл, жазық дала елестеп, бақтағы бұлбұл құстың үні мен айдын көлдегі аққу құстың қиқулаған даусы құлағыма келеді. Әр адамның туған Отаны, туған жері оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға, туған елге деген махаббат сезімі оянады. Әр адам үшін кіндік қаны тамып, туып өскен жері, яғни өз Отанынан қымбат мекен жоқ. Отанымыздың ұлтарақтай жері үшін қаһарман ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша күресіп, ұрпағына оны мирас етіп қалдырды. Сондықтан барлығымыз туған еліміз бен жеріміздің алдында әрқашан борыштар екенімізді ұмытпауымыз қажет. «Отан – оттан да ыстық», «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп аға буын тегін айтпаған болар. Осы кең байтақ Отанымызда салт-дәстүріміз, рухани байлықтарымыз, ұлттық болмысымыз бен терең тарихымыз жатыр.

Біз қазір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Біздің ата-бабаларымыз өмір үшін күрес жолында ешбір қиындықтан тайсалмастан жауға қарсы шықты! «Елім», «Жерім», «Отаным» деген

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

ұрандарды жүректе мәңгі сақтап еліміздің патриотына айналды.«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес.

Сол сұрапыл соғыста қан төккен ата-бабаларымыздың арқасында Қазақстан тәуелсіз ел атанып,өзінің Әнұранын,Туын,Елтаңбасын алғанына да,міне,22 жылдың жүзі болды.Еліміз әлемнің мақтанышына айналды.

Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел.Ондай байтақ дала еш жерде жоқ шығар.

Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі,андар мен құстар, неше түрлі жануарлар жасайды. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық»- деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау - әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі - ең алдымен халқымыздың бақыты.Бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі.

Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Кусаинов Данияр

9 класс, Весёлорощинская ОСШ
Железинский район

Мои размышления о патриотизме

У меня в руках третий том «Толкового словаря...» Владимира Даля, в котором я искал и нашёл толкование слова «патриот»: «ПАТРИОТ,-КА –

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

любитель Отечества, ревнитель о благе его, отчизнолюб». Человек, верой и правдой служивший своему Отечеству, дал самое точное определение этому понятию. И я с ним полностью согласен.

Я довольно-таки рано, с девяти лет, увлёкся историей Казахстана.

И чем больше я соприкасался с ней, чем дальше проникал в глубь веков, тем всё осознанней стал понимать, из какого я рода-племени, кто были мои предки, кому я обязан тем, что живу на этой священной казахской земле...

Среди моих дальних предков много было мудрых биев и сильных батыров, для которых понятия «ел – народ» и «ел – страна» - не пустые звуки. Достаточно упомянуть имена Каракерей Кабанбая, Канжыгалы Богенбая, Шапырашты Наурызбая (кстати, моего близкого дедушку, отца моего отца, звали тоже Наурызбаем), чтобы знать, что для них главной целью в жизни было изгнание из земли родной ненавистных джунгаров, как полчища саранчи, расплзшихся по нашим необъятным степям... Мои предки не били себя в грудь, твердя, что именно они – настоящие патриоты... Они и слова-то такого не знали! Они просто были преданными своей земле воинами, её защитниками. Из века в век, из поколения в поколение, передавали они негласно свою верность к Родине, своим примером учили любить её, служить ей и, как отмечает великий Даль, «ревниво заботиться о благе её».

В мирные времена настоящие патриоты должны заботиться о благе родной земли, родной страны. И мне очень приятно говорить о том, что среди представителей моей родословной, в обеих её ветвях, есть великие труженики: хлеборобы и животноводы, военные и религиозные деятели, врачи и учителя...

Весь XX век, как в зеркале, отразился на судьбах моих родных! Есть основатели первых колхозов, есть пострадавшие в годы сталинских репрессий, есть воевавшие в Финской войне и сложившие свои головы на Халхин-Голе, есть пролившие кровь в Великой Отечественной... Их всех - я в этом уверен - вела по жизни великая сила любви к Родине! Совсем недавно прочёл на сайте в Интернете выдержку из газеты «Правда» от 6 февраля 1943 года, в которой пленный фашист на допросе даёт такие показания: «Мы пошли в атаку. Нам навстречу бросились смуглые бойцы. Они дрались с такой яростью и отвагой, что мы не выдержали. Потом нам сказали, что дрались с нами казахи. Мы не знали, что существует на свете такой бесстрашный народ». Меня охватило такое чувство гордости за моих соплеменников, что дыхание перехватило! Вот истинные патриоты, вот чей подвиг мы должны помнить в веках!

Я родился в суверенном Казахстане, и меня это радует. То, чем дышит моя молодая страна, к чему стремится – всё отражено на её государственных символах: Флаге, Гербе и Гимне. Недавно мы, школьники, проходили анкетирование на знание государственных символов. Были отмечены наши

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

отличные знания! Иначе и быть не может! Каждый уважающий себя гражданин Казахстана обязан знать, кто авторы Гимна, кто создал Герб и что изображено на Флаге; что символизирует шанырак и сколько лучей на нашем солнце... На торжественных мероприятиях, исполняя Гимн, приложив руку к сердцу, каждый из нас чувствует гордость за свою Родину, за её расцвет, за дружбу, которая связывает представителей более ста тридцати национальностей под мирным небом Казахстана. Любой иностранец, мыслящий здраво, без труда сможет «прочесть» по государственным символам миролюбивую политику нашей страны и нашего народа.

Среди нас, молодых людей, найдутся те, кто рассуждает так: «Проявлять героизм или патриотизм можно и нужно только тогда, когда вспыхнет война!» Я же считаю, что не нужно ждать какого-то «исключительного» случая, чтобы доказать свою любовь к Отчизне, чтобы проявить патриотизм. Этого случая может и не быть. И не нужно никакой войны! Надо помнить, что ты гражданин своей Родины и что ты можешь приносить пользу ей и в мирное время: учиться, становиться хорошим специалистом, трудиться во имя её процветания... В нашей стране ты можешь проявить себя в любой сфере: в науке и производстве, в искусстве и спорте... Трудиться так, чтобы в твою честь звучал Гимн и поднимался Флаг! Здесь уместно будет вспомнить слова нашей знаменитой землячки Марии Мудряк, покорившей оперную сцену Ла-Скала: «Я всегда помню, откуда я родом, и не забываю слова моего наставника и хранителя – Нурсултана Абишевича Назарбаева, который мне однажды сказал, что я должна прославлять родину за рубежом, оставаться гражданкой Казахстана и не забывать свои корни». Это и есть патриотические чувства, которые окрепли в душе этой девушки, выехавшей на учёбу в Италию ещё в двенадцатилетнем возрасте.

Патриотизм может проявляться и в твоём отношении к окружающим тебя людям: ветеранам войны и труженикам тыла, к женщинам и детям, к соседям и одноклассникам. Ты должен быть уважительным, обходительным, милосердным... Ты должен первым приходить на помощь, ты должен первым подставлять плечо, ты должен – если потребуется – с оружием в руках стать на защиту интересов своей Родины и своего народа.

Патриотизм подразумевает и силу духа, и силу тела. Поэтому прочь от себя сигареты и алкоголь, наркотики и пустое времяпрепровождение! Если все разом скажем «нет» этим злым привычкам, то наше общество будет здоровым, целеустремлённым, способным на великие дела. Я призываю много читать, знать своих предков, как минимум, до седьмого колена, как положено каждому уважающему себя казаху, изучать историю своей страны, ведь «кто прячет прошлое ревниво, тот вряд ли с будущим в ладу», как писал замечательный поэт Александр Твардовский.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

А мы ведь хотим быть с будущим в ладу?

Я даже стал часто думать о вселенском понятии патриотизма. Что это значит? А это значит: любить маленькую голубую планету Земля в огромном космическом пространстве, любить на ней материк Евразию и государство Казахстан в самом центре её с прекрасной столицей под названием Астана, боготворить великий Иртыш с красивым городом на берегу – Павлодаром, символизирующим братство казахского и русского народов, - и далее по течению реки - чудесное село Железинка с многовековой историей, а там, в берёзовых колках, наше село родимое – Весёлую Рощу, луга её зелёные и поля её обширные – «ключок земли, припавший к трём берёзам, далёкую речонку за леском...» И где бы я ни был, и куда бы ни забросила меня судьба, я буду помнить и любить этот край и эту Землю!

Кусаинов Ерлан

10 класс, школа-лицей №8

г. Павлодар

Руководитель: Кокова А. В.

Символы Независимости Казахстана

Голубой флаг, с золотистым солнцем и парящим силуэтом орла, и герб, в центре которого находится образ шанырака как символ общего дома для всех казахстанцев, явили миру образ нового независимого государства под названием Республика Казахстан. Высокое и священное понятие независимости выступает основой единства и общенациональной идеи Казахстана, призванной объединить наш народ, и станет бесценным достоянием потомков, которым предстоит дальнейшее созидание устремленной в будущее страны.

Язык отцов, язык тысячелетий,
Ты временем, как глина, обожжён,
В тебе – удар меча и посвист плети,
Мужская гордость и горячность жён,
В тебе звучат забытые наречья
Шумеров, гуннов, хрип монгольских слов...

Олжас Сулейменов

Во многом воспитание патриотизма начинается с государственного языка, который стал таким же символом государственности, как гимн, флаг и герб. Язык – это система образов. Через язык образы Родины, соотечественников, национальной истории – в целом культуры – становятся

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

образами души. В нем отражено многоцветье и многоголосье казахской языковой картины мира. Язык казахов всегда отличался среди других тюркских языков своей образностью, картинностью; казахи славились и славятся своей народной словесностью, своим красочным фольклором. Это кладезь национальной духовности. «Будущее Казахстана - в казахском языке», - сказал Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев. Истоки патриотизма — в глубоком знании языка и истории страны, в понимании и уважении дел старших поколений, которые век за веком отстаивали независимость и процветание родной земли.

Я думаю, что любовь к родине не поддается измерению цифрами, а на деле выражается в чувствах, объединяющих людей. Особая роль отводится государственным символам Казахстана как символам независимости, формирующим казахстанский патриотизм. Канат Саудабаев отметил, что «...государственные символы, наряду с международно-признанной и оформленной границей и органами власти, являются важнейшими атрибутами государственности. От уважения к ним начинается воспитание уважения к стране, начинается патриотизм. Мы должны с ранних лет прививать детям любовь и уважение к нашему Флагу, Гербу, Гимну».

На знамени – орел несет светило,
И в сердцевине герба – шанырак,
Так в суверенном мире - наша сила,
И в давней дружбе – благодарный знак.

Государственные символы – это глашатаи идеи осуществления государственной независимости. Они способствуют проникновению этой идеи в мысли и чувства людей. Жители разных стран по праву гордятся своими государственными символами. Но важно не только знать, как выглядят герб, флаг и гимн своей родной страны, но и понимать их символику. А для этого нужно иметь представление о том, как возникли эти национальные символы и какой путь прошли сквозь века.

Символы суверенного Казахстана отражают основные направления идеологии независимого государства, его исторического развития, мышления и философии, являются воплощением многовековой мечты казахского народа о свободе и независимом пути развития. Они способствуют формированию национального самосознания, основанного на любви к Родине, стремлении служить ее интересам и готовности к ее защите. Четвертое июня было объявлено Днем государственных символов Казахстана. Ежегодно в этот день жасотановцы по всей стране проводят патриотические акции, формирующие уважение к нашим государственным символам — Флагу, Гимну и Гербу Казахстана. Этим воспитывается любовь к Родине.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Без глубокого чувства любви к своей стране, без подлинного патриотизма нет настоящего гражданина, настоящего человека. Глубокое осознание своей пуповинной неразрывности с Отечеством, нераздельной сопричастности с ним произойдет тогда, когда каждый казахстанец от колыбели и до седины будет верен земле предков и с гордостью будет рассказывать о значении древних и новых символов независимого Казахстана. Я думаю, что истинный смысл патриотизма связан со счастьем жить на родной земле и желанием реализовать энергию созидания молодых на благо великой страны в самом сердце Евразии, моей Родины, Казахстана!

Кусаинова Мадина

7 сынып, Еңбекші мектебі

Железин ауданы

Жетекшісі: Жаирбаева А. Қ.

Тәуелсіз елімнің Тұңғыш Президенті

Туған жер, қатар өскен құрбы, атамекен, Отанға деген махаббат, перзенттік парыз туралы сыр шертпейтін адам болар ма, сірә! Сондықтан бізде бұл тақырыптар өзгелерден гөрі көп айтылады және айтыла бермек.

Менің туған елім – Қазақстан. Даласы, таулары биік өр, халқы мейірімді ғажайып өлке. Республиканың өз алдына дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін алғанына биыл 23 жыл толғалы отыр. Осыны ойласам кеудемді үлкен қуаныш сезімі кернейді. өз елінде бақытты, тыныш өмір сүргенге не жетсін! Алыс-жақын елдерде соғыс болып жатқанда, біздің аспанымыз ашық, өміріміздің бейбіт болғанына қуанамын. Сол бейбітшіліктің арқасында күліп - ойнап, еркін білім алып жүрген ерікті елдің қызының бірімін. Мен болашаққа нық сеніммен, үлкен үмітпен қараймын. Тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыз өз таңдауымен ел Президенті сайлады. Оған үлкен сенім артты, міндет жүктеді. Мұның мәнін біз жақсы түсінеміз. Әбішұлы Назарбаев Нұрсұлтан ата – елге, барша әлемге танылған, өмір еңбектің шытырман жолдарынан өткен, шындалған, болашақты көрегенділікпен саралап, болжай білетін азамат, өткенінің өзі – көпке үлгі болар өмірбаян. Нұрсұлтан Әбішұлы Алатаудың бауырында дүниеге келсе де, жанға жайлы мекенде өмір кешпей, еңбек жолын Теміртаудан бастап, Қазақстан магниткасында шындалған. «Қанат ұшса қатаяды», - деген осы болар. Н.Ә.Назарбаев Қазақстанды әлемге танылған тәуелсіз мемлекетке айналдырды. Ел сенімі ақталды деген – осы. Ал Нұрсұлтан Әбішұлы оны тек өзінің жетістігі деп есептемей. «Тарих

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

толқынында», «Ғасырлар тоғысында» тағы басқа еңбектерінде халықты өткеніне үңіліп, бүгінгісіне шүкіршілік етуге тәрбиелеп отырды. Ата-бабаларымыз Батыр халық аттың жалында, найзаның ұшымен, білектің күшімен, ақтық демі біткенше, елін дұшпанға таптатпай, Алтайдан Дунайға, Сібірден Шығысқа дейінгі ұлан-ғайыр даланы небір сұрапыл соғыстардан, замана зұлматтарынан аман алып қалып отырған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдардың тар жол, тайғақ кешуінде де тәуелсіздік туын құлатқан жоқ. Ата-бабаның сол тізгінің Елбасының Нұрсұлтан Әбішұлыда атамыз мықтап ұстаған. Олай деуімізде де себеп бар. өйткені, Президент адам құқығы мен заңға саналы түрде басым бағыт бере отырып, өз еліндегі тыныштық пен келісімді көзінің қарашығындай сақтауда. Елдің ата заңы Конституциясы мен рәміздері өмірге келді. Тәуелсіз Отанымыздың көк жүзімен астасқан көк байрағы астында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық. Ардақты ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғаны, тұңғыш төл теңгеміздің шығуы, Семей атом полигонының жабылуы – бәрі де Елбасына тікелей араласуымен болған.

Ел ордасы болып Астана бой көтерді. Бұл қала өзінің әсем сәулет өнері үлгілерімен, сан-алуан тарихи және мәдени ескерткіштерімен, сұлулығымен әлем назарын өзіне қаратып отыр. Мұндай тамаша сәулет өнері туындылары, солардың ішінде "Ақорда", "Бәйтерек", "Бейбітшілік және келісім сарайы", "Думан" орталығы секілді көптеген ғимараттар мен ескерткіштер орналасқан. Әсем қаламыз – Астананың жылдан-жылға жаңарып, көркеюіне Елбасымыздың қосқан үлесі орасан зор. 1998 жыл «Халық бірлігі мен тарих жылы» атанғаннан кейін біршама тарих беттерінде ашылмаған, анықталмаған тарихи байлықтарымыз ашылды. 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп жариялануы тектен - тек емес. Президентіміздің тапсырысымен көптеген Қазақ азаматтары өзінің ата-бабаларының тұрған, кіндік қаны тамған кең байтақ Қазақ еліне келіп, өмір сүрулеріне мүмкіндік алды. 2000 жыл «Мәдениетті қолдау» болып жарияланған. Мәдениет - әрқашан адамзаттың ұлы мұраты, асыл болмыс-бітімі, рухани байлығы. Жаңа ХХІ ғасырға қадам басқан шақта Қазақ халқының өнерін жаңғыртып, мәдениетін басқа елдерге таныту игіліктің басы. Елбасының Н.Ә.Назарбаев сол туралы: «Біз – талантты халықтың өнерлі ұрпағымыз».

Ата – дәстүрін, ана – тәрбиесін көріп өскен, содан нәр алып жетілген ұрпақтың өнерді қадірлемеуі мүмкін емес. Халық өнері – қазына. Біз сол өнерді жалғастырушыларымыз» - деп, барлық елді мәдениетті қолдап, атадан қалған қазынаны ұмытпауға үндеді және оны өркендетуге мүмкіндіктер жасады. Президентіміз белгіленген «Қазақстан – 2050» бағдарламасы және жыл сайынға Жолдауы біздің адаспайтын жолымыз, айқын да ашық бағдарымыз. Елбасы өз Жолдауында «Қазақстанның болашағы жастардың

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

колында», - деп бізге үлкен сенім білдірді. «Хан біреу болса керек, қалғандары тіреу болса керек», - деген есті сөз бар. Американдықтар Дж.Вашингтоның, орыстар Бірінші Петрді, түріктер Ататүркті қастерлейді. Оларды шын мәніндегі мемлекеттерінің негізін қалаушысы, ел тағдырының ең бір қиын кезеңінде тізгін ұстапшысы, ту көтерген тарихи тұлғасы ретінде құрметтейді. Сондай текті де дара тұлға – Н.Ә.Назарбаев. Нұрсұлтан Әбішұлының «Тарих толқынында» еңбегі барысында 1999 жылы Мұхтар Құл-Мұхамедке берген сұхбатында: «Мен Елбасы болсам да, Қазақ деген атасын ардақтап, анасын сыйлаған, әруағын қастерлеп, Алласына сыйынған елдің бір перзентімін» дейді де Президентіміздің ұлылығы мен көрегенділігін айқын түсінгендейміз. Осы сөз кейінгі ұрпаққа қарапайымдылық пен ізеттіліктің не екенін үйретері сөзсіз. Мен осы ізгілікті жадыма сақтай отырып, ел тәуелсіздігі мен ел Президентін бөлек қарауға болмайтын егіз ұғым екенін түсіндім.

Кұрман Аңсарым

7 класс, школа имени М. Кабылбекова

город Аксу, село Алғабас

Руководитель : Шпекова К.Б.

Моя Родина.

Я живу в республике Казахстан. Наша республика занимает девятое место по территории в мире. Я вижу её необъятные поля, ковыльные степи. Тёплый ветер пролетает над ними, поднимает цветочную пыль. Неиссякаемы реки, пересекающие пространства, обширны зелёные луга.

Ещё древние кочевники с молоком матери впитывали незыблемую истину: можно лишиться богатства, имущества, но никогда не вреди своей земле, ибо это первый шаг к крушению данного государства. Народ, занимавший обширные территории, получил название казахи, что означало «свободный», «вольный». Много веков понадобилось нашим предкам, чтобы заселить, освоить, защитить её от врагов и передать в наследство нам, ныне живущим. Сколько труда, пота и крови, радости и страданий выпало на долю минувших поколений. Поэтическое наследие нашего народа содержит немало завораживающих картин красоты родной земли, её безбрежных просторов, белоснежных громад гор, лазурных гладей озёр...

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Великие акыны воспевали красоту и историю казахской земли. Народная память хранит и передаёт из поколения в поколение славные и трагические события в жизни казахского народа. Казахский народ на протяжении веков отстаивал свою независимость. Одним из известных ханов был хан Тауке. Ему удалось объединить под своей властью все три жуза. Развивалось самобытное творчество известных кюйши и народных композиторов, в числе которых были Кенен Азербаев, Дина Нурпеисова, Майра Шамсутдинова.

Слушая народные мотивы домбры, представляешь себе огромные степи, колышущиеся степные травы от вольного ветра, всадника на лихом коне, летящего на нём, как на крыльях, к солнцу. Широко и правильно раскинулся Казахстан. Солнце встаёт из степи, весь день идет над степью, встречаясь с дремучими лесами и тысячами озёр, заходит оно тоже в степи. Когда на севере ещё лежит снег, у подножия гор на юге уже зацветают плодовые деревья. Республика омывается водами Каспийского и Аральского морей, на её территории находятся много рек и озёр. Сказочно богаты недра древней казахской земли.

В Казахстане единой семьёй живёт пятнадцать миллионов человек, представителей более ста национальностей и народностей. Я не перестаю удивляться тому, как дружно уживаются в нашей стране люди разных национальностей, говорящие на разных языках, исповедующие разные религии. И всё это сопровождается не только хорошим отношением, но и симпатией друг к другу. Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы - народ Казахстана. Многонациональна как наша страна и моя большая родня. Есть в ней и казахи, и татары, и лезгины, и русские, и корейцы. Для всех эта земля стала родной. Стремление к согласию живёт в крови каждого народа, но особенно оно развито у казахстанцев. Щедро казахская земля, и характер у казахского народа то же щедр и гостеприимен. Всем живущим здесь нужно знать язык, историю и обычаи казахского народа.

Казахстан – страна больших возможностей, всего лишь полтора десятка лет назад ставшая независимой. Её развитие идёт большими темпами. Сейчас мы только дети, но уже сейчас мы строим планы на будущее, мечтаем кем-нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу государству, приумножать богатства нашей Родины. Хорошо учиться, быть добрыми и щедрыми, уважать пожилых людей и сверстников, многое должно нас интересовать, мы не должны быть «глухими» к бедам и страданиям людей. Потому что именно таков наш Президент.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Слово «патриот» означает в словаре В.Даля «любитель отечества», а в моем понимании это слово является связующим, так как оно связано с местом, где родился и вырос человек, с родовыми корнями.

У каждого из нас должно быть в сердце святое чувство патриотизма, гордости за наше славное прошлое и настоящее, чувство любви к святыням своей Родины. Наше молодое государство имеет свои символы. Герб, Гимн, Флаг - в них отображены вся славная история казахского народа все его помыслы и чаяния. Какой долгий и нелегкий путь становления. Всё пришлось пережить. Но люди своим трудом добились таких высот, мира и процветания. Мы гордимся прошлым нашей страны, посвятим жизнь её настоящему, во имя нашего общего будущего.

Құрбанбаева Севара

8 сынып, А.Құнанбаев атындағы орта мектебі

Шарбақты ауданы

Жетекшісі: Діқанбаев Н. Ж.

Рәміздер - бірлік пен достықтың негізі.

Рәміздер – тәуелсіздіктің нақты белгісі. Олардың қатарына – әнұран, елтаңба, ту жатады. Бұлар - әрбір тәуелсіз мемлекет үшін ең маңызды қажеттіліктер. Рәміздеріне қарап олардың тарихын, мәдениетін, дінін, әдет-ғұрпын, тілін, дәстүрін, барлық құндылықтарын білуге болады. Бұлар ел үшін, мемлекет үшін қымбат таусылмас байлық. Бұл байлықты әрбір «мен қазақпын» деген азамат құрметтейді. Рәміздер - біртұтас Қазақстан Республикасының ажырамас бөлігі, айнасы. Шаңырақ, уықтар, аңыздағы канатты пырақтар, бес бұрышты жұлдыз, «Қазақстан» деген жазу өте ақылды ойластырылып, бесеуі де бір-бірімен өз үйлесімін тапқан. Әнұранға келсек бұл да қазақтың төл туындысы, салтанатты әні. Оның шырқалуы, шарықтауы, мағыналылығы қоғамдағы атқаратын рөлі өте зор. Бұл - рәміздердің үшеуі де сарқылмас қазына, асыл мұра.

Қазақ елі мемлекеттігінің нақты белгісі болған рәміздерімізде ұлтымыздың киелі шаңырағы мен оны мығым тұруына негіз болған уық, керегесінің көрсетілуі елімізде жасайтын барлық ұлт өкілдерінің бірлігін нақтылағандай. Елтаңбадағы әрбір уық - бірлігі жарасқан ұлыс өкілдеріндей маған көрінеді. Нұрын шашып тұрған күннің шуағынан жаным нәр

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

алғандай қуаттанатын секілдімін. Күн бүкіл тірлік әлемін құлпыртса, менің елім, жерімізде жасап жатқан түрлі ұлт өкілдеріне өз ыстық шуағын төгіп тұрғандай болады. Аспанмен түстес Көк Туымның желбірегені – бейне бірін-бірі қуып ойнаған алып мұхиттың толқындарындай көзіме елестейді. Өзімді сол керемет әлемде бірде пыраққа мініп арман далада аралап жүргендей сезінсем, бірде көктен қарап қалықтап жүрген қыран құстай сезінемін. Қиналғанда көп ұлтқа қорған болған, сіңісіп ел болып кетуіне көмегін аямаған қазақ халқының бір өкілі болғаным мақтанамын. Осындай елдің азаматы болғанын бізде жасайтын барлық ұлт өкілдері мақтан тұтады деп ойлаймын. Елдің басты мақтанышы – елдегі бірлік пен татулық. Бірлік пен татулықтың негізі достықта.

Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Қиын кезеңде нағыз дос дін мен тілге қарамайды, жаныңнан табылады. Мемлекетке, елге деген махаббат та тап солай. Оған мысал ретінде бүкіл қазақ елінің Сочиде өтіп жатқан олимпиада ойындарындағы А. Полтаранинге деген сенімі мен ыстық ықыласы нақты дәлел. Оның жарысын күтіп, ақ жол тілеп отырған қазақстандықтар қаншама! Геннадий Головкинді барлық қазақ өз баласындай, не бауырындай сезінеді. Ұлы да аты әлемді тітіркенткен боксшымыздың үнемі қазақтың ұлттық киімімен шығуының өзі нағыз қазақстандық отансүйгіштіктің дәлелі.

Дос-жарандардың мінездері әр түрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызбалық не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Сатқындық, екі жүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады”, “Досы жақсының, өзі де жақсы”, “Дүниеде адамның жалғыз қалғаны — өлгені, қайғының бәрі соның басында”.

Достыққа қарама-қарсы ұғым — қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік алдырғандар басқаның қуаныш-қызығын, ырыс-бағын көтере алмайды, дос дегеннің не екендігін білмейді. Дұрыс дос таңдай білу — өмірлік мақсаттардың бірі. Саясаттанудағы Достық ұғымы мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, мәдени мүдде тұрғысынан ынтымақтастық орнату шараларын бейнелеу үшін қолданылып жүр. Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді. Елімнің қабырғалы, әлем елдерінің алдында мақтан тұтарлықтай мемлекет болғанын армандаймын және соған өзімнің үлесімді қосуға тырысамын.

Қабен Қымбат

8 сынып, Баянауыл мектеп – интернат

Баянауыл ауданы

Жетекшісі:Рымхан А.

Кеменгер атам, Мәшһүр бабам!

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шоқтығы биік, дара тұлғалардың бірі. Ол - ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен қазақ әдебиетінің белгілі тұлғасы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бес – он бес жас аралығында Алланың ғылымын, араб – парсы, шағатай, түрік тілдерін жетік меңгерген.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ойлары өзіндік бір деректілікке негіздейді, себебін түсіндіреді, құпия сырына үңіледі. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының « айдан – жарық, күнінен-раушан »түйінді ой - пікірлері айрықша маңызды. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұрасын зерттеушілердің айтуына қарағанда оның еңбектері шамамен 30 томдық еңбекті құрайды. Бірақ сол еңбектерінің түгелі дерлік біздің қолымызға өкінішке қарай жеткен жоқ. Осы еңбектерінің көбі ескі қаріппен жазылған, сондықтан да ғалымдар оны толық оқи алмады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің 73 жасында қайтыс болатынын білді, сол себепті де өзінің жерлейтін орнын көрсетіп кеткен. Мен Мәшһүр атамды үлгі тұтам және де шығармаларын сүйіп оқимын.Өткен жылғы жаз айында жолым түсіп , Мәшһүр атаның туған жеріне барған едім. Онда мен Мәшһүр атамыздың басына арнайы салынған кесенеге бардым. Ол кесене Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылында 1999 жылдың 23 қазанында ірге тасы қаланған екен. Кесене орналасқан алаң 6,2 гектар жерді қамтиды. 2006 жылы қайтадан күрделі жөндеуден өткізіліп, халықты қуанышқа бөлген еді. Шаңырақ түрінде көгілдір түсті күмбез алтын жарты айды қиып тұр, аспанға ұмтылған көгілдір мұнаралары мен зор баспалдақтар жаңа мешітті

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

көркемдете түсті. Мешіт ғимаратының мөлшері 48х48 метрді құрайтын сегіз қырлы жұлдызды бейнелейді, мұнараларының биіктігі – 63 метр, жарты айлы күмбездердің биіктігі – 54 метр. Мешіттегі хрусталь «Зумрад» люстрасы Ташкентте жасалған екен. Кесененің ішінде 434 шам бар. Кесененің архитектурасы жайлы бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ол жерге келген адамдар риза болып, жан ләззатын алып қайтады. Тіпті, сол жерге барғандар айықпас ауруларынан айығып, өлең жазатын адамдарда шабыты оянып, керемет бір күйге енеді екен.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы аты бүкіл елге жайылған. Ондай адамдар дүниеге көп келе бермейді, тіпті жоқ деуге болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - әулие адам. Ол болашақты болжай алған. Мысалға келтірсек: 1916 жылдың 25-маусымында қалың елдің дариядай толқуы басталған болатын. Ал Мәшһүр атамыздың жазбаларында былай делінген:

Қаракесек Бекболаттың Заманы

Қасқыр деген Заман еді,

Жамандық пен бұзықты

Басқа ұр деген Заман еді.

Айдабол Тайкелтірдің Заманы

Түлкі деген Заман еді,

Ойын мен мәжіліс

Күлкі деген Заман еді.

Қаракесек Алшынбайдың Заманы

Қарсақ деген Заман еді,

Біреудің бір нәрсесін алдап

Алсақ деген Заман еді.

Шұршіттің темір қақапаны,

Мұжықтың кендір арқаны - делінген болатын.

Міне, көріп отырғанымыздай Мәшһүр атамыздың осы сөзін астарлап ашып көрсек, атамыздың айтқаны дәл келеді. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерін жалықпай оқи бергің келеді. Мен осындай Ұлылардың кіндік қаны тамған Баянауыл құт мекенінде туғаным, Аллаға мың да бір ризашылығымды білдіремін!

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Қадырхан Ақерке

8 сынып, "Жас дарын" мектеп
Павлодар қаласы

"Мәңгілік ел"

Жалғыз Отан - тәуелсіз Қазақстан.
Н. Ә. Назарбаев

Шіркін, мен қандай бақыттымын!

Елеулі елдің ерке қызы болып туғаныма... Неге маған қолыма ақ қағаз бен қалам алып көсіліп бір шаппасқа? Неге маған бақытыммен бөлеспеске...?

Арайлап атқан таңдарың, әсем батқан күндерің, дариядай суларың, туған жер, әр түкпірің керемет қой біз үшін. Туған жер - кіндік қан тамған жер. Ондай жер пендеде жалғыз ғана. Адам өмірінде киелі орын алатын жер. Алғаш тәй - тәй басқан, тұңғыш "ана" деп күлім қаққан киелі жер. Нақты осы азғантай жер пендені елімен, өткенімен, болашағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан адам бойында туған жерге деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған үй, туған көше, туған қала. Осының бәрі жан иесіне жастайынан қымбат.

Бүгінде туған жеріне орала алмай жырақта жүргендер қаншама? Шетелдегі қандастарымыздың аңсағаны - туған жеріне, туған топырағына оралу. Үкімет оларға бар жағдайды жасап, елге қайтаруда. Қазақ халқының "Туған жердің түтіні түзу шықсын", "Туған жердің ауасы шипа", "Туған жер - тұғырың", "Туған жерден топырақ бұйырсын" дегендей көп мақал - мәтелдер мен нақыл сөздер бар. Осы айтылғандарға терең үңілсек, туған жердің қадірі, түпкі мағынасы Отанды сүю екенін түсінесіз.

Қазақстан - көп ұлтты, кең байтақ, ұлан - ғайыр жер. 130 - дан астам ұлт өкілі өмір сүріп жатқан ел. Әрқайсысының жағдайын ойлап, басын біріктіріп, елімізде тыныштық, бейбітшілікті сақтап отырған Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай "бақ атамыз" барда біз бақыттымыз, тату - тәттіміз.

Нұраға, өзіңсің ғой елбасымыз,
Әрқайсысын ойлаған қамқоршымыз.
Саясатың саликалы, білеміз біз,
Сол үшін әрдайым қол ұшын береміз біз.
Қазақстан болашағы - біз, жастармыз,
Сенеміз, үмітінді біз ақтармыз.
Осынау байтақ елді көтердің,
Біз - сенің қуанышты балаңбыз.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Қазақстан - дамыған шет елдермен терезесін теңестіру жолындаға держава. "Бұл әлемде ең бастысы - біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қай бағытта жылжып бара жатқанымыз" - деп Холмз айтқандай, Қазақстан Республикасы дұрыс жолда жылжып бара жатыр. Нұрсұлтан Әбішұлы жақында ғана "Қазақстан - 2050" Стратегиясын ұсынған болатын. Осы аталмыш стратегия көптеген мәселелерді қамтиды. Қазақстанның көркеюіне үлес қосатынына кәміл сенімдемін.

Егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік міртебесін алды. "Ана тілі - ұлтымыздың айнасы". Тіл - құдірет. Тіл - қасиет. Тіл - мақтаныш. Ана тілді қастерлеп, қадірлеу - адамзаттың борышы. Ана тілі әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Туған тілді сүйген адам - туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі - адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер - ана тілі. Тіл - қай ұлттың болмасын тағдыры мен тарихы, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қарым - қатынас құралы. Тіл болмаса, сөз болмайды. Сөз болмаса, адамзаттың тірлігінде мән - маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Тіл - халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Тіл - атадан балаға мирас болып қалатын баға жетпес мұра.

Мен "Отаным" деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, зор асқақтықпен айта аламын. Себебі бұл күн - талай күрестердің жеңісі. Бұл атқан таң - қуанудың белгісі. Осы тірі жүрген заманның артында қанша еңбек, қанша тер төгілгенін өздеріңіз де білесіз. Енді, осы елімізді көркейту біздің, келер ұрпақтың, қолында.

Біз - ұрпағы кемелденген қазақтың,
Әр күн болғай қазақтыққа азат күн.
Бейбіт өмір тілеймін мен ұрпаққа
Білемесін деп не екенін азаптың.
Асқақ туды биік ұстау парыз шын,
Мен мәңгілік туған елге қарызбын.
Өтеу парыз ел алдында борышты,
Болсаң егер адам өсер нар мүсін.

Мен болашақта Қазақстанның "Азия Барысы" атанатынына сенемін. Оған көптеген үміт арта тұра, оның үмітін ақтауға тырысамын. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мына өлең жолдарымен сабақтағым келеді:

Ұзақ күндер ұзартады тандарын,
Сендік бақыт менің - дағы жанғаным.
Жігеріммен бар күшімді әрқашан
Қазақстан, бір өзіңе арнадым!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Қайролла Алуа

7 сынып, «Жас дарын» мектебі
Павлодар қаласы
Жетекшісі: Әбдіжүсіпова Б.Х.

О, туған жер! О, атамекен!

Кеңсің дала,
Туған ана.
Көйлегің кең көк ала.
Жан беретін,
Тән беретін,
Мірімді ана, сен ғана!
С.Сейфуллин.

О, қазақтың қасиетті қара топырағы! Менің ата-бабамның асылы, ұрпағына қалдырған баға жетпес мұрасы, ең аяулы дұғасы, баға жетпес байлығым. Атамекен, Отан, туған жер... Бұл сөздер - әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер қасиетті сөздер.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент. Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің кіндік тамған жерім- Павлодар өңірі.

Павлодар дегенде көз алдыма шалқыған жайлау, түтіні бұрқыраған ауыл, жазық дала елестеп, бақтағы бұлбұл құстың үні мен айдын көлдегі аққу құстың қиқулаған даусы құлағыма келеді.

Павлодар – солтүстік Қазақстанның мәдениет пен өнерімен танылған орталығы. Біз, павлодарлықтар, өз халқымыздың тарихын мен мәдени ескеркіштерін қасиеттеп қорғаймыз. Мұражайлар, көрмелер, мәдениет жетістіктерінің тұсаукесерлері мұнда өте танымал және келушілерге бай. Қаламның тарихы бай және оның ертеден келе жатқан мәдени дәстүрлері бар. Павлодар Ертіс өңірі - атақты ғылым, мәдениет және өнер қызметкерлерінің Отаны болып табылады.

Мен өз туған өлкемді мақтаныш ете аламын. Жасыбай, Ақбет сияқты асқардай биік таулары, Ертістей айдын өзен- көлдері. Ақ шарбы бұлттары көздің жауын алады. Табиғатты біз әрқашан көздің қара шығындай сақтауымыз керек. Сабембі, табиғат – біздің алтын қазынамыз. Біздің Кереку

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

облысында жер жаннаты саналатын Баянауыл өңірі асқан сұлулығымен адамды өзіне тартады.

Тағы да біздің мақтанышымыз – белгілі Қаныш Сәтбаев, Григорий Потанин, Әлкей Марғұлан, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шапық Шөкин, Жұмат Шанин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Дихан Әбілев, Шәкен Айманов, Жарылғапберді, Жаяу Мұса, Иса Байзақов, Сәбит Дөнентаев, Павел Васильев сияқты белгілі ақын – жазушылар, ғұламалар. Олар өздерінің туындыларымен, өздерінің атымен Павлодар жерін бүкіл Қазақстанға таныта білді. Әрқашан оларды ұмытпай, мақтанып жүруіміз керек. Себебі, бұл – біздің парызымыз.

Туған жердің қадірі - өзге елге кеткенде ерекше білінеді. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп бекер айтпаған ғой. Расымен де, басқа елде адамның орны басқа, ал өз елінде адамның рөлі басқа. Адамзаттың туған жеріне деген сезімі ешқашан өшпейді. Әр перзенттің жүрегінде туған жер ерекше орын алады. Өз елінен жырақта жүрген, сағынышын білдірген ақынның мына өлең шумақтарымен шығармамды аяқтағым келеді:

Армысындар, туған жер, туғандарым,
Кезіп жердің тау-тасын, нулы орманын
Келіп тұрмын, безгем жоқ өздеріннен
Мені алысқа сендерден қуды арманым.

Қамидолла Серік

9 сынып, Абай атындағы орта мектеп
Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы
Жетекшісі: Ертаев Н. Б.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні

Адам баласы, адамзат қоғамы қашанда алдағы болатын оқиғаны әрі аңсай, әрі абыржи тосқан ғой. Әсіресе, ғасыр, мыңжылдық сынды, тарихта өшпес ізі қалатын межелі кезеңдер таянғанда қатты қобалжығаны рас. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басу үшін де бір ғасыр бойы дұрыстап әзірленіп, әр қилы милленаристік қозғалыстарды бастапты. Сарыуайымшылдар қауымы: «Киелі кітапта айтылатын қиямет-қайым деген орнаса, осы жолы орнайды. Жасаған күнәміз, істеген жаман істеріміз шашымыздан да асып кетті. Ол үшін күллі адамзат болып жауап беретін кезіміз енді келді», – деп қорқыпты. Қиялшылдар қауымы: «Жаратқанның жердегі, ақ желкенді кемемен жақсылық жағасына асыққан үмбетін тегіс жарылқайтын заманы енді орнайды. Қой үстіне

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

бозторғай жұмыртқалайтын заман орнауын талай күтсек, енді сол заманға аяқ бастық», – деп қуаныпты.

Сөйткен жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдық келді. Сол ғасырдың қызығын көріп өмір сүріп жатқан біз бір пендеміз. Сәуегейлер қанша күйқылжытқанмен, әзір бәрі бәз-баяғысынша. Таң орынынан атып тұр. Күн орынынан батып тұр. Қиямет-қайым болған жоқ.

Адамзат жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік алақызбалыққа ұрынып, еліре аттапты. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Тәңірім, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық табалдырығынан аттап отырған біздерді де қай-қайдағы әулекіліктерге ұрындырмай, етек жиып, ес түгендеп алуымызға мұрша бергізгей. Алтын уақытымыз тәуелсіз елдік бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейміз.

Төңірегімізге осы тұрғыдан көз тастасақ, көкте бір Тәңірге, жерде бір өзіңе ғана сеніп, көреміс жарықты көріп, бұйырмыс ырзықты татып, сүйгізген ұрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмырға пейіл болудан басқаның бәрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастағандай. Оған да «шүкір» дейміз. Көңілге медет қыларымыз тек бір бұл емес. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты.

Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден-ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын жеңуі сақ қызы — Тұмар падишаның ерлік істері. «Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар?!» деп тұрсыңдар ғой... Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді-жерімді қорғадым, — деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғағаны сөзсіз. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» — деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан, ержүрек батыр қыздардың Қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз, ерліктеріне сүйсіне қараймыз.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Топ жарған саңлақтай, біртуар нар тұлға ғой,
Қаншама дала, қала көтерді өзіңмен бой.
Ұрпаққа үлгі-өнеге болады әрбір ісің,
Ел ұлы абыроймен ақтаған ел үмітін.

Ашылды айқара есік осынау халқымызға,
Ұмыт боп кетіп еді, ата-жұрт салтымыз да.
Хабары тәуелсіздік жетіп ед өзіңізбен,
Басқалар таң қалады шын атақ даңқымызға ...

Астанам бейбітшілік қаласы боп атанды,
Елімнің көш ілгері басқаны байқалады.
«Еуропа ұйымына төраға болды ағам,» - деп,
Ұрпағы мақтанышпен айтып жүр, айтады әлі.
Қанатын жайып халқым, кеудесін керді кеңге,
Спортшы жастарымыз жеңіспен келді елге.
Жер-жерге даңқы шығып, танылды жақсы атымен,
Болды ғой басқаларға таң қалар үлгі-өнеге.

Жылылық шарпып өтіп, жүректің үніменен,
Шығарма жазып отырмын өз ана тілімде мен.
Бұл шіркін арманы еді, шың болған бабалардың,
Бас иіп сан ұрпағы, үлгі етер ағаларын.

Елміз ғой сыйлай білген, қашанда елін, ерін,
Көтерген биік қойып тұлғалы кемеңгерін.
Сіздердей ағаларым бар ұлы дана болған,
Мәңгілік Қазақстан, мен неткен бақытты едім!

Молдабай Ляйля

11 сынып, №35 мектеп
Павлодар қаласы

**Патриот болу – Қазақстан мемлекетін
өз жүрегінде сақтау**

«...бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының,
қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының
барлық жүйесіне, әрбір отбасына қатысты. Ал, оны елдің

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Туын, Елтаңбасын, Өнұранын кастерлеуден, заңды өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн»

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік білім құжаттарында маңызды орынды патриотизм, патриоттық тәрбиеге береді. Әсіресе, жас ұрпақ өзінің «қазақстандық» екенін мақтанатындай етіп тәрбиелеу қажет екенін айтады. Отанын сүю және азаматтығын мақтан тұту, өз Отанының болашағы үшін, мамандығы үшін қызмет ету, ана тілін жетік меңгеріп сүйе білу, халқының салт-дәстүрін, ерекшеліктерін білу, дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау, өз отандастарына, сондай-ақ басқа да ұлт өкілдеріне адамгершілік көзқарас білдіру патриоттық тәрбиенің негізгі мазмұны болып келеді. Қазақстандық патриотизмнің басты және қажетті мәні - кеше мен бүгіннің байланысы, ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлерінің, мәндерінің, құндылықтарының тоғысы. Патриотизмнің қайнар көздері - ел тарихын терең білуде, оның тәуелсіздігі мен гүлденуін қамтамасыз еткен, оған күш салған бабаларымыздың іс-әрекетін ұғыну мен құрметтеуде жатыр. Елбасымыз өзінің бағдарламалық мақаласында: «Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру, демек зейнет жасындағы, бірақ еңбекке қабілетті жастағы адамдар санын арттыру денсаулық сақтауды дамытудың нақты нәтижесі болып табылады» - дей келіп, алдыңғы аға ұрпақтың мол тәжірибелерін пайдалану қажеттігін ескертеді.

Қазақстандық отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елдегі барлық халықтарды достық қатынасқа тәрбиелеу аса маңызды міндет. Қазір Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет. Мұнда көптеген ұлттар мен халықтардың бір-бірімен тату-тәтті, сыйластық, ынтымақта қатынас жасауы тиіс. Қазақстан олардың бәрінің Отаны болғандықтан, біздің елді мекендеген барлық халықтар отаншылдық рухында тәрбиеленуі қажет. Қазақстанның байырғы тұрақты халқы – қазақтар, жердің де, елдің де негізгі, түпкі иесі солар. Сондықтан да алдымен қазақ жастарын отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерекше маңызды. Патриоттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру үшін әр уақыттағы қазақ халқының басынан өткен оқиғаларды айта отырып, түсіндіру қажет. “Бір жылға жоспар құрсаң егін ек, Жүз жылға жоспар құрсаң ағаш ек,

Болашаққа жоспар құрсаң баланы тәрбиеле”, - деп шығыс нақылында айтылғандай, біз - жас ұрпақ патриоттық тәрбие негізінде тәрбиеле алсақ, егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгілік желбіремек.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Өз халқыңның тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу - патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Патриот болу – Қазақстан мемлекетін өз жүрегінде сақтау» деген сөздері терең ой салады. Өз елінің патриоты болу әрбір азаматтың парызы мен міндеті. Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім өзінен-өзінен қалыптаспайды, ол оқу-тәрбие үдерісінде мемлекеттік саясат негізінде жүргізілуімен қалыптасады. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу. Қазақстанның мектеп оқушыларына этностық ерекшеліктерімізді, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін насихаттау жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің жолы болып табылады. Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде келе жатқан күрделі үдеріс. Әр ұрпақ өзінен бұрынғы ұрпақтың жалғасы. Менің ойымша, патриоттық тәрбие сүйенетін негізгі ұғымдар – «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм». Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын адам бойына сіңіру. Оны қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ал Қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Бұнда жалпы еліміздегі тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінен тұратын Қазақстан азаматтарын, олардың ұлтын, шығу тегін, тілін, дінін, салт-дәстүрін, мәдениетін құрметтеумен айқындалады.

Тарихымыз көрініс тапқан қазақ әдебиетіндегі туындылар ежелден қалыптасқан қазақтың отансүйгіштігін, ұлтжандылығын айқын көрсетеді. Оған қазақтың мақал-мәтелдері де дәлел. Мәселен, туған жер, отан туралы мақал-мәтелдер: «Отан үшін отқа түс - күймейсің», «Отанды сүю отбасынан басталады», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмады, т.б. Қазақ әдебиеті ішкі дүниені, рухани-адамгершілік келбетін қалыптастырады. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тапқан. Мұның өзі халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді. Мәселен, лиро-эпостық жырлар, қазақтың би-шешендерінің сөздері, жыраулар поэзиясы ұлттық таным патриоттық тәрбие берсе, ежелгі дәуір әдебиетіндегі Түрік қағанаты заманында қолбасшы болған Күлтегіннің, «Оғыз Қаған» дастанында Оғыз батырдың түркі елін жаудан қорғаудағы ерлік істері, әскери жорықтары, даналығы сана-сезімдегі патриоттық сезімнің қалыптасуына оң әсер береді. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсірген қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлерін, үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде көп пайдаланамын. Мысалы, Жамбыл Жабаевтың «Патша әмірі тарылды» өлеңі 1916 жылы Ресей патшасының жарлығымен қазақтың жігіттерін майданға кара жұмысқа алғаны жөнінде суреттейді. Ол жарлық рухы биік қазақ халқын қорлаумен бірдей еді. Халық наразылықтарын білдіріп, көтеріліске шықты. Бұл өлең қазақ халқының намысшыл, өз елінің ертеңгі жарық сәулелі күні үшін жан қияр халық екенін ұғындырады. Сондай-ақ, батырлық жырлардың да білімділік және патриоттық сезімді тәрбиелеудегі мәні зор. Қандай шығарма болса да, оның негізгі мақсаты – тәрбие. Ауыз әдебиеті – халықтың ой-санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын тарихи мектеп. Ұлы ойшыл Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – деп білім беру мен тәрбие ісін етене бірлікте алып, біртұтас жүйе ретінде қолдану керектігін меңзейді. Тәрбие адам тағдырын, оның рухани өмірінің негізін сақтайды. Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүюге баулып келеді. Бүгінгі өскелең ұрпаққа отансүйгіштік ұлттық сана-сезім аса қажет. Осы қасиеттерді ұрпақ бойына дарытатын қоғам, орта екені даусыз. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие берудің түпқазығы - мемлекеттік рәміздеріміз болып табылатын Елтаңба, Ту, Әнұранды дәріптеу. Мемлекеттік рәміздер - елдің өмір-салтын, бүкіл болмыс-ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін, еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші әрі мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты сияқты бірегей негіздері мен салт-дәстүрін айқындап көрсетеді. Әр елдің мемлекеттік рәміздері географиялық, мәдени-тарихи және геосаяси жағдайларына байланысты қалыптасады. Азаматтардың бойында ұлттық нышандарға - Туға, Елтаңбаға, Әнұранға, сондай-ақ мемлекеттік мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауының өзі елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Мемлекеттік нышандар мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі ретінде, патриоттық сезімді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады, ұлттық мақтаныштың белгісі болып табылады.

Тарихқа үңілсек, қазақ мемлекеттілігін қамтитын рәміздер тарихы үш кезеңмен айқындалады: Қазақ хандығы, Кеңес одағы құрамындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы және Қазақстан Республикасы. Қазақстан

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Республикасының бас рәмізтанушысы Е.Шәймерден елтаңбаның қарапайым пішінінен күрделі түріне дейінгі дамуы бірнеше кезеңнен тұрады деген пікір білдірді. Бірінші кезең ерте әлеуметтік белгілердің пайда болуымен сипатталады. Қазақ қоғамында көнеден келе жатқан белгінің бірі - малға ен салу. Екінші кезең – тайпалық таңбалар, үшінші - мөрлердің пайда болуы, төртінші - рулық таңба, бесінші – аймақтық және қалалық герб, алтыншы, ең жоғарғы деңгей – ресми бекітілген мемлекеттік елтаңбаның болуы. Ол белгілер әр түрлі салт-жораларда пайдаланылып, ру-тайпалардың басын біріктіруге ықпал етті. Қазақстанның қазіргі таңдағы Елтаңбасы үлкен еңбектің арқасында, екі сәулеткер Жандарбек Мәлібек пен Шота Уәлихановтың шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келді. Елтаңбадағы шаңырақ - өз ұлтымызға ғана тән, сәтті таңдалған нышан. Шаңырақ қай кезде де қазақ үшін отбасының берекесі мен тыныштығының белгісін білдіріп келеді, еліміздегі барша халықтарды бір шаңырақтың астына шақырып, біздің ортақ үйіміз - Қазақстанның мықты уықтарына айнаруды үндейді. Ал мемлекеттік туымыздағы бірыңғай көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартса, 1986 жылы бостандық аңсаған қазақ жастарының бейресми әнұраны болған «Менің Қазақстаным», бүгінгі күні әрбір Қазақстандық азамат түрегеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып нағыз патриоттық сезіммен тебірене шырқайтын Әнұранымыз.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие - ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір–салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Олар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толықтай Адам дәрежесіне жетеді. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Демек, рухани байлыққа ең алдымен — тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл — қазақ болуымыз үшін, дін – адам

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

болуымыз үшін, салт-дәстүр —
ұлт болуымыз үшін қажет.

Патриоттық тәрбиені ойға алғанда, бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Олай болса, патриотизм — қоғамдық сананың бір формасы, ол қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мағынаға, мазмұнға толықтырылып отырады. Патриотизм — әлеуметтік тарихи қалыптасқан сезім. Ол Отанға деген сүйіспеншілік сезім, олай болса ол Отанға қызмет көрсетуден басталады. Ендеше, жас ұрпақ, ұлттық тілдің мерейін үстемдет, дінің мен салт-дәстүрінді сақта, өз еліңнің нағыз патриоты бола біл!

Муратхан Қымбат

6 сынып, Тіленшін атындағы мектеп
Ақтоғай ауданы

Отан оттан да ыстық

Отансыз адам –
Ормансыз бұлбұл.

Тарих парақтарын ақтарсақ, қазақ халқының азаттық жолында ерлік пен елдіктің талай үлгісін көрсете білген ата-бабаларымыздың табанды күресінің арқасында «Қазақ» деген іргелі елдің шаңырағы көтерілгенін білеміз. Пешенесіне талайы тағдыр батпандап қайғы мен қасірет жазған халқымыздың азаттық үшін туылған ақтық бұлқынысы желтоқсан жаңғырығына айналып, әлемді дүр сілкіндірді. Сол сілкіністен бастау алған азаттық күрес 1991 жылы Тәуелсіздік болып салтанат құрды.

Бұл –қазақ үшін, Қазақстанды Отаным, елім, жұртым деп білетін әрбір қазақстандық үшін үлкен оқиға, зор қуаныш. Ендігі жерде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол –Тәуелсіз Қазақстан.

Тәуелсіз елдің тілегі –бейбітшілік, тыныштық, келешегі –білімді ұрпақ. Сен қай жерде дүниеге келсең, сол жер түгелдей сенің иелігінде. Мен қазақстанда тұрамын. Ол –менің Отаным.

Халқымыз «Отан от басынан басталады. Отан оттан да ыстық » деп бекер айтпаса керек. Менің шағын отбасымнан жылулық, береке тарай отырып, Отанымның біртұтас, ынтымақта болуына үлес қосылады. Шаңырақсыз үй болмайды. Тірексіз үйдің шаңырағы ортасына құлап түседі. Сондықтан әр отбасының керегесі кең, босағасы берік, бірлігі бекем болса, Отанымыз да гүлдене бермек.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Осы орайда «мен кіммін?» деген сұрақ туындайды. Мен –Қазақстан Республикасының Азаматымын. Туған жерім –Қазақстан Республикасы. Менің елім –егемен, тәуелсіз мемлекет. Республикамыздың негізгі рәміздері – Елтаңбасы, Туы, Әнұраны және Ата Заңы бар.

Мен –Отанымның жас ұланымын. Сондықтан өз жерімді, өз елімді ата-бабаларымыз бен әке-шешелеріміз сияқты қадірлеуге, сүйуге, қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық.

Отаным менің
Отан –жерім, Отан –суым,
Отан қуат, нәр береді.
Отан –ұран, Отан –туым,
Отан мәңгі гүлденеді.
Туған елім –топырағым, тұмарым,
Алыс кетсем Отаным деп туладым.
Отанымды қорғаймын деп серт беріп,
Туғанымнан Отаным деп ұғамын.
Ертісі бар, орманы бар жайқалған,
Астанада дәу Бәйтерек байқалған.
Отаныңа көз салсаң сен қиырдан,
Зәулім үйлер алыстан да байқалған.

Мұхаметжан Ақбөпе

9 сынып, Шөптікөл орта мектеп

Баянауыл ауданы

Жетекшісі: Абилова Г. Н.

Мәңгілік елдің – мәңгілік тіл

Он жетінші қаңтар — қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Елбасы Қазақстан халқына жаңа "Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" жолдауын жолдаған болатын. Осы жолдаудағы Нұрсұлтан Әбішұлының әрбір сөзі жүрекке жылылық ұялатып қана қоймай, біздің болашаққа деген сенімімізді еселей түсті.

"Қазақстан – 2050 стратегиясы " болашақта бізге жол көрсетер бағытымыз екенін барлық жастар біледі. Жолдауда айтылған барлық бағдарлама біз үшін өте қымбат. Көздеген мақсатқа жету үшін қандай қадамдар жасайтынымыз бізді қатты ойландырады. Бұған жастардың қосар үлесі мол. Бізді қуантатын жағдай ол – халқымыздың әлеуметтік жағдайы жақсарғандығы, ол –Елбасымыздың халық жағдайын бірінші орынға

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

қойғандығы. Қазір өрлеу жолында болғандықтан, дамыған 30 елдің қатарына кіру бәсекелесі – басты мақсат. Жаңа Қазақстанның болашағы – біздің қолымызда! Біздің бойымызда патриоттық рух Отанға деген құрмет сезімімізді оятып, әр жастың бойына жігер берді.

"Мәңгілік ел" қатарынан Қазақстанның өшпес орнын табуы Елбасымыздың дұрыс саяси бағытына байланысты. Елдігіміз бен бірлігіміз шындалған бұл шақта Қазақстанның "мәңгілік ел" болып қалуына өз үлесімізді қосамыз. Сонымен қатар дамушы елдер қатарынан инновациялық технологияларды қолдана алатын жаңа Қазақстан құрамыз. Бұл жолдау жүрегімізде үміт отын жандырды. Елбасы өз жолдауында студенттердің шәкіртақысы және білім қызметкерлерінің жалақысы өскендігі жайлы айтты. Яғни білім жіне ғылымға аса зор көңіл бөлді.

Елбасының тілге жасаған қамқорлығы ұшан-теңіз екендігі жалғыз қазақ ұлтына емес, жалпы қазақстандықтар жақсы біледі. Сондықтан да тіл саясатын қадірлейді, қолдайды.

"Ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін", – деген екен қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы. Бүкіл әлемдік дағдарыс жағдайында ертеңін ойламаған елдің есесі кетеді. Ал " Қазақстан – 2050 " стратегиясы ендігіде қазақ мемлекеті үшін темір қазық іспеттес, қай кезде де жол сілтей тұрмақ.

" Мәңгілік ел " идеясына қатысты пікір білдіретін болсам, менің ойымша, бұл ішкі саяси, экономикалық, халықаралық қорғаныс, ұлтты сақтайтын қорғаныс идеясының туындады деген ойдамын.

Біздің күш-қуатымыз – біздің дәстүрлерімізде, біздің тарихымызда, біздің қазіргімізде, болашағымызда. Біз – әлем таныған елміз. Біз Қазақстандықтармыз.

" Қазақстан – 2050 "- біздің еліміздің даму жолы, біздің күш-қуатымыз. Бұл сөздер әр отандасымыздың жүрегінде еліне деген шексіз мақтаныш сезімін оятпақ.

"Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар: Ана тіліміз мәңгілік Елбасымызбен бірге мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттық ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз ат салысуымыз қажет " , - деп ой түйді Н. Назарбаев. Бұдан артық айту мүмкін бе?! Шынымен, ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымне өзін қамшылауы тиіс. Сонда ғана қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналады.

Кез келген елдің мемлекеттілігін айқындайтын негіз қалаушы фактор оның тілі болып табылады. Тіл – мемлекеттік нышан ретінде танылатын басты құндылық. Қазақ халқы өз тілін ардақтап, кие тұтқан. Тіл құдіретін танып, "Өнер алды – қызыл тіл", "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ" деп дәріптеген.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін – келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

Бүгінгі күндерде ана тіліміз теңдігін алып, мемлекеттік тіл болса да, көпшіліктің арасындағы саңырауларға әлі де болса самалы тимей жатқаны, жасырын емес. Қазір көптеген жастар тілімізді шұбарлап, өз ана тілінде тұрпайы сөйлейді.

Тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Осы орайда ақын Қадыр Мырза Әлидің :

Ана тілің – арың бұл,
Ұятын боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

деген өлең жолдарын айта кеткім келеді.

Ана тіліміз – біздің ең басты байлығымыз. Біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан жүргізілетін барлық іс қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз – өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмаймыз.

Біздің тіліміз – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, өз атамекенімізде жүргендіктен, өз тілімізде сөйлеу – басты парызымыз.

Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеруі міндетті.

Қорыта келгенде, елбасының "Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты жолдауында айтылған " Мәңгілік ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру, осы идеяның басты тағаны ретінде қазақ тілін дамыту – әр қазақстандықтың парызы мен алдағы жұмыстардың нақты бағыты. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев алдымызға қойған ұлы міндеттерді іске асыру, қасиетті қазақ жерінде парсатты қоғам құру мақсаттарын жүзеге асыру үшін ұйысуымыз, жұдырықтай жұмылуымыз керек.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Мэлс Айну

9 класс, филиал АОО «НИШ»

г. Павлодар

Руководитель: Оразалина К.Р.

Родной язык

«Казахский язык всеми
исследователями признан самым
чистым среди тюркских языков...»
Мелиоранский П.

Родной язык красив и необычен. Сколько великолепных произведений написано на этом языке. Казахским языком нельзя не восхищаться, ведь с помощью его можно передать всю красоту окружающего мира, а также внутренний мир человека.

Казахский язык – самый напевный, самый искусный и красноречивый. Казахи отличаются от других народов удивительным ораторством и находчивостью. Он передает мысли очень точно и ясно.

Казахский язык – это неоценимое духовное богатство, с которыми живет народ, передавая из поколения в поколения мудрость, славу, культуру и традиции. В нем необъятная душа народа, величие его народа. Он – путеводная нить к высотам мировой культуры, к свету знаний.

Родной язык... Он такой неповторимый, мелодичный и певучий, так как вобрал в себя гул полей и лесов, ароматный, пьянящий запах родной земли. В народе нет большего сокровища, чем его язык. Язык – это характер народа, его память, история и духовное могущество. В нем отображаются обычаи, традиции, быт народа, его ум и опыт, красота и сила души. Язык – важнейший компонент культуры. Он вековой труд целого поколения. Радостная или горькая, гневная или нежная летит крылатая песня. Песня – это язык.

Задача будущего поколения сохранить казахский язык, не дать ему исчезнуть. Если исчезнет язык, то вскоре прекратит свое существование и вся нация. Родной язык не менее ценный, чем и полезные ископаемые, его нельзя купить или продать, им можно только гордиться и восхищаться. Я горжусь, что этот прекрасный язык – мой родной.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Нажмиден Аружан

9- сынып, Бірлік мектебі
Баянауыл ауданы

Туған елімнің, байтақ жерімнің патриотымын!

Атамекен – бабаларымыздан ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан киелі мекен, «кір жуып, кіндік кескен өлке», ұлы қоныс. Қорыта айтқанда, аталарымыздың кейінгі үрім-бұтағына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы. Ата жұртын өзге елде өмір сүріп жатқан қандастарымыз сағынышпен жырлайды. Ал осындағы халқымыз қасиетті атамекені – Қазақстанды әрқашан жан-тәнімен сүйеді, мақтан тұтады. «Жайлаукөл кештері», «Сыр өңірі», «Туған жер», «Атамекен», т.б. әндерді тыңдағанда, ол әннің әдемі әсері арқылы туған елге деген мөлдір махаббатты сезінеміз. Бұл – біздің бойымыздағы туған елге, жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің белгісі деп білемін. Осы орайда мен елім үшін не істедім деген ой келеді? Мен патриот екенімді қалай дәлелдей аламын? Мен – патриотпын! Себебі, мен өз жерімді, елімді сүйемін. Бірақ патриот болу үшін менің ойымша, бұл бізге, жас өренге аздық етеді. Болашақта Президентіміздің жас ұрпаққа жасап жатқан зор еңбегін жалғастыратын, яғни ой-санамыз дамыған, болашақта кемелі толған білімді азаматша болып, жұмыс жасап, елімнің гүлденуіне үлкен үлес қоссам, сонда ғана мен патриот екенімді дәлелдей аламын!

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», - дейді қазақтың мақалында. Адам үшін туған жеріне, туған еліне жететін ешнәрсе жоқ. Сондықтан да әр адамға өз туған жері ыстық. Менің кішкентай Отаным – ол менің туған жерім. «Отан отбасынан басталады» демекші, менің туған жерім – Баянауыл ауданы, Бірлік ауылы. Иә, табиғат - ғажап мүсінші, теңдессіз архитектор, тапқыр құрылысшы. Желдің жұмсақ өтімен, күннің ыстық нұрымен мүсін сомдағанда алдына ешбір жан салмайды. Бұған ешкім сенбесе, Баянауылдың тауларын талмай аралап, жалықпай жаяу кезсін. Орманы мен қырында қасқыр, түлкі мен қоян өреді. Ақ тиіндер адамды жатырқамай, алақаннан жаңғақ шағады. Мен үшін жаратылыс жомарт Ана Баянауылдан ешбір асылын аямағандай. Баянауылдың әсем табиғатын тілмен айшықтап суреттеу мүмкін емес. Баянауыл тауында екі тас үңгір бар. Оның бірін «Қоңыр әулие», екіншісін «Әулие» деп атау әдеті де қалыптасқан. Осы бір екі үңгір жайлы ел аузында жырмен өрнектелген өлең жолдары тағы бар:

Бір тас бар әулиелер мекен еткен,
Тамаша күдіретімен ғажап еткен.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Сыртынан бәрі тұтас көрінсе де,
Ұшына төбесінің көз жетпеген.
Тұрады жоғарыдан суы ағып,
Мұқтаждар түнейді екен шырақ жағып.

Әулие бұлақ суының емдік қасиеті барын ауыл тұрғындары бұрыннан-ақ білген. Оның қасиеті сол- дертке шипа, жанға дауа бола білген. Ол асқазан, ішек ауруларына өте пайдалы. Мұның минералды заттарға бай екендігін ғалымдар да анықтады.

Отан! Ол менің осы бір ғажайып өлкем! Осы бір бар болғаны төрт әріптен құралған ұлы сөздің сарқылмас қуаты асқақ сезімге толы қуаныш шуағына кімді болсын бөлемей қоймайды. Отан жайлы жыр да, қара сөзбен жазылған әңгімелер де әрбір халықтың рухани мәдениетінде молынан кездеседі. Бұдан біз әр ұлттың, халықтың туған жерін, Отанын ардақтап, анасындай қастерлейтінін байқағандаймыз. Иә, қазақ халқы да туған жер қадірін жас ұрпақ бойына, санасына бала кезінен-ақ сіңіруге ұмтылғандығын, ел мен жер жайлы айтқан мақал-мәтелдерінен, аңыз, жыр-дастандарынан көреміз. Ел аузында: «ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне», «туған жердің ауасы да шипа», тағы да басқа әсерлі қанатты сөздеріміз жетерлік.

Туған жерін сағынғанда патшалығын тастап, елге тартқан Бейбарыс баба туралы айтылған аңыз да жүрекке жылы тиеді. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ел қорғаған батыр бабаларымыз бен аналарымыздың бізге қалдырған аманатындай туған елімізді қорғау, нығайту – бәрімізге парыз. Тарихтың арғы терең сырларына үңілмей-ақ, осыдан жетпіс жылға жуық уақыт бұрын дүниені дүрліктерген сұрапыл соғыста біздің бақытымыз бен болашағымыз үшін жауға қарсы тұрған жауынгерлеріміздің көбі елі үшін ерлікпен қаза тапты. Еліміздің егемендігін алу жолында 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында қазақтың жаны қайсар, рухы биік жастары қыршын кетті. Өкініштісі, еліміздің бостандығы үшін күрескен батыр аталарымыз бен ағаларымыз бұл қуанышты көре алмай көз жұмды.

«Өткен күнге өкініш жоқ» дегендей, мына біздер сол бабаларымыздың жолын жалғастырып, тәуелсіздігімізді сақтап, көк туымыздың тұғыры әрқашан биік болу үшін бар күшімізді салуымыз қажет. Бұл - бізге жүктелген ең басты міндет. Бүгінгі күні болашағы жарқын, келешегі кемел Отанымызды, оны күллі әлемге танытып отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты әрдайым мақтан тұтамыз. Егемен еліміздің күн сайын гүлдей жайнап келе жатқанын көріп, ертеңімізге үлкен сеніммен қадам басамыз. Ендігі бар тілегіміз – ашық аспан аясында достығы жарасқан халқымыз аман болып, елімізде бейбітшілік алауы желбірей берсін дейміз. Сол үшін де барлығымыз туған Отанымыздың патриоты болып, елдегі

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

тыныштықтың, ынтымақтың сақталуына, Қазақстанның ең мықты ел атануына бармақтай болса да өз үлесімізді қоса білгеніміз абзал. Сонда ғана біз - өз Отанымыздың нағыз патриоты бола аламыз.

Біз жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа өркениетті ұлт, егеменді ел ретінде аяқ бастық. Әлемдік қауымдастықта лайықты орынға ие болдық. Жиырма жыл ішінде Қазақстанды дүниежүзі таныды. Мен жаңа ғасырдың жас ұрпағы, егемен елдің ертеңімін. Сондықтан, ата-бабаларымыздың ерлігі мен рухынан нәр алып, Отанымның өркендеп өсуі үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын. Ол үшін кемел де терең біліммен қаруланып, ғылым мен техниканың сан қырлы тетігін меңгеруім керек деп ойлаймын.

Біздер, жас ұрпақ, жарқын болашаққа қадам басқан Қазақстанның мәртебесін асқақтатуға өз үлесімізді қосамыз!

Назарова Ирина

11 класс, СОШ №5

г.Павлодар

Руководитель: Немеренко Е.В.

Мы в ответе за все!

Кто прячет
прошлое ревниво,
Тот вряд
ли с будущим в ладу.
А.Твардовский

В наше бешеное время, когда человек и человечество устремляется в погоню за удовольствиями, преуспеванием и наживой; когда отовсюду в нашем обществе слышны разговоры о росте цен и понижении уровня жизни населения; когда телевизионный экран и компьютер закрывают собой все вокруг-так трудно остановиться и трезво рассудить, что такое окружающий нас мир, Родина, народ.

В далеком девятнадцатом веке И.С.Тургенев писал: «Во дни сомнений, во дни тягостных раздумий о судьбах моей Родины...». «Дни тягостных раздумий» о своей Родине свойственны всем поколениям, всем возрастам. Мы стараемся переосмыслить настоящее, сопоставить и проанализировать с прошлым, чтобы избежать ошибок в будущем.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

В фильме «Легко ли быть молодым?» есть такая сцена: у памятника латышским стрелкам в почетном карауле, чеканя шаг, ходит юноша - наш современник. Вопрос корреспондента:

-Что ты чувствуешь, шагая у памятника?

-Шагая, стараюсь, чтобы никто не догадался, что я ничего не чувствую...

Как можно осудить этого юношу? В чем его вина? Может быть, родители, оберегая его впечатлительность, старались не посвящать его в трагические страницы прошлого, оберегали от книг и фильмов о событиях Великой Отечественной войны? Или, может быть, недостаточно воспитали в нем чувства патриотизма в школе, в армии? Самое страшное в том, что таких юношей много, и с каждым годом становится все больше.

Поэт А. Твардовский предупреждал человечество:

Но... даром думает, что память
Не дорожит сама собой,
Что ряской времени затянет
Любую быль,
Любую боль...

Эти «быль» и «боль» стали достоянием нашей Родины, им народ и самая главная задача-не дать забыть о прошлом, не создавать условие для торжественных парадов, воинствующий молодчиков с фашистской свастикой на рукаве, для вандализма и осквернения памятников павшим в ВОВ, для торжества беспредела и беззакония. И все эти ростки фашизма, национализма дают сегодня обильные, пышные восхода. Можно ли быть равнодушным и спокойным тому, кто переживает за судьбу своей Родины? Что такое «фашизм»? С И.Ожегов дают следующие толкования: «Идеология воинствующего шовинизма и расизма, опирающиеся на не поэтические течения, так же открытая террористическая диктатура, прогрессивный режим, направленный на подавление общественных политических движений, на уничтожение демократии» В словаре И.В.Даля толкования слова «фашизм» нет. Еще в девятнадцатом веке этого страшного слова не знали. Именно двадцатый век войдет в историю человечества как «век-волкодав», объявивший войну человеку и человечности, а Европа на практике столкнется с двумя формами фашизма: Гитлеризмом и Сталинизмом.

Странно и необъяснимо сегодня то, что фашизм живет и процветает. В нескольких километрах от станции Вещенской, родины М.А. Шолохова создана усадьба- музей Владимира Мелехова, который собрал документы и факты существования фашизма на русской, украинской, белорусской земле и пропагандирует доблесть фашистских войск, утверждает, что победа фашизма

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

была бы единственным шансом спасения и освобождения Советского Союза от коммунизма. На страницах учебников истории некоторых стран откровенно фальсифицируются факты истории, умаляется роль подвигов погибших за Родину. А в городах и селах открываются памятники Бендере, и Власов, войска которых осуществляли сжигание людей, расстрелы и повешенья. Эти «бойцы» были правой рукой Гитлера, которой чинила «правосудие». Демонстрацией роста фашистской идеологии явился Майдан на Украине. Это как же можно не любить свой народ и страну, чтобы так яростно воевать с ними?

Нельзя быть равнодушными к проявлению такого «антипатриотизма».

Наша прогрессивная литература всегда была трибуной-предупреждением. В ней огромный пласт нашей истории всех веков. Но сейчас хочется остановиться на повести К.Воробьева «Это мы, Господи», в которой фашизм опроверг все человеческие нормы. Название повести - это человеческий крик, молитва отчаявшихся людей: «Это мы, Господи!» У нас отнята Родина, пища, воля, надежда... И там, на Родине, для нас некоторые придумали «Орден Блудного Сына». Мы не блудные дети, нас гнали и стреляли, а мы думали о тебе, Родина! Мы догадывались, что нас ждет, когда мы вернемся, знаем, что наших родных будут называть «ЧСИР», но зла мы не держим...» Они любили тебя, Родина. Каждый человек - участник истории. Он проживает, по Толстому, как бы две жизни: частную и роеву, поэтому его не могли не коснуться ни война с немцами, ни Освенцем, ни ГУЛАГ, ни другие формы гонения на свободомыслие. Нынешнее поколение людей средних лет и молодежи думает, что фашизм исчез с лица земли, нас все пережитое человечеством не касается. Касается! Мы обязаны помнить о кровавых следах фашизма, обязаны помешать его возрождению в новых формах. Должны понять, что любой фашизм - угроза человеческому достоинству и праву на свободу, он безбожен, поэтому приказывает: « Убий!», он кровожаден, поэтому изобретает самые изощренные формы разрушения цивилизации и убийства человека.

Сейчас на моей Родине много озлобленных и недовольных. Как учит нас история, эта обстановка - самая благоприятная для прихода к власти национал-фашистских сил. Не дай, Бог, чтобы История повторилась! Чтобы этого не произошло, нужно раз и навсегда возненавидеть фашизм, соседу, другу, брату рассказать, как он страшен и бесчеловечен. Нужно стать ближе друг к другу, милосерднее и думать не только о своей мелочной выгоде, а о всем живом на Земле. Тогда мы сможем стать «людьми из тех людей, что людям, не пряча глаз, глядят в глаза...»

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Нурахметова Аружан

9 класс, АОО «НИШ»

г. Павлодар

Руководитель: Оразалина К.Р.

Один язык, один народ, одна судьба.

На вопрос, каким будет Казахстан в 2050 году, Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев ответил, что это будет страна с единым сплоченным народом. «Мы являемся одним народом, одной страной с одной судьбой» - сказал Глава государства. Сплочение казахстанского общества в единый народ необходимо для того, чтобы Казахстан ускоренно развивался.

На протяжении веков на исторической земле казахов проживали представители различных национальностей. В результате сложилась ситуация, когда вместе с казахами мирно живут представители 140 этносов и 40 конфессий. Объединить всех представителей различных национальностей в единый народ – казахстанцы - необходимо на основе ценностей, которые близки всем гражданам нашей республики. Все мы живем в одной стране – в Казахстане. Нас объединяет наша общая история. Общими ценностями народа Казахстана является совместная ответственность за судьбу страны и будущих поколений ее граждан. Казахстанцев отличает высокий уровень толерантности по отношению к образу жизни, обычаям, чувствам, мнениям, идеям, верованиям представителей всех этносов. В казахстанском обществе дорожат нравственными ценностями: почитание старших, уважение к семье, традиции гостеприимства - все это способствует укреплению взаимопонимания и дружбы граждан различной этнической и религиозной принадлежности.

В Казахстане действует Ассамблея народа Казахстана. Ни одна страна в мире не может похвастаться наличием такого эффективного инструмента укрепления единства многонационального народа. Сегодня опыт Казахстана по укреплению межнационального единства, заслужив высокую оценку экспертов, рассматривается международным сообществом, как заслуживающая распространения во всем мире. Достаточно сказать, что модель, получившая название «Казахстан: интегральная матрица единства и согласия» переведена на 56 языков мира и распространяется во всех странах ОБСЕ.

Объединить все нации и народности, проживающие в Казахстане, в единую нацию - казахстанцы- призван государственный язык. В Казахстане много делается для развития казахского языка: открываются детские сады и

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

школы с государственным языком обучения, переводятся книги на казахский язык, выпускаются теле и радиопередачи на казахском языке и др.

Согласно Конституции, государственным языком является казахский, в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык. Знание языка - вопрос государственной важности. Знание государственного языка - свидетельство патриотизма людей, живущих в государстве. Овладение казахским языком должно стать долгом и обязанностью каждого гражданина. В предстоящие годы все казахстанцы, особенно подрастающее поколение, должны овладеть государственным языком. Знание государственного языка должно стать фактором роста личной конкурентоспособности граждан, карьерного роста и активного участия в общественно-политической жизни.

Государство заботится также о создании условий для изучения и развития языков народа Казахстана. Работают школы с узбекским, уйгурским и другими языками обучения. В школах с первого класса изучают три языка: казахский, русский, английский. Формула «Единство – через многообразие» помогает сохранить мир и согласие в нашей стране.

В Республике Казахстан принята «Доктрина национального единства», в которой провозглашается, что независимость – главная национальная ценность, что народ Казахстана объединяет «одна страна – одна судьба», «разное происхождение – равные возможности», «развитие национального духа».

Нурбаева Махаббат

10 класс, военная школа-интернат

г.Павлодар

Руководитель: Ибраева А. А.

Я- патриот Казахстана!

У каждого человека должно быть чувство патриотизма.

Патриотизм - это огонь в душе, родившийся благодаря любви к своей Родине, к своему народу. Человек, у которого в сердце пылает такой огонь, является патриотом. Если бы у каждого казахстанца была такая душа, наша страна была бы на шаг впереди от всех государств мира. Я хочу, чтоб и в моём сердце запылал такой огонь. Поэтому, моим первым шагом в будущее явилось поступление в кадетскую школу. Но это всё не учит любить Родину.

Это чувство развивается с рождения. По-моему, нельзя сказать, что у некоторых людей нет чувства патриотизма. Просто, это чувство «сладко спит»

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

где-то в глубине души. А чтоб разбудить его, достаточно знать историю своей земли. Интересуясь историей, узнавая прошлое, ты будешь взвешивать своё настоящее, строить своё будущее. Ведь история - это зеркало души наших предков. История показывает, сколько пришлось пройти нашим предкам, чтоб защитить свою Родину. Не подпуская врагов, они оставили землю нам. Мы должны оправдать их надежды. Если главной целью наших предков было – защитить и передать будущему поколению богатые земли Казахстана, то наша задача – дальше развивать страну.

Казахстан – независимое государство. Нашу независимость доказывают государственные символы: Флаг, Герб, Гимн. Каждый гражданин Республики Казахстан должен знать, что они обозначают. В жизни Казахстана каждый символ играет большую роль. Они показывают, что наш народ живёт в спокойствии и мире с представителями других наций.

Мы – казахский народ. Мы не должны позволить забыть свои традиции. Потому что, это – наше богатство. Это наследство, переданное нам от предков. Сюда входит и наш язык. Государственный язык Республики Казахстан – казахский язык. Развивать его – долг каждого гражданина. Ведь если нет языка, нет и народа.

Сейчас я продолжаю учиться в кадетской школе. Я готовлю себя к военной жизни. В этой школе я многому научилась. Сейчас мне известно, какие требования выдвигает военная должность. Я верю, что поступлю в высшее военное училище и пройду все трудности. Я хочу стать настоящим патриотом своей Родины.

Нұрғалиева Замзагүл

3-курс, Павлодар педагогикалық колледж

Павлодар қаласы

Мәңгілік Ел

Бүгінде кез келген Қазақстан азаматы ауыз толтырып мақтанышпен айтатын мәселелер жетерлік. Ең бірінші мақтанышымыз – тәуелсіздігіміз. Оған ата-баба, аға ұрпақтарымыз қасық қандары қалғанша арпалысқан еді. Бүгінде бұл ерліктері бүкіл ел шеңберінде еске алынып, аталып өтуде. Шаңырағымыз шайқалмай, бүгінде бейбіт дамып келе жатқан ұлы еліміз - тәуелсіздігіміздің нышаны.

Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Атырау аралығын ата-бабларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттыққазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды... Ата дініміз Ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда, ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр.

Тәуелсіздік — халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік — халықтың тойы, елдің тойы, қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой. Егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өрениетті даму жолына түсті.

Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзімнің куәгер болғаным — мен үшін шексіз қуаныш. Мен өз халқымның ешкімге нақақ қиянат жасамағанын мақтан етемін, ал, қиянат жасамағанға Алланың көзі түзу. Біздің қолымызда қанның емес, тердің иісі бар. Демек, біз — жасампаз халықпыз.

«Отан, Отан бәрінен биік екен,
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!
Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгенің де күйік екен! - деп өткен ғасырда жүрегінен сыздай жырлаған ақын сөздері бүгінгі ұрпақтың санасында өшпестей жаңғырып тұрады. Қасиетті Отан ұғымы — қандай кезде де, қандай қиындық пен қуанышта да, тіпті отаршылдықтың тар қапасында тұншығып жатқанда да, ел басына күн туған аласапыран шақтарда да және бүгінгідей тәуелсіздіктің бейбіт те шуақты күндерінде де — әрқашан да бәрінен де биік тұрады. Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

туралы айтарымыз да, мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда.

Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін Хақ Тағала баянды етпей! Енді асқақ Отан деген ұғымға кең құлаш жайып бір тоқталып кетейінші.

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды... Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал жиырмасыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді.

Қазақстан — Қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін Қазақстандық телімі болған. Қазақстанның табиғаты таңғажайып: мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқындары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Қазақстан картасы – қазына картасы қазір. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да Қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінші бірі айтпай-ақ біледі.

Қазақстан жер көлемі жөнінен Ресей, Қытай, АҚШ, Австралия мен Үндістаннан кейін алтыншы орын алады. Сондығынан ғой, күмбір – күмбір көне күй мен толғауы тоқсан жырларымызда – «Ұшса құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады, Атырауы – айшылық, Қаратауы – күншілік,» — деп толғаған. Дала төсінде жаңа өмір шуағын төгеді. Оның бауырындағы

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

буырқанған жасампоз өмір тіршіліктің тоқтаусыз соғып жатқан жүрегіндей. Еңбеккері маңдай терін тамшылата төгіп жатса, сыршыл ақыны: Боз жорға, боз інгенді, боз торғайлы, Боз дала, ием саған, боз басымды! – деп жүрек лүпілімен суарылған ақ қанатты жырына қосады. Ғылым адамзатқа қанат бітірді, ғаламат істерге бастады, ғажайып жаңалықтар ашты. Соның куәсі – адам көкзеңгір ғарышқа қадам басты, айға қонды, жұмыр жерді аялай айналып ұшты. Ал ғарышқа жол – Байқоңырдан от алғанын мақтан етпейтін кім бар? Ғарышқа қадам жасаған елдер қатарында біздің еліміздің де еңсесі биік, жалауы жоғары. Ғарышта елдің намысын мәртебелеп мерейін асырған, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев егеменді елдің ғарышкерлері. Сондықтан ғой қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбатты, ең қасиеттісі, ең аяулысы – Анасына балайды. Ғаламындағы ғажап тіршілігінің қасиетті мекенін сүймейтін адам болмайды. «Отан – оттан ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» — деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр: «Отаның үшін отқа түс күймейсің», — дейді. Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл – қыздары толып жатыр. Олар – атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата- бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар. Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – еліміздің сан-салалы оқиғаларға бой алдырмай, жаңа өркениетке бастау алатын ұлы жоспардың негізі.

Биылғы елбасының Жолдауынан бесіктегі баладан, еңкейген қарияға дейінгілер құлағдар болды десек, қателеспес едік. Бұл жолдау айқын еліміздің дамудағы бағдар-тұстарын екшелеп, болашаққа анық жол ашты, еліміздің дамуға қажетті жайттарын ескеріп, ұлттық құндылықтарды басты назарға қойды. Шынымен де, Мәңгілік елдің басты болмысы – ұлттық құндылықтар. Ал ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Ол дегеніміз, ұлы қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, ділі. Біз жыл сайын тәуелсіз ел ретінде желкен жайып, өзгеше дамудың үлгі-үрдісімен танылудамыз. Бұл жетістікке ненің арқасында жетіп отырмыз? Әрине, ұлттың теңдесі жоқ ұлы қазынасын аялап, оның қадір-қасиетін білуіміздің арқасында дер едім. Міне, осы арқылы біздің еліміз мәңгілікпен қатар тұрып, терезесін тік ұстайды. Еліміздің болашағы бұлыңғыр емес, еліміздің болашағы – жарқын.

Ал біз Мәңгілік ел тізгінін қалай ұстамақпыз? Ол үшін әрине бәріміз бірігіп іске жұмыла кірісуіміз керек. Елбасы жолдауында «Тәуелсіз ел іргесінің берік болуы білімді мамандардың, отаншыл, ұлтжанды, рухани дүниесі кең азаматтардың қолында» деп жастарға үлкен сенім артып отыр. Қазіргі заманда жастардың сапалы білім алуына ел тарапынан қолдау көрсетіліп, барлық жағдай жасалған. Ендігі кезекте бізге тек ел үшін, халық

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

үшін, жер үшін тер төгу керек. Халық біз үшін емес, біз халық үшін өмір сүруіміз керек. Расында да, биылғы кезекті жолдау барлығымызды да қуанттырды, жігерлендірді, «Мәңгілік ел» идеясына сенім жолдап, қиялдарымызға қанат бітірді. Ел арасында ұлттық идеологияны қалыптастырды. Жаһандану жағдайында өмір сүріп жатқан барлығымыз да ұлттық ойлау мен ұлттық болмысымызды сақтау үшін күресу ең басты нәрсе екенін естен шығармауымыз керек.

Қорыта келгенде, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің тізгіні, біздер, жастардың қолында. Сол тізгінді мықтап ұстау үшін әр қазақ азаматы өз Отанының патриоты, адал азаматы болуы ең бірінші міндет. Демек, мен Өз Отанымның патриотымын және Жерім, Елім, Халқым үшін жанымды пидаетуге дайынмын.

Омар Инара

10 сынып, әскери мектеп-интернат

Павлодар қаласы

Мұғалімі: Смағұлова Г. Т.

Мен-Қазақстанның патриотымын

Менің туған жерім – ұлаңғайыр, байтақ, кең жазира Қазақстан. Отаным, елім, туған жерім... Бұл сөздерде қаншама сыр бар. Туған жер дегенде жүрегім дүр-дүр соғып, елге, жерге деген нәзік сезім пайда болады. Осы патриоттық сезім әр адам үшін алтындай бағасыз, маңызды.

Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап Қазақ елі – аз уақыт ішінде тарихта болмаған табыстарға қол жеткізді. Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты - экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарына кіру.

«Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек». Елбасы Жолдауында айтылған осы бір сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Өз елінің патриоты болу - әр адамның міндеті. Өз елінің патриоты деген - өз елін жас кезінен мақтан тұтып өсу. Әр адам өз туған жерін, елін қорғауы тиіс. Өз елін қорғау деген - өз отбасын, туған-туысын, ата-бабасының артына қалдырған жерін қорғау деп білемін. Қазақстан Республикасының Ата Заңын, рәміздерін құрметтеп, өсіп келе жатқан бауыр-қарындастарымды өз елін, жерін өзім сияқты сүйіп, мақтан тұтып өсіру - менің парызым.

Мектеп оқушылары өз елінің, туған жерінің тарихын білу үшін, жиі мұражайларға немесе археологиялық қазба орындарына барып тұруы абзал. Өз көзімен елінің тарихи ескерткіштерін көрген жастар туған жерінің тарихын тануға қызығушылығы аса түседі. Өз елінің тарихын, ата-бабаларының қандай заманда, қандай жағдайда елін қорғап қалғанын білуі қажет. Міне, осындай адамдарды өз елінің патриоты дейді. Мысалы, сонау «Ақтабан шұбырынды», монғол-қалмақ шабысы кездеріндегі батыр, би, Абылай, Әбілқайыр хандарды, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Жәнібек, Баян және басқа батырларды қазақ халқының патриоты деп білу керек. Ұлы Отан соғысы кезіндегі елімізді қорғаған қаншама батыр қыздардың, ер азаматтардың батырлығын насихаттап, жас ұрпақты тәрбиелеу - біздің парызымыз.

Мектептерде оқушыларды патриоттық сезімге, Отанын сүйуге үйретеді. Мен облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернатында оқимын. Әскери мектепте патриоттық сезімге ерекше көңіл бөледі, себебі бізде болашақ әскери адамдарды дайындайды. Ал әскери адамдар - өз туған елінің нағыз патриоттары. Мектепке қабылданған әр курсант Ант қабылдайды. Бұл рәсімге бүкіл мектеп курсанттары, ата-аналар, мұғалімдер, соғыс ардагерлері, әкімшіліктен және әскери бөлімдерден өкілдер қатысады. Курсанттар мәңгілік От алаңына гүлшоқтарын қойып, соғыс кезінде қаза болған жауынгерлерге тағзым етіп, бір минут үнсіз еске алады. Бұның бәрі курсанттардың патриоттық сезімін оятады, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады.

Менің ойымша, еліміздің әр азаматы «Туған жерімнің өркендеуі үшін не жасай аламын?» деген сұрақты өзіне қоюы тиіс және осы жолда аянбай еңбек етуі қажет. Сол үшін біздің қазіргі міндетіміз - жақсы білім алып, шет елдің тәжірибесінен ең пайдалы тәсілдерін меңгеріп, сол арқылы еліміздің дамуына өз үлесімізді қосу. Біздің білім алуымыз қандай маңызды болса, жақсы тәлім-тәрбие алуымыз да соншалықты маңызды. Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Өйткені бүгінгі жастар ертең халқына қызмет ететін азамат болады. Сол үшін, ел болашағы - біз екенін анық ұғуымыз абзал.

Мен - Қазақстанның патриотымын, сондықтан туған жерімнің болашағы үшін аянбай еңбек етемін!

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Омар Нұргүл

8 сынып, «Жас дарын» мектебі
Павлодар қаласы

Біз елдің бөлшегіміз

Кіші жастан бастап-ақ біз Қазақстан Отанымыздың қадірін арттыруға үлкен үлес қосуымыз керек. Елімізді биік шындарға жетелуін әрбір азаматтың абыройы деп саналады. Бойында намысы бар патриот адам - ең бірінші кезекке өзінің елінің гүлденуіне үлкен үміт етіп қалауда.

Әр күн сайын бір ғажап тосудамыз. Әр күн тылсым жұмыстамыз. Тек отбасы арасында ғана тыныштық таба алатындай сияқтымыз. Бұл рахат қой, үйде тосқан адам болғанда! Өзін ғана емес, қоршаған адамдардың жарығын отындай жандырасын. Оты жанбаған жансыздар да бар. Олар дүниедегі тылсым ағыстағы ағаш жапырағы. Әлі қурап кететінін білмейтін бір ағза. Олай болса да, үлкен дүниенің бөлшегі ғой! Соңына дейін ағаш бұтағындағы салбырап жүрген жапырақ, нағыз беріктіктің символын сыр етіп көрсетеді. Бірақ та, біз әлі де бос аспанға қолымызды былғаймыз. Неге? Отанымыз аяқпен сезетін қатты топырағымыз емес пе?

Әрине, аспаннан түрлі қызықтар ашылады. Не туралы көп ойлағанда, кейде сол аңсаған нәрсеміз болып кетеміз. Түрлі сайыстарда, аспанға қарай тік көтерілген туымыз болып кетуім аңсағанмын. Оған ізет көрсетеді және онымен мақтанады. Байтақ елімге тек жақсылықты ғана әкелгім келеді.

Әрбіреуіміздің ішінде батыр өмір сүреді деп ойлаймын. Ол бізге батылдық, күш, адалдық және адамгершілік қасиеттерін нығайтады. Соғыстарда қатысқан нағыз батырларымыздың күші әрқашанда өздерімен болды. Бұл қаһарманның басты белгісі. Көзден аққан жасы, қоянның қатысы емес. Бұл бақ-дәулетке бөліну сезімі. Мыңдаған қаруланған фашистерге қарсы тек 10 қаһарманымз ғана бой бере алады. 10 қаһарманымыздың аты мәңгілікте қалды. Бірақ есімдері тарихта жоғалған ерлердің еңбегі жүрегімізде. Жылда бір лет тойланатын мерекені, өмір бойы әр күн сайын есімде тұрады. Маңдай терлері, біздің 5 жылдың еңбегі. Тек елді сүйген азамат қана осындай асқан қайратқа жете алады. Қазіргі заманның жігіттері, шындықта, өзін ғана ойлауда. Стихиялы түрде бұрқ ететін соғысты ешкім де тоқтара алмас. Болашағы жарық елміз! Отанымның тірегі тек болашақ ұрпақтың қолында ғана. Бұл сөздерді бірінші және ақырғы рет естіп тұрған жоқпыз.

«Айырылумен жараланған адам, тек кездесумен ғана емденеді» деген кеңес мәңгілік есімде қалар. Біздің жағдайда бұл туған жерге деген сағыныш. Жарық дүниеде тек туған жерге ғана сағыныш сезімім болды. Қазақ елімнен

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

ешқашан да шығып көрген жоқпын. Солай болса да, өскен қаламның жусан иісін сағынамын. Көп уақыт бойы қала сыртына шыққандағы мезгіл мәңгіліктей болады. Қандай қуанышпен уақытымды өткізсем де, жанымда вакуумдай кеңістік қалады. Оны тек жақын адамдардың тірегі толтыра алар.

Саяхат жолына тұрған адамдардың ой-пікірі басқа. Олар үйдегі 10 жыл ішіндегі тұрғаны, бір шет елдің табалдырығын аттағанының 1 күніне тең деп айтады. Кейде не болмасын, бізді өмірге үйретеді.

Қазақ еліміздің әлі де ашылмаған жерлері көп, сан түрлі құбылыстары әлі де сыр. Адам бетіне қарағанда, барлық сезімін көре аламыз. Ал қоршаған ортанын өзгеше ілтипаттары қандай? Табиғатқа селқос сезімін көрсететін адамға ғана, теңіз біркелкі болып көрінеді. Бар нәрсені бағалау керек. Нағыз патриот болсан, елдің ресурстарын бағалу керексің. Өзін де ең ақырғы бақырыңды санап шық.

Жеріміз басқа елдерге қарағанда, әлдеқанша кішігірім. Бірақ та рухы түспеген елдің, туы да түспес. Созылған кең-байтақ қазақ даласы сарқылмас екен. Дамудың келесі сатысына көтерілдік. Қазақ халқы тек Қазақстанның беделді қатты қолдың астында тату тәтті өмір сүргісі келеді.

Егер артына ұзақ уақыт қарамаса, онда өткенді ұмыта бастайсын. Кейде, тоқталып және артына қарап қалсақ, біз өтіп кеткен жолымызды көреміз. Онда өзімді бақытты сезінемін. Мұндай сәттерден кейін, алға жүру өте оңай.

Біз өз ата-атанамызды таңдамаймыз. Солай да, біз аяқпен басқан жеріміз де таңдамады. Туған ел – бақыт пен үмітке толы шексіз ұя. Көпті сезген қуатты ұя. Үйіннің таза ауасынан алынған әр бір демі, бұл бақыт жалғасуының үлкен үміт бөлшегі.

Оразбаев Айбек

2 сынып, Агрономия мектебі
Ақтоғай ауданы

Мен өз елімнің патриотымын!

Өзімді таныстырып өтейін. Менің атым Айбек. Мен 8 жастамын. Осы күнге дейін кен байтақ Отанымның барлық жерімен таныспасамда, теледидар арқылы және анамның әңгімелері арқылы білемін. Отан үйден басталады демекші, мен өз үйімді, мектебімді, туған өлкемді қатты жақсы көремін. Нағашы жұртыма қонаққа барғанда да, үйімдегі күшігім, мысығым не болды екен деп, достарым не істеп жүр екен деп ойлап жүремін. Әкем секілді болашақта балуан ер жігіт болып, әскер қатарында қызмет атқарғым келеді.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Екеуміз теледидардан күрес көргеді ұнатамын, әрқашан да Қазақстан үшін жанкүерміз. Әкеміз екеуміз айғайлап, теледидар ішіне кіріп кете жаздаймыз. Анам бізге қарап мәз болады. Мен осындай сәттерде сол теледидар ішіндегі спортшылардың орында болғанды армандап кетемін. Мен де еліміздің намысын қорғайтын ел баласы болып өскім келеді. Сол үшін де сабағымды жақсы оқимын, күнде жаттығамын.

Менің анам ерекше адам. Ол бізді әр демалыста бұрын сонды бармаған жерлерге апаруға тырысады. Және де барған сайын сол мекеннің тарихын айтып береді. Ол тарих пен география мұғалімі. Мен анамның қазақ халқымның тәуелсіздігі үшін күресі жайлы әңгімелірін жақсы көремін, қарындасымда қайта қайталатып мұқият тындап отырады. Анамен дүкендерге барғанда өзіме деген киімдерде «Қазақстан» деген атауы барды алғыздырамын. Ондай киімдерді, оқу құралдарын иегері болғанды мақтан тұтамын.

Мен Қазақстан Республикасының азаматымын! өз елімнің жалауын әрқашанда тек биіктен көргім келеді. Және өзімде оған ат салысуға тырысамын!

Полякова Дарья

6 класс, школа № 39

г.Павлодар

Руководитель: Суханинская У.И.

Мир и согласие в моем государстве

На моем мольберте много красок, я люблю использовать яркие цвета: сочно-зеленая трава, прохладно-синие горы, бесконечная линия горизонта - все это пейзаж моей Родины, моего Казахстана. Я возвращаюсь с пленера, проходившего в Алмате, и смотрю в окно поезда, вглядываясь вдаль родных просторов. Я родилась в этой стране, мои родители тоже родились в Казахстане. Наверное, человеку всегда мил родной край и это естественно, что я люблю его красотой. Но я считаю, что люди – это своего рода тоже части мозаики, из которой складывается Родина.

Мне нравится наш народ, мы все разные и в то же самое время так похожи. Мы все хотим жить в мире и согласии, поэтому для нас так важна дружба. Каждый вносит свой вклад в построение прочной дружбы, ведь начинать нужно с себя, с требований к самому себе. Я захожу в купе, вместе со мной едут мои друзья по художественной школе. Интересно, что мы все принадлежим к разным национальностям: я – русская, Асет – казах, Ольга –

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

немка, а Дима – украинец. Нам всегда есть о чем поговорить, чему научиться друг у друга. А если посмотреть на наши работы, то можно понять, как мы любим свою Родину. Наш маленький коллектив – модель нашего многонационального государства, в котором каждый ощущает себя значимым.

Я считаю себя счастливым человеком, потому что я не знаю, что такое война. На моих картинах, всегда изображены только счастливые люди, красивые пейзажи. И в этом заслуга не только наших предков, воевавших за нашу свободу с фашистской Германией, но и заслуга тех, кто сейчас решает судьбу народа, ведь сохранять мир в наше время глобализации также тяжело как отстоять его в бою.

Я смотрю новости и читаю газеты, мне интересно знать, что происходит во всем мире. Я уже понимаю, что согласие в стране – это то, на чем держится мир. Желаю своей стране и всем ее жителям – сохранить тот ценный дар, который мы имеем – наше единство. Судьба нашего поколения как чистое полотно и мы должны написать на нем историю нашей страны яркими красками, и пусть на голубом небе парит свободный и гордый орел, зовущий нас к новым вершинам.

Попов Виктор

3 класс, агрономийская средняя школа
С.Андриановка, Актогайский район

Я патриот

Я горжусь своей Родиной – это многонациональное государство Казахстана. Оно входит в девятку самых больших стран мира. Большую часть территорий нашей страны составляют степи, полупустыни и пустыни. Моря и озера. Казахстан богат рыбой. В наших степях очень много растений, деревьев, животных. Сейчас в нашей стране проживают Казахи, Русские, Болгары, Белорусы, Немцы, и другие народы. А я проживаю в селе Андриановка, здесь мне очень нравится. Я с радостью хожу в школу, занимаюсь спортом, играю с друзьями, помогаю родителям. Когда я вырасту я обязательно стану защитником своей Родины и буду работать в „Спецназе“

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Рақымжанова Рахила

11 сынып, №10 лицей-мектеп
Павлодар қаласы

Патриоттық тақырыптағы шығарма

Сынға түскен екіұдай тұста мына,
Қарамайды ол бақытқа, бас қамына.
Лайық ол, байқасаң, қазақ түгіл,
Әлемді де әдемі басқаруға!
Ғ. Қайырбеков

Менің туған жерім – Керей мен Жәнібек бабаларымыз қалаған қазақ жері. Қарға тамырлы қазақ халқының көздің қарашығындай сақтаған осынау қасиетті мекені ата-бабаларымыздың найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғанының арқасында бізге жетіп отыр. Сол себепті де, осындай алып Отанды сүйіп өту - кімге де болсын қасиетті парыз, абыройлы міндет. Отанды сүю оның әрбір тасын сүюден басталады. Бұл шексіз махаббатты туған анаң, асқар таудай әкеңе деген махаббатпен теңестіруге болады.

Қазақстан жерін ежелден қоныстанып келе жатқан ел – қазақ халқы. Көп ғасырлар бойы ел басқарған дана басшыларымыз, қолбасшы батырларымыз кең- байтақ жерімізді сырттан төнген қауіптен қорғап келді. Қазақ халқы – ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық қой?! 1991 жылдың желтоқсанының он алтысында қазақ халқы азаттық жолындағы екі жарым ғасыр бойы үздіксіз күрестен кейін тәуелсіздікке қол жеткізді. «Ерлік – ұрпаққа ұран, елге- мұра» деген бабалар өсиетін бойына дарытқан халқымыз азамат ұлдар тәрбиелеуге де зор көңіл бөлген. Бұған Абылайдан кейін қолымыздан сусып кеткен тәуелсіздікті аман алып қалу үшін, халықтар достығын, татулықты, ынтымақтастықты күшейтетін елді бастар ер керек еді. Еңселі ел болу үшін, елін дауға, жерін жауға бермейтін білікті басшы керек болды. Сөз қадірін білген Төле би бабамыз: «Басшысы болмаса, ел жетім», - деген болатын. Ғасырлар бойғы алып күрестермен жеткен киелі тәуелсіздікті баянды ету – елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еншісіне тиді. Көшбасшымыздың мақсаты – ел бірлігін сақтау. Оның әр сапарынан, білікті саясатынан, әр кездесуінен мұны көруге болады. Уақыт өткен сайын, еліміз қарқынды дамуда. Елбасымыз осы жылдардың толқынында көп еңбек сіңірді. Ең әуелі өзге ұлт өкілдерімен қазақ елі арасындағы саяси тұрақтылықты сақтай отырып, халықтың өз қазынасын өзіне қайтаруға тырысты. Тілі, діні, салты, әдет – ғұрпынан айырылудың аз-ақ алдында қалған елге біраз ғана уақыттың ішінде асыл мұраларын қайтаруға

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

күш салды. Парасаты мен пайымы , білімі мен біліктілігі мол, ел қамын ойлаған Президент Жолдауы - болашаққа апарар жолдың бастауы.Еліміздің ертеңі - бізге, жастарға , үлкен қолдау көрсетіп, шетелдерде білім алуына жағдай жасап, «Болашақ» бағдарламасын ұсынуы шынайы қамқорлық деп ойлаймын. Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдаулары бүгінгі таңда халықтың асыға күтетін оқиғасына айналды. Қоғамдағы барлық саланы қамтып, ешкімді де шетке қалдырмайтын бұл бағдарламалық құжатта біздің білім саласына да ерекше назар аударылып келеді.Бізге өзіміз қалаған жерімізде білім алып, жан- жақты дамуға жол ашқан. Назарбаев университеті мен зияткерлік мектебі - біздер үшін, яғни елдің болашағы үшін, таптырмас білім ордалары.Еліміздің қай саласын алып қарасақ та, алға басушылық пен дамуды байқауға болады.

Жуырда жария еткен «Қазақстан-2050» стратегиясы бойынша біздің ең басты мақсатымыз – 2050 жылғы қарай әлемнің 30 елінің қатарына кіру. Қазақ тілі 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшеді. Бұл жайында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мәлімдеді. Айта кетейік, соңғы бірнеше жылдан бері ұлт зиялылары қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесін көтеріп жүрген болатын. Бүгінгі таңда ана тіліміз кириллица әріптерімен жазылып жүр.Сонымен қатар көшбасшымыз : «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесу керек» деп ,қазақ тілінің деңгейін қазіргіден де жоғары дәрежеге жеткізуді мақсат етіп отыр.Биыл қабылданған «Қазақстан -2050» жолдауы да, «Қазақстан-2030» жолдауы сынды тез орындалатынына сенімдімін.

2012 жылы желтоқсанның бірінші жұлдызы Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні болып белгіленді. Осы оқиғаға қуанбаған жан болмады десем қателеспеспін. Бұл күн елбасының елі үшін жасаған барлық жақсылығы мен қамқорлығын көретін ерекше мереке деймін.

АҚШ-тың бүгінгі президенті Бараак Обаманың: «Сіздің еліңіз егеменді, тұрақты және өркендеген мемлекет ретінде өзінің дамуында маңызды табыстарға қол жеткізді» деген шынайы пікірі, Қытай көшбасшысы Ху Цзиньтаоның : «Тәуелсіздік жылдары сіздің басшылығыңызбен, Қазақстан халқы өзінің қажырлы да жасампаз еңбегімен дамудың дұрыс жолын таба білді» деген ойы, Ресей президентінің« «Мен сізге алғыс білдіремін» деген ыстық ілтипаты, Түркия президентінің: «Нұрсұлтан Назарбаев - күллі түркі дүниесінің көшбасшысы», - деп ағынан жарылуы - біздің елбасымздың мәртебесінің қаншалықты биік екендігінің айқын көрсеткіші. Мұндай марапат түйіндердің өзінен тұтас бір энциклопедия жасақтауға болатын секілді.

Ал, ең басты баға – мемлекет басшысына өз халқының берген бағасы емес пе?! Ол бағаның қандай екенін білгіңіз келсе , елбасы әрбір өңірді шарлаған сәттегі халықтың оған деген ыстық ниет,ықыласын көріңіз.Қалың жұрттың арасынын, қақ жарып келе жатқанда халықтың көз жанарында тұнған

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

алғыс пен шынайы сенімді көріңіз. Ірі халықаралық форумдар мен саммиттерде елбасы көптің алдына шыққанда, бәрінің орындарын тұрып, қол соққандарын көріңіз. Мұның бәрін көріп, көңілге пікір түйіңіз. Ол пікір жұртымыздың ортақ пікірімен орайлас, қолайлас, қарымдас келетінін көріңіз. Сол кезде адамның көңілінде өз туған жеріне деген мақтаныш пен патриоттық сезім жаныңды шуаққа, қимылыңды қуатқа бөлейді.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, мен де болашақ ұрпақ, елімнің көркеюіне аз да болсын өзімнің үлесімді қосқым келеді. Біз білім алып, ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап, жалғастырып, еліміздің одан әрі көркеюіне атсалысуымыз керектігін жүрегіммен сезініп, мақтан етемін. Өз шығармамды Нұрсұлтан Әбішұлы Назрабаевтың сөзімен тәмамдағым келеді: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетін нығайтып – көркеюі жолында жан- теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

Рамазанова Мейрамгүл

9 сынып, №25 қыздар гимназия
Екібастұз қаласы

Ұлттық батырлар ерлігі

Адамдар тау сияқты: олардың да асқары мен аласасы, үлкені мен кішісі бар. Таулар адамдар тәрізді: олардың да өз тағдыры мен тарихы бар. Жайбарақат мүлгіген жай таулар мен жалын атқан жанартаулардың айырмашылығы: жанартаулардың жалын атуына Жер-Ананың қозғалысы әсер етсе, адам баласының адамзат бақыты үшін от болып жанып, найзағайдай жарқылдауына, қиын да қасиетті жолға түсуіне, Азамат атын биік ұстап өтуіне Ұлы Отан соғысының рухы ықпал еткені тарих беттерінен аян. Бұл – бүкіл әлемге өзіндік ауыр қасіретімен ізін қалдырған тарихтың ұлы сабағы.

...Өтті нөсер,

Тынды айқас

Бір тұңғиық сыр тастап..., - деп ақын Ж. Саин жырлағандай, араға жылдар салып, сол бір отты жылдар алыстаған сайын, бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, оқтардың ысқырығы ғасыр қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ соғыс салған зардап, қанды майдан қасіреті ұмытылар емес. Естеліктерге сүйенсек, сұм соғыс қаншама отбасын азаматынан, абзал аналарды баласынан, жарынан, сәбилерді ғазиз әкелерінен айырған?.. Сұрапыл соғыстың өткелінде, жаңбырдай жауған оқтың ортасында, ызғарлы суық пен қайнаған ыстықтың бауырында жүріп, елін,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

жерін, келешек ұрпағын сұм жаудан қорғап қалған, «тірескеннің тізесін бүктірген, белдескеннің белін сындырған, жағаласқанның жағасынан алған» ардагер аталар ерлігі әр уақытта да мадақтау мен қошеметтеуге тұрарлық. Ұлы Дала батыр перзенттерімен мақтана алады.

Қазақ халқының даңқын шығарып, абыройын асырып, ұлттық батырына айналған айтулы ұлдарының бірі, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, Кеңестер Одағының Батыры, Халық қаһарманы, жазушы – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан ата бұлтта ойнаған жасындай Москва түбіндегі шайкаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігімен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған қолбасшы ретінде танылған. Уақыт сынында сынбаған батыр ата қанды соғыс туралы «Қанмен жазылған кітап» атты туындысын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған.

Біз, бейбіт заманда дүние есігін ашқан келешек ұрпақ, өзіміз сияқты гүлдей жайнаған жап-жас қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, барлық қызықтан бас тартқан аға буын ерліктеріне тағзым етеміз. Туған елін қорғау жолындағы баға жетпес батылдықтарына, қайсарлықтарына, батырлықтарына бас иеміз. Олар «туған жерінің түтінінің түзу шығуын» көксеп, қолдарына қару алып сапқа тұрды. Сарбаз киімін киіп, қаншама қиындықты бастарынан кешті. Сонда да елі үшін туған ерлерді ешқандай ауыртпалық алған беттерінен қайтара алмады. Жауды жеңу жолында өз өмірлерін қия отырып, бізге бейбіт өмір сыйлады. Басқа төнген қасіреттен олардың көбі қайтып оралмапты да. Ал, қайтып оралғандарының жүректерін соғыс салған сызат, денелеріне тиген оқ табы әлсін-әлсін мазалайды. Аяусыз соғыс отына ұшырағандарының көңілдері жаралы. Тарихтың осынау бір сыны туралы тарихта былай жырланған:

Өмір көші өте шығар білінбес,
Жазмыш-тағдыр басын иіп жүгінбес.
Елу жылда – ел жаңа, жүз жыл – қазан,
Ақиқат-тарих қате басып сүрінбес.
Мехнатына сол бір көштің ілесіп,
Адам-пенде өмір сүрер күресіп.
Тірілері өткендерін еске алып,
Сыр сандықтың сырын ашар бірлесіп.

Көктемнің шуақты мерекелерінің бірі болып саналатын 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Бұл күні тарих пен тағылымды жүрегінде тербеген жұртшылық майдан төсінде от пен оқ кешкендерді құрметке бөлеп, бейбітшілік таңын тойлайды. Біз, бала шақтан жарқын болашаққа қанат қаққан балалар, Даңқ алаңдарында ата-апаларымыздың ерліктеріне бас иіп, «Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қойып тағзым етеміз. Өйткені, олар бүгінгі таңда бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқан ұрпақтарын қуанышқа бөлеу үшін жандарын қиды.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Біз – ғаламат ұрыс кезінде көрсеткен мәңгі есте қалар ерліктерінің арқасында жарқын өмір сүріп жатқан ержүрек ата-бабаларымыздың өмір-жалғасымыз. Отан үшін отқа түскен адамның күймейтініне, рухының өлмейтініне көз жеткізіп өсіп келеміз. «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін», -деп қаһарман ата айтқандай, еліміздің батыр қыздары Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспановаларға ұқсап өскіміз келеді.

Жауынгерлік жылдар тарихқа сіңіп кеткенімен, Бауыржан ата сынды көптеген аға-апаларымыздың ерліктері, халқымызды соғыстың от-жалынына ораған күндер ешқашан ұмытылмақ емес.

Уақыт өткен сайын ардагерлер қатары азайып барады. Бүгінде тарих бетінен ойып алар орны бар осынау Ұлы Отан соғысында ерлік танытқан ардагер аталарымыз – бақытты әкелер, ардақты аталар. Олар бүгінгі күні өскелең ұрпағын отансүйгіштікке, патриоттық рухта тәрбиелеуге өз үлестерін қосуда. Өмірдің сан қырлы соқпағынан өтіп, ер-азаматқа тән қайсарлық көрсеткен аталар өнегесі – жас ұрпаққа үлгі.

Ерліктің ерен тұлғасы болып саналатын Бауыржан ата – ұлтымыздың дара батыры әрі рухани сүйеніші.

Менің қолымда «Асыл сөз» кітабы. Кітаптың ішінен «Намысты нанға сатпа», «Қайратыңа әдісінді жолдас ет, әдісіңе ақылыңды жолдас ет», «Өмір үшін өлгенше күрес», «Парыз сезімі, адамгершілік – жеке басыңның, ұлттың, Отанның мақтанышы», «Қан майданда халық үшін, Намыс туын көтердік», «Шындық – ерлікке тәрбиелеудегі ең бір құнарлы құрал», «...Қазіргі жаңа, жас ұрпақ ерлікті, айбындылықты алға апарсын...» тағы басқа серпінді де тағылымды ой ұшқындарымен Бауыржан ата болашаққа жол сілтеп тұрғандай.

Осы сәтте менің сәби жүрегімді мынадай жыр шумақтары тербеді:

Аталарым, бейбіт күнді аңсаған,
Болашаққа бүгінгідей жол салған.
Ұрпағыңның келешегін ойладың,
Сол үшін де қарыздармын мен саған.
Қастерлейміз аға ұрпақ ерлігін,
Мақтан тұтам өр халқымның кеңдігін.
Көк аспандай желбіреген Туым бар,
Бақытты елдің баласымын мен бүгін!

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Ротермель Марина

11 класс, башмачинская школа
Железинский район
Руководитель: Шевченко Н. В.

Родину, как и мать, не выбирают. Родину ценят, любят, уважают. Ради нее идут на смерть. Ею клянутся. Её всегда помнят, даже в самых райских уголках земли. Ностальгия по родным казахстанским пейзажам, запахам степи сводит людей с ума, заставляет срываться с теплого места в чужих краях и мчаться очертя голову на свою малую Родину - место, где родился, где прошло детство, где могилы предков. Я видела, как люди, сойдя с трапа самолета, целуют землю и плачут от радости встречи с гостеприимным Казахстаном.

Люди по-разному называют место, где родились: родина, отечество, отчизна. Родина – это все: хлеб, которым человек кормится, земля на которой человек живёт, мать, которая даёт жизнь... Без всего этого человеку жить просто невозможно. Родина – это город и деревня, где ты родился и живёшь, это друзья и соседи твои. Это мать и отец твои, потому Родину ещё Отчизной называют, как дом родной – отчим домом. Человека нельзя заставить любить свою Родину, но и нельзя заставить Её разлюбить. Поэтому Родину не зря называют Матерью, ведь Родина – это начало пути для человека, как и его отчий дом, род, семья. Любить Отчизну, быть патриотом, значит помнить прошлое, своих предков, их заветы и воспоминания и бережно хранить их для будущих поколений, передавая всё, что удалось запомнить и сохранить из уст в уста, из поколения в поколение.

Каждого человека, любящего свою Родину, трогает и волнует наша природа, полная поэзии и прелести. Родные края, даже самые внешне незамысловатые, небогатые, для нас – людей, населяющих Казахстан, прекрасны. Любовь к природе – один из важнейших признаков любви к своей стране.

Национальность не является ни заслугой, ни недостатком человека. Заслугой человека являются его труд на всеобщее благо, его личные достижения, его вклад в общую копилку национального достояния.

Я родилась и живу в мирной многонациональной стране, где все представители разных народов гордо именуют себя КАЗАХСТАНЦАМИ. Это мирное сосуществование, взаимный интерес и уважение на протяжении десятков лет делает нашу страну уникальной. Дружба народов, населяющих Республику, всегда была главным стержнем её мощи, залогом успешного будущего. Мы, молодое поколение, понимаем, что только мир и спокойствие

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

внутри страны позволят ей совершить мощный экономический и социальный прорыв, о котором заявил в своем Послании Лидер Нации Н. А. Назарбаев.

Быть патриотом, в моем понимании, значит быть ответственным человеком, за народ и страну, за дом, в котором живешь. Быть патриотом – значит проявлять уважение не только к своему народу и роду, но и к другим народам, живущим рядом с тобой, значит понимать, что ты не одинок на планете Земля. Патриот всеми силами должен стремиться к миру и согласию между всеми народами. Патриот – это человек, который любит людей независимо от их национальности, расовой принадлежности и прочих признаков, отличающих один народ от другого.

Патриот – это вечный труженик на благо Родины, её защитник!

Сайдуллаева Алия

10 класс, СОШ №2

п.Майкаин

Руководитель: Есенова Л.М.

Польша. Познань.- Казахстан. Майкаин.

Пол – Европы прошагали, полземли,
Этот день мы приближали, как могли...

Эти строки из известной песни мы слушаем каждый год. 9 мая стоим у обелисков, вспоминаем своих земляков, вчитываемся в даты...

Пол – Европы! Более 46 тысяч павлодарцев было призвано на войну. Наши земляки воевали на всех фронтах и во всех родах войск. Мужественно сражались павлодарцы во многих странах Европы.

Польша. Город Познань. Вот уже в течение нескольких лет Майкаинская школа №2 поддерживает дружескую связь с этим городом. В окрестностях Майкаина находится кладбище, где покоятся поляки, репрессированные в годы войны. Не раз побывали наши друзья из Польши у нас в Майкаине, наши делегации также несколько раз посетили город Познань. Последняя поездка состоялась в сентябре 2012 года. Цель нашего посещения польской земли была, конечно же, в ознакомлении с достопримечательностями этой страны. Но у меня была и другая миссия, более важная. Я знала, что наш родственник, Хамитов Ш.Х., ветеран войны, старший лейтенант, призванный на фронт в начале войны, дошедший до Берлина, мечтал разыскать своего младшего брата Хамитова Нажмидена, 1925

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

года рождения, призванного на фронт в январе 1943 года, погибшего в 1945 году в Польше в Северной Померании.

Наши друзья, услышав мою историю, охотно согласились хоть как-то содействовать мне в поисках.

На южном склоне Цитадели, среди зеленых насаждений, находится несколько кладбищ. Одним из них является кладбище советских воинов. По обеим сторонам монументальной лестницы, ведущей к возвышающемуся над могилами обелиску, было похоронено 5829 офицеров и солдат, погибших в 1945 году. Немного подальше – на бывшем гарнизонном кладбище – находится поставленный в 1930 году памятник русским солдатам, умершим в немецком плену в 1914 – 1918 годах. Солдаты Красной Армии похоронены также на двух других познанских кладбищах. На кладбище Милостово в 1964 году были перезахоронены останки 4282 погибших советских солдат, перенесенных из прежних мест их похорон в окрестностях Познани. На новом кладбище в Глушине похоронено в 1945 году 139 погибших солдат. Памятник 12 советским солдатам, убитым во время боев за взятие Познани, находится также в Кобылеполе, вблизи перекрестке улиц Маяковского и Рыся.

Слишком тяжелыми оказались бои для наших земляков. Мы ходили между могильными плитами, вчитывались в фамилии... Досада и горечь при виде даты рождения и гибели солдат: родился в 1925 году – погиб в бою в марте 1945 года. Им было всего по 20 – 25 лет. И всего ничего оставалось до Победы.

К сожалению, нужную фамилию я не нашла. По словам наших друзей, Померания – это очень большая территория, морское побережье. К тому же очень много братских могил.

Но я благодарна полякам за то, что они бережно относятся к захоронениям наших воинов, чтят и помнят их подвиги.

Да, война принесла нашему народу большие жертвы и страдания. По данным архива погибло в боях и пропало без вести 21802 павлодарцев. Это огромные жертвы, принесенные ради Победы, ради жизни, ради того, чтобы народы вот так свободно и дружно общались между собой.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Салыкова Раухан

7 сынып, Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі
Ертіс ауданы

«Ауылымның тарихы»

Отан! Отан дегеніміз – адамның туып-өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекен. Қазақ елі – көп ұлтты, бірлігі жарасқан ел! Бүгінгі шақта біз тәуелсіз, егеменді елде тұрамыз. Осы күнге жеткізген біздің ата-бабамызға мың алғысымызды білдіреміз! Бұл күн бізге оңай жолмен келмеді. Ата-бабаларымыз көптеген қиын қыстауды өткеріп, бізге ұланғайыр жерді мұра етіп қалдырды. Бұл жасаған ерлікті ешқашан ұмытпауымыз керек, біз, болашақтар өз еліміздің тарихын да біліп, құрметтеуіміз керекпіз. Сол мақсатта мен өз туған ауылым Қараағаш тарихы жайлы айтқым келеді.

«Қараағаш» ауылының жанындағы екі көлдің біріншісін «Ежеке», екіншісін «Ұлы көл» деп атайды. Кеңес дәуірінің гүрілдеп тұрған шағында бұл «Ұлы көлдің» жанына 5-ші бөлімшенің мал шаруашылығының сауын сиырлары орналасып, қара күзге дейін сол жерде жайлауда болатын. Ұлы Отан соғысынан кейін осы екі колхоз «Победа», «Чапай» қосылып, Северный совхозының 5-ші бөлімшесі (қазіргі кездегі Қараағаш ауылы) деп нөмерленді. Шындығында, бұрынғы атау жұртшылық үшін өте маңызды, көкейге қонымды, тәрбиелік жағынан мәнді болатын.

1920 жылдары «Чапай» жерінде мешіт болған, ол мешітті Қанай деген әулет салған. Сол мешіттің молдасы Қанай ұлы Бәкен молда болған. Кейінен осы мешіттің орнына мектеп ашылған болатын.

Сол кезеңдерде, «Чапай» колхоздарындағы мектептерде Асылбеков Шәжән, Әлімов Жұман, Қисабеков Жәуке, Қожамуратов Ақбетей, Шәріпов Рашит деген мұғалімдер ұстаздық қызмет атқарып, ауыл балаларына ана тілінде білім берген. Кейіннен бұл қазақ мектептері толығымен жабылып, жоғарыдан келген бұйрықпен 1964 жылы орыс мектебіне айналдырылды. Мұғалімдері де, оқушылары да қазақ болса да, солай жасалынды. Бұның бәрі Кеңес заманының ағымы болатын. Бұл тарих. Ерліктерімен аты аңызға айналған бабаларымыздың тарихы. Тарихты ешқашанда ұмытуға болмайды. Ең алғаш құрылған колхоздың алғашқы төрағасы Табаев Темірхан деген жергілікті азамат болды. Бұл кісінің немересі Олжабай – милиция полковнигі болған. Алматыда өте жауапты қызметтер атқарған адам.

1928-29 жылдары, ауылға аласапыран бұлты төніп, бай тұқымы деген адамдарды жазықсыздан, арғы аталары бай болған деп кейінгі ұрпақтарын

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

тұтқындап, жапа шеккізіп, түрмеге жауып, одан хабарсыз кеткен біраз адам болған. Бұл теріс ағым кезі, ешкім ауыз ашпайтын қатал заман кезі еді.

Иә, сол кезде ата-бабамыз нендей қиындықтардан өтті? Бүгінгі заманға дейін қаншалықты өзгерістер орын алды? Бұл сұрақтардың жауабын іздесек тарих парақтары жетпес еді. Дегенмен, «Северный» аймағы туралы деректер қозғасақ...

Қазіргі «Северный» кеңшарының орнында, 1929 жылға дейін «Клинская» нефтебаза болған, осы жерде 1930 жылы «Северный» совхозы орнады. Бірінші бөлімшесінің бұрынғы атауы «Төбелес» болса, бертін келе ол атау біреулердің өзгертуімен жаңа атаумен «Жаңа төбелес» болып шыға келеді. Бұл «Төбелес» дегеннің өзі жай аталмаған, ол тарихи атаумен туған атау. Бір кезде шабындығы мол, малға жайлы жер болғандықтан, осы жерге халық арасында үлкен талас болып, ол төбелеспен жалғасып, ақыры үлкен төбелес болған жерді «Төбелес» деп атапты, бұл тарихта қалғаны жөн. Сондықтан бұл атауды өзгерудің де еш қажетті жоқ деп санайды ауыл тұрғындары.

Ал совхоздың 2-ші және 3-ші бөлімшелері бертін құралған. Атаулары болған жоқ. Совхоздың 4-ші бөлімшесінің бұрынғы атауы «Қызыл жыра» болған. Бөлімше нөмерленгеннен кейін ол атау ұмытыла бастады. Сөйтіп тарихи атауға қиянат жасалынды. Совхоздың 5-ші бөлімшесінің бұрынғы атауы «Табай жотасы» деп атаған. Бұл қалың ауыл болды. 1929 жылдары бұл жерде екі колхоз пайда болды. Олардың біріншісі - «Чапай» болса, екіншісі - «Победа» колхозы деп атайды.

Ұлы Отан соғысына дейін Северный аймағында мынадай ауылдар болған:

1. «Қараағаш» ауылы
2. «Байжігіт» ауылы
3. «Табай жотасы» ауылы
4. «Қайыңды» ауылы
5. «Қара тоқа» ауылы
6. «Саға» ауылы
7. «Құр» ауылы
8. «Балқаш» ауылы
9. «Қызыл жыра» ауылы
10. «Кіші төбелес»
11. «Әйткіл-жәдік» ауылы
12. «Төре» ауылы.

Осы ауылдардың мектептерінде қазақ тілінде балалар білім алған. «Қара тоқа» деген ауылда Көшекбаев Салық деген болыс тұрған.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

«Қараағаш» ауылының жанында «Ежеке» деген көл бар. Осы көлдің жанында мешіт болған. Бұл мешіттің иманы Құсайын дейтін молла болған.

Ал, енді қолдан жасаған зұлмат жылдар – 1931-32 жылғы аштықтан өлген біраз адам болды, бірақ ол адамдар қай жерде қаза болса сол жерде жерленген болатын. Ол жерлердің көбі «Чапай» жерінің маңында. Аштықтан қаза болғанның көбі Омбы облыс, Іш жақтан, міне сол жақтан аштықтан жосылған адамдар әлдері таусылып өліп жатқан болатын. Бұл да ата-бабамыздың өткерген бір қиыншылығы. Бұл қаза болған ата-бабаларымызды әр жыл сайын еске алып, құран бағыштап, ас беріледі.

«Чапай» колхозында 1938 жылдан бастап Жаңғозынов Шайқы деген кісі ел басшысы болған.

Сол соғыс кезінде тек қана ауылдың ер азаматтарынан басқа бас көтерер деген балалардың да атын атауға болады. Қазіргі кезде олар ата болып, ол кезде бала дегендер, өмір толғауларынан өтіп қарттық шежіреге жетіп, ұрпақ қызығын көріп отыр.

Олар: Абенов Кенжебай, Әужанов Зәкуля, Шайхин Кәкен, Сұлбаев Зәйніш, Құзбаков Әннәй, Болатбаев Имаш. Бас есепші Ғандоллаев Омар болды. Болатбаев Имаш бас есепшінің көмекшісі болды. Абенов Кенжебай, Әужанов Зәкуля деген азаматтар бұғанасы қатпаса да «лабогрейка» деген шөп жинағышта жұмыс істеген.

Шайхин Кәкен, Сұлбаев Зәйніш екеуі де шөпте қолмен ауыр жұмыс істеген. Ахметов Зәкен бригадир болды. Жүсүпов Мүтәләп соғыс уақытында, есепшілік қызметте болған. Бұл ауыр жылдары Ұлы Отан соғысында ауылдың бас көтерер ер азаматтары от кешсе, ал ауылда қалған азамат, азаматшалар мен бала шағының еңбек майданында көрген бейнетін ұмытуға бола ма?

Жоқ, Ерлік ұмытылмайды, оны ұмытуға ешкімнің де құқығы да жоқ. Осы соғыс кезінде қиыншылыққа төзіп еңбек еткен адамдардың біразын атап өтсем деймін. Еңбек майданында жұмыс істеген адамдар Құрманбай, Әділбай, Серікбай, Балтабеков Зайырбай, Кәкіш, Есімбай, Сұлбаев Файзолла, Қасым, Июнов Қашкен, Сасықбаев Мағызым, Құрман, Әужан, Рамазан, Жұмаділ, Бекіш, Жансейіт, Жарасов Жұмабай, Жайықбай, Әрошке, Қайырбай, Уәли, Семен, Шөмей, Бакенов Мұқатай, Әкежанов Бек деген ер адамдар еңбек етсе, әйел адамдардан Үкіжанова Қайнел, Боранбаева Сәуен, Өртенбаева Рахима, Кенжебаева Дәме, Тұрымбаева Зейнеп, Рамазанова Бағила, Жаңғозынова Зейнеп, Құзбакова Бітәй, Елмуратова Мәнзура, Кәрімова Бәдиша қиыншылық пен ауырпашылық қасіретін көріп, бастарынан өткізген болатын. Осы азаматтар мен азаматшалардың сол кездегі өткен қол еңбектеріне біраз тоқталып кетейік. Семенов Құрманбай, Жаңғозынов Шайқы, Сұлбаев Файзолла елдің басын құрап халықты еңбек майданына

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

ұйымдастырып, бірлікте ұстап, ел басқарған адамдар Жұмықов Қасым, Сасықбаев Мағзым 1942 жылдары соғыстан жараланып келсе де, елде еңбек майданына араласқан адамдар. Кенжебаев Құрман – бұл кісі де елді ұйымдастырып, басқарған. Рамазан, Әужан ұста болып темірден құрал-сайман соққан. Әділбай деген кісі де шаруашылықта жақсы жұмыс істеп, бірнеше рет сыйлықтар алған. Жұмаділ деген қарт адам ескіше білімді болған, азан шақырушы болған. Торайғыров Жансейіт деген қария, бұл кісіні дюана дейді, халық емшісі, керемет емші болды дейді. Жарасов Жұмабай – ол кісі озат қоюшы болған, колхоздың қойын соғыс жылдары бір қасқырға жегізбей, бір ит сатып алып, қойларды қырағылықпен баққан. Қожамурат, Елмурат деген азаматтарда мал шаруашылығында еңбек етіп, ол кісілердің де керемет малды емдеуші емшілік қасиеттері болған. Сол соғыс жылдары колхозға малды, колхоздағы әр үйден алып, колхоз малының басын құрап, бертінге дейін сол малдардан 1000 мал құралған болатын. Өткеннің білмеген, онан тәлім-тәрбие, ғибарат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі – тұрлаусыз.

Біздің қазақ халқы батыр халық.

Қазақ ата-бабасының мүрдесі жатқан жерді қатты қадірлеген, арғы түбіміз осы жерден шыққандықтан біздің тарихымыз да, өткеніміз де осы деп алатын болсақ, өзіміздің жер, атамекен, кең байтақ, өлкеміздің тарихын білу кімнің болсын парызы!

Самұрық Бекдаулет

2 сынып, Байет ЖОМ

Екібастұз

Жетекшісі: Амангелді Р.

Ұлылардың ұрпағы болғым келеді.

«Ұлы болу оңай, ұлылардың
ұрпағы болу одан да қиын»
Халық даналығы

Мен өз елімнің ұланымын. Апай бізге «Сендер егеменді еліміздің ертеңгі ұланысыңдар» десе, анам мені «ұланым» деп еркелетеді. Менің түсінгенім «ұлан» деген атқа лайық болу үшін өз еліңді шексіз жақсы көруің керек.

Анам менің бөлмемді еліміздің кішкентай туы, елтаңба суреті әнұран және жеріміздің картасымен безендіріп қойған. Ондағы мақсаты мені өз ұлтын, отанын мақтан етер азамат болсын дегені ғой. Мен Ескендір Ибрагимов ағамыз салатын «Көк тудың желбірегені» әнін бос уақытымда

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

айғайлап тұрып шырқаймын. Осындай сәттерімде анам менің басымнан сипап: «Сен өте ұлтжанды болып өсіп келесің» деп күледі. «Отанды сүю отбасынан басталады» деген қағиданы енді түсіне бастағандаймын.

Біз әдебиет сабағында өз еліміздің бақыты мен байлығы - оның тәуелсіздігінде екендігі жайлы оқып үйренеміз. Мен өскенде ұшқыш та, суретші де болғым келеді. Қазір мен әлі кішкентаймын. Сондықтан бала қиял мені әр жаққа жетелейді. Үкілеген үмітім мен асқақ армандарым әлі алда деп білемін. Бірақ бір қызығы менің ұлтым деп соққан бала жүрегім «ұлылардың ұрпағы бол» деп үн катады. Демек, мен ұлы елімнің ұлтын сүйген ұланы боламын.

Сарсекеева Айжан

10 сынып , «Жас дарын» мектебі

Павлодар қаласы.

Жетекшісі: Қабылова А.М.

Жарты жаңқам қалғанша, мен сенікі!

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
«Құдай деген кім десе, Отан дер ем!»
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

М.Мақатаев

Отаным деп соққан жұдырықтай жас жүрегімнен шыққан осы сөзді айдай асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау іңкәр еткен заманға жеткен елімді мақтаныш етемін. Менің Отаным – Қазақстан, Азияның кіндік тұсындағы ұлан-ғайыр кең өлке, тарихы шексіз, дәстүрі шетсіз ата жұрт. Әні мен күйі шалқыған, сыры мен жыры толқыған ғажайып сұлу сахара!

Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай тіршілік иесі нәр алып жаралған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Сарыарқаның самалындай ескен желімен жарысып, қыр-төсіңнен қырмызы гүліңді құндақтаған, жасыл көрпенде емін-еркін аунап, гүл әтірін иіскеп, енді бір сәтте шалқамнан жатып, жөңкілген ала бұлттармен сыр шертісемін, аяулы анамдай алақаныңды еркелеткен ерке қызың едім мен.

Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,
Неңдей күйге жүрегімді бөледің.
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім,

- жеп Қасым ақын толғаған қасиетті мекеніміз – Қазақстан – егемен ел болып, тәуелсіз ел табалдырығын аттады.

Өткен тарихымызды ой елегінен өткізе отырып, ғасырлар қойнауына көз жіберер болсақ, қазақ халқы небір қиын-қыстау кезеңдерді, ауыр күндерді басынан кешірген. Ал әрбір осы тарихи дәуірде жарты жаңқасы қалағанша туған жердің қамы үшін арпалысып, жанын қиған халқымыздың ақ алақандай аяулы азаматтары болды. Қазақ деген – батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейе қалса, иен елін көреді, қаз-қатар тұра қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Бауыржандай өрлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар Абылайдай тірлігі бар ел.

Қазақ халқы үшін XX ғасыр «тар жол, тайғақ кешулерден», соқтықпалы, соқпақсыз жерден тұратын, отызыншы жылдардан басталып, елуінші жылдардың ортасына дейін жалғасқан сталиндік геноцидті қамтитын зұлмат дүние мен талай жетістікке жеткен қуанышты сәттерді қамтиды. Ойлап отырсақ, қазақ елінің басына бұл ғасырдың тартқан сыйы мен тартуы да мол, қайғы мен қасіреті де аз емес. Даламыз қандай кең болса, халқымыз да қасіретті тағдырмен бетпе-бет тұрғанда сабырлы мінезінен бір танбапты. Қаншама қиындықты бастан өткерсе де, еліміздің бар мақсаты халық болып бірігіп, тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Сан түрлі ұлт пен ұлыстан біріккен еліміз азаттыққа қолын жеткізді.

Бүгінгі Қазақстан – әлемдік аренадан өз орнын ойып алған, Азия мен Еуропаны мойындата білген өжет елдің мекені. Қазақ мемлекеті өз тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік қауымдастықтың біразына мүше болды, көптеген елдермен елшілік қарым-қатынас орнатты. Елдің абыройын, ұлан-байтақ жеріміздің тұтастығын қорғайтын құжаттар мен шартқа қол қойылды.

Туымыз асқақ желбіреп, тәуелсіздігіміз салтанат құрғанына 22 жыл. Тарих үшін қас қағым сәт, азаттық аңсаған Алаш баласы үшін ғасырдан қымбат, мың жылға айырбастамас 22 жыл!

Менің Қазақстанымның тәуелсіздігі әлемдік саясатта өз бейнесін еркін танытқан тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаевтың тағдырымен, 1991 жылғы Тәуелсіздік алу жайлы Конституциялық заңмен байланысты басталғандай көрінеді. Себебі еліміздегі тыныштық, төріміздегі Ата Заң, көгіміздегі

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

азаттықтың көк байрағы, ұлттық теңгеміз, республикалық «Ұланның» құрылуы, ЮНЕСКО-ға мүшелікке қабылдану – елдігіміздің, еркіндігіміздің белгісі емес пе? Елбасының, біртуар азаматтардың жанқиярлық істерінен туындаған жоқ па?

Халықтан тумай, туады кімнен алыптар,
Сенсеңіз егер сенуге татыр халық бар.
Бүгінгі мен тарихтағы орын бір емес,
Болашақ өз бағасын берер, анықтар,

- деп Қадыр ақын жырлағандай, Елбасы біреу де, оған қашанда ел-жұрты тіреу болмақ.

Қазір Нұрсұлтан Назарбаев ежелгі қазақтың тарих бетіне енген ұлы ғұлама, аты аңызға айналған тұлғаларымыздың жалғасындай көрінеді. Ол кісінің бастауымен менің Отаным әлемге танылды, елім елдігін көрсетті, ерлігін танытты.

Кемеңгер Елбасының: «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жерің де, елдік де иесі өзің екенінді ұмытпа!» - деген сөздерді елдің ертеңі – бүгінгі ұрпаққа айтқан өсиеті іспетті.

Мен – өркениет өріне қадам басқан еркін елдің өренімін. Бүгін елімнің тарихи беттері тәуелсіз елдің жас түлектерімен, өр өлеңдерімен ашылуда. Біздер де аға ұрпақтай өз қолтаңбамызды қалдыруға ұмтылайық! Өткені адам уақытпен бірге адымдайды, уақытпен бірге өмір сүреді. Жүсіпбек Аймауытов ұлағатты бір сөзінде былай дейді: «Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім, өнер танып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыр». Болашақта өз елінің қожасы да, иесі де – бүгінгі ұрпақ. Өсер еліміздің өскелең ұрпағы – бүгінгі жастар.

Елімнің ертеңі үшін аянбай еңбек ету, оқу оқып, білім игеру, жас тәуелсіз мемлекетімнің ірге тасының беки түсуі, ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайту ең басты парызымыз деп түсінемін.

Ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру біздің еншімізге тиген ардақты іс екенін жүрегіммен сезініп, мақтан етемін.

Ойымды Қадыр Мырза Әлидің мынадай жасампаз жырымен аяқтағым келеді:

Мекен-жұртым, жыр күтіп далаң менен,
Мен далаңнан нәр алып, аман келем.
Екі нәрсе мәңгілік:

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Бірі - өзің де,
Бірі – мендік махаббат саған деген.

Саттарова Айжан

11 сынып, №20 лицей-мектеп
Павлодар қаласы

Мен Қазақстанның патриотымын

Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тіліммен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.
Ж. Молдағалиев

Бізге, иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының дүйім Қазақстан елінің қызу құштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл лебізі. Ол - өлең, ол - ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол - шалқыған дәулет, көркейген сәулет!

Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында, жастарымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да жаршысы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан.

XXI ғасыр табалдырығынан аттадық бірақ, соған қарамастан кімде-кім болмасын толғаныста болатыны сөзсіз. Жалындаған толғаныс жас жүрегіме, болашақ өмірге деген батылдық пен нық сенімнің жолын ашқандай. Көптің арманы болған бұл күнді «Алла» бізге көруге нәсіп етті. Осыған шүкіршілік етіп, бабаларымыздың аңсаған мақсат-мұратын жандандыруға атсалысайық. Өйткені өркениетке бет алған егеменді еліміздің ендігі болашағы ұрпақ тәрбиесі деген ұлы міндетпен ұштасып жатыр. Онсыз болашағымыздың бұлдыр елес, бос қиял екені даусыз. Сонда не істеу керек? Меніңше, ең алдымен, ел үшін 1941-1945, 1986 жылдары жанын қиған ағаларымыздың ерлігін, батылдығын, ақындарымыздың шешендігін, батыр аналарымыздың төзімділігін жалпы Отанымыздың келешегі үшін аянып қалмаған азаматтар мен азаматшаларды ұмытпай, жас буынға үлгі ретінде тәлім-тәрбие алуына жағдай жасауымыз қажет. Содан соң барып, ұрпағымыздың бойына ұлттық идея, рухани қасиет, патриотизм қалыптастыруымыз керек. «Патриотизм», «Ұлттық идея» дегеніміз не? Ол қара бастың қамы емес, рудың, не тайпаның зары емес, адамзаттың баласы – ұлтымыздың ұлықтығы үшін теңдігі мен елдігі үшін өтейтін әр пенденің

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

қарызы мен парызы болса керек... Сондықтан «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, тәуелсіз мемлекетіміздің қолға алып отырған басты мәселелерінің бірі – жастарға жоғары дәрежеде сапалы білім беру, саналы тәрбие беру мәселесіне ерекше көңіл бөлейік. Осы орайда Елбасымыздың «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беруге арналған мемлекеттік бағдарламасында» былай деп айтқан: «Қазақ баласын ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу, білім берудің мектепке дейінгі барлық ұйымдардың міндеті.

XXI ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады». Мінеки, бүгінгі күннің биік талабы осы!

Қазіргі кезде білім саласына көп көңіл аударылуы, дарынды балаларға арналған көптеген шаралардың жүргізілуі қуантарлық жай. Елімізде білім беру жүйесіне әлі де болса назар аударылса, келешекте Қазақстандағы білім жүйесінің саласы әлемдік деңгейге жететініне сенімдімін.

Қазіргі уақытта нашақорлық проблемасы ең көкейкесті, өзекті мәселе болып отырғаны бәрімізге де белгілі. Оған себеп болып отырған мына жағдайлар: жұмыссыздық, сыртқы ортаның тұрақсыздығы, психологиялық проблемалар. Бұған өмір жолындағы тұлға ретінде қалыптаспаған балалар мен жасөспірімдер аса еліктегіш болады. Әрине, егер отбасында бірлік, ынтымақ пен сыйластық болмаса, онда бала ыстық сезім мен түсіністікті ауладағы топтардан іздемейді, сондықтан бұндай жағдайға тап бола алмайды. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеп, нашақорлыққа бүкіл ел болып қарсы тұрып, ертеңгі ел үмітін ақтайтын азаматтардың бойына рухани асыл қасиеттерді дәріптеу – баршамыздың алға қойған мақсатымыз. Адам санасына бесікте жатқан сәбилік кезден бастап, даритын қастерлі нәр бар. Ол құдіреттің аты қазақтың қазақтығын әйгілейтін бірден бір белгі – қазақ тілі деп санаймын. Ұрпағы өз тілінде сөйлеген ұлттың рухы биік. Мен өз басым көп нәрсені осы тіл игеру мен тілдің қадір- қасиетін бағалай білу жайына ерекше көңіл бөле қараймын. Тек қазақ жастары ғана емес, елімізде барлық ұлт өкілдері мемлекеттік тілді меңгеріп, тіл арқылы қазақтың мәдениеті мен салт- дәстүрін дүние жүзіне паш етсе, «нұр үстіне, нұр болар еді ». Қазіргі таңдағы «Тіл туралы» заңның қабылдануы – ана тіліміздің жарқын болашағының алғы шарты емес пе? Келешекте тіліміз биік тұғырға көтеріліп, Радлов, Бартольдтар таң қалған деңгейге жетіп, әлемдік дәрежеге ие болған тілдердің қатарынан көрінетініне сенімім мол.

Біздер Қазақстан халқының қиындықсыз өмір кешіп, күн өткен сайын алмастай шыңдала түскенін қалаймыз. Еліміздің болашағы - келер ұрпақтың қолында, сондықтан да қазіргі қазақ жастары терең білім алып, мәдениеті жоғары адам болуға ұмтылуы тиіс. Қол қусырып қарап отырмай, келешекте Абай атамыз айтқандай: «Дүниеге кірпіш болып қаланып», өркендеуіне

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

септігімізді тигізіміз қажет. Бұлайша ойлау - текті елдің, текті ұрпақтың ғана қолынан келетін іс.

Міне, біздер жер ананың төсінде ғажайып сәулелі күндеріне ұмтылған қазақстандықтармыз. Жаңа ғасыр табалдырығынан нық қадаммен аттағанымызға 14 жыл болды. «Үшінші мыңжылдыққа» бет түзеген Қазақстанның келер күнге қосар үміті, алар үлесі мол деген ой әркімнің-ақ санасына берік орнаған дегенді бүгінде анық айта аламыз. Өйткені Тәуелсіздігін жариялап, өзге елмен терезесі тең түсер дәрежеге жеткен, елу елдің қатарына енуге аяқ басқалы тұрған Қазақстан азаматтарының бойында үлкен күш – жігер бар. Мысалы, ЕХРО-2017 Қазақ жерінде өткізілуі, тұтас республиканың да экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы үшін қосымша ынталандыру және өзге елге мәртебемізді мойындатқанымыз деп білемін.

Қорыта келгенде айтарым, мен елімнің келешегін табиғаты таңғажайып, экономикалық аймағы нығайған, төл ұлт өкілдерінің саны молайған, ортақ шаруашылық нарқы дамыған, медицина, білім беру жүйесі озат жолға қойылған мемлекет боларына кәміл сенімдімін. Өйткені, «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын, мен қазақ топырағында туып - өстім, еліміздің өсіп - өнуі үшін, Отанымның өркендеп – дамуы, гүлденуі үшін атсалысамын, аянбай тер төгемін», - деп жүз қайтара айтып, ежелден аңсаған елкіндіктің туы жоғары, елдігі берік, тілегі қабыл болып, еліміз аман, аспаны ашық, жастарымыздың нағыз патриот болғанын қалап, ойымды мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Үкілі үміт таймасын, халқым,
басыңнан,
Мол бақыт күтем жас ұрпақ
сенен жасырман,
Басқаны қайдан?!
Ұлылық күтем өз басым,
Басталған мынау бәйтерек
Жаңа ғасырдан!

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Скворцова Валентина

6 класс

Павлодарская область

Моя Родина

Когда я была маленькой, я не знала, что моя родина, так прекрасна. Один раз осенью мы поехали на рыбалку за город. Я ехала в машине и смотрела в окно. На скошенных пастбищах паслось множество животных: коров, овец и лошадей, которых пас пастух. Мы приехали на Иртыш. Я вышла из машины и посмотрела на небо, оно было розовое - это был закат. Я подошла к воде и посмотрела вдаль, и увидела как на баржу подъемный кран грузил песок, в воде он отражался замком. Это было так прекрасно как в сказке. Наступила ночь, небо было синее, на нём было много ярких звёзд, и луна так ярко светила, что было светло.

В Алматы расположен известный всему миру каток Медео. В горах расположена спортивная горнолыжная база. А ещё Алматы славится своими яблоками сорта Апорт.

Алматы

Алматы красивый город,
Он сравнится с лебедем.
На деревьях сочные плоды
И солнце светит с высоты.

В Астане есть прекрасное сооружение Бай Терек. С этой постройкой связана прекрасная легенда. На свете было дерево, на котором было гнездо, а в гнезде лежит золотое яйцо. Оно принадлежало жар-птице. Было предание, что тот, кто найдёт это яйцо - будет счастлив. Также в Астане есть Парламент и другие государственные здания.

Ещё Казахстан славится красивейшими горами Алатау. На верхушках этих гор лежат вечные снега. Ещё наша Республика славится подземными ископаемыми. Здесь есть почти вся таблица Менделеева.

В нашей стране много красивых уголков. Для меня нет красивее – Павлодара. Я люблю есть очень красивая набережная с фонтанами и пляж. Еще в нашем городе есть фантастический музей, где представлена в экспозициях история нашего края.

Я люблю свою родину.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Сүйеніш Ерқанат

9 сынып, Парамоновка мектебі

Достық селолық округі, Парамоновка ауылы

Арман жыры алаштың, азатық еді аңсаған.

Азабыңды шеккен ел,
Тозағыңнан өткен ел.
Батысында қар жатса,
Шығысында көктем ел.
Бір шеті мен бір шеті
Жеткізбейтін неткен ел?!
Қ. Мырза Әли

«Тәуелсіздік-барлық қазақстандықтар үшін аса қасиетті құндылық» - деп Елбасы бекерден-бекер айтпаған. Талай ғасырлар бойы осы жолда жан алысып жан берісіп, ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, ұлан ғайыр осынау атырапты көзінің қарашығындай сақтап ұрпаққа қалдырған баһадүр бабалармыздың арқасы. Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ, небір алмағайып қиын-қыстау, тар жол тайғақ кешулерді бастан кешіп, ұлттық рухымыздың сағын сындырған тарихи толқулар мен толғаныстарға толы болды.

Ұлттық болмысымыз бен әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз, тіліміз бен ділімізден ажыраудың сәл-ақ алдында қалдық. Туған ел, туған жерден қыспақ көріп киелі атамекеннен жыраққа кеткен қаншама қазақ баласы бүгінгі таңда отанға оралып жатқаны тәуелсіздіктің арқасы. Тарих өткенді және болашақты таразылайтын ұлы шежіре, баға жетпес құндылыққа толы тағдыр-тынысы. Сондықтан төмендегі мына бір ойлардан тәуелсіздіктің қандай ұғым екенін, оның қалай келгенін көз алдымызға елестетеді.

Біз бөрілі байрақ ұстаған, батыр жауынгер бабалардың ұрпағымыз. Талай қилы-кезеңді басынан кешкен қайсар мінезді ұлт екенімізді мақтан тұтамыз. Қазақ болып туғанымызға мақтануымыз керек.

Өткеніңе үңілсем қандай ауыр,
Қиындықты көрдің ғой талай дәуір.
Есіркемей ескіні келешекке,
Қадам басу, жоқ сірә туыс бауыр.
Не көремдің өмірде алты алашым,
Өрлік, ерлік күшіңмен қарсыластың.
Қысылтайаң қыспақта жан ұшырып,
Шүберекке түйілген шыбын жаның.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Талай мәрте қанатың қырқылғаннан,
Бетің қайтып көрген жоқ жығылғаннан.
Қолдан бермей ақ туын азаттықтың,
Қорғай білдің қылышын суырғаннан.

-деген ой жадымда жаңғырығады. Азаттық жолында жанын пидә еткен өр мінезді батыр бабалармыздың ерен ерлігі еш уақытта ұмытылмайды.. Егеменді ел болып етек жеңімізді жинағананымызға 20 жылдың жүзі болды.

Осы аралықта айбынды алаш елін төрткүл әлем танып мойындады. Көкбайрағы желбіреген азат елдің әрбір таңы күлімдеп атып, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықтың берік іргесі мызғымастай қалана берсін. Тәуелсіз қазақ елінің іргесін бекітіп, ынтымағын ұйытқан Елбасымыз жасай берсін!

Бүгін менің елімді төрткүл әлем таныған,
Алты алаштың арманын асқақтатқан Нұр ағам.
Сегіз қырлы, бір сырлы кемеңгерлік ісімен,
Қара қылды қақ жарып, тұңғыықтан жол тапқан.
Үзеңгілес өзге мен санасатын елім бар,
Тәуелсіздік, еркіндік шекаралы жерім бар.
Ынтымақты ұйытып тұрмысыңды көтерген,
Елбасының орасан еңбегінің жөні бар.

Сыздыкова Азиза

школа-лицей им. Абая №10
г. Павлодар

Патриотизм.

Что значит слово «патриотизм» в наше время? Мы с гордостью представляем себя патриотами нашей страны. Мы кричим, что мы любим нашу страну и готовы умереть ради неё. Мы говорим, что наша нация достойна всех благ земных, ведь мы самые лучшие, и мы можем достичь многого.

С раннего детства родители учат нас патриотизму, внушая любовь в нашей стране, земле и нации. В школе нам рассказывают о том, как все-таки богата наша страна, как мы сражались за нашу землю и насколько мы суверенное государство. Мы вешаем наш герб высоко, мы поднимаем наш флаг до самого неба, мы поём наш гимн так, как будто поём в последний раз.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Патриотизм - это любовь к своей родине. Мы ценим прошлое своей нации, мы уважаем настоящие стандарты нашего государства и мы планируем светлое будущее нашей страны. Патриотизм – это знание и уважение родной культуры, родных традиций, родного языка. Это любовь и уважение к своим соотечественникам. Этот «патриотизм» настолько великое чувство в наших сердцах, что незаметно перерастает в расизм или же нацизм.

Почему же так случается? Неужели патриотизм это и есть тот же нацизм и расизм, неуважение к другим нациям, ненависть к другим странам, обделение человека из-за цвета кожи или разреза глаз? Если патриотизм это любовь к своей стране, то можно ли назвать любовь наивысшим нравственным чувством?! Если любовь смысл жизни, то можно ли назвать смыслом жизни войны, страдания других безвинных людей?! Значит, любовь равноценна ненависти? Конечно же, нет.

Мы – дети, любим свою страну, ценим каждый миллиметр нашей земли, преданы нашей отчизне, мы готовы пройти через все мучения вместе с нашим народом, ибо мы реликвия, которую передают наши предки из поколения в поколения, все традиции сохраняем мы, мы - семья. Да, и в каждом красиво описанном слове есть одно «но». Откуда все-таки рождается расизм и нацизм? Возможно, все зависит от восприятия человека к словам. Но, учить надо не любить свою страну, а учить делать выбор, выбор любить или не любить.

Меня никогда не заставляли ходить в мечеть, петь гимн или уважать символику своей страны. Да, родители говорили, что так надо, но я довольно упрямый ребенок, который всегда любит все решать сам. Я дошла до этого сама, увидев насколько все-таки прекрасна наша история, воспитание людей. Я полюбила нашу страну искренне, и сделала я это сама. Это – зов сердца. Я знаю, мы достойны того, чтобы каждый гражданин нашей страны был патриотом. Очень важно понимать, что патриотизм - это не только любовь к своему народу или же национальности, но и уважение к другим. Уважение и толерантность – вот что, на мой взгляд, отличает настоящего патриота от расистов и нацистов. Проявляя уважение к человеку другой нации, мы создаем образ своего народа, своей страны. Больше того, хотеть воевать, а не сотрудничать могут только очень глупые и недалёковидные люди. Ведь жить в мире всегда лучше, чем вести кровопролитные войны, в которых мы теряем людей. Теряя людей, мы теряем себя, свою человечность. Быть патриотом – значит любить свою страну и свой народ искренне. Что значит уважать другие страны и национальности. Только человек, понимающий это, является патриотом в полном смысле этого слова.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Сыздыкова Аида

11 сынып, «Зерде» жалпы мектеп

Екібастұз қаласы

Жетекшісі: Нұртаева Н.Қ.

Менің міндетім – Отанға қызмет ету және қорғау

«Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген.

Жөргегімде таныстым мұң тіліммен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген»

- деп Жұбан Молдағалиев айтқандай, біз не көрмеген қазақпыз? Әйтсе де, қуанғанда күлкімізден түн түрілген қазақпыз. Адамгершілігі, қонақжайлылығы, төзімділігі біздің халықтың мінезіндегі өзге жұрттан ерекше маржан - байлығы.

Бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жерімізді мирас қып қалдырған. Еңбегі еш кетпеді де. Үміті ақталып, кейінгі ұрпаққа саналы, дана адам билік басына отырды. Олардың арманы орындалып, көсегесі көгерген кезге жеттік. Ең алдымен, досқа адал, дұшпанға қатал болуды, сонан соң досқа күлкі, дұшпанға таба болмауды, рухы биік болып, намысты қолдан бермеуді әрқашан есте сақтаған ел басымыз осы қасиеттерді бізге де үлгі етті.

Әлемде беделі бар бір ұлт болып, бой жазып келеміз. Мен өз елімді мақтан етемін! Ел тірегі – елбасы, Елбасы тірегі – ел екенін де ұмытпағанымыз абзал. Еліміздің патриоты болу, сапалы білім алу, қай салада болса да елің үшін аянбай еңбек ету - біздің міндетіміз.

Ата-бабамыздан бізге мұра болып қалған жеріміз бар. Әрқашанда ынтымақтастығы жарасқан көп ұлтты еліміз бар. Әрине, «біреудің көзі жақсы, біреудің сөзі жақсы» - демекші, маңдайыңнан сипап тұрып, ту сыртыңнан соққы беретіндер де жеткілікті. Осы себептен де біз әрқашан да неге болса да дайын, сақ болуымыз қажет. Сонымен қатар қандай жағдай туындаса да осалдық танытпай, айбар шегіп, мәселені шиеленістірмей, ымыраластықпен шешіп, ел тыныштығын жоғары қоюымыз керек.

Біз қазіргі уақытта патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөліп, саналы көзқараспен қарауымыз қажет. Бұған Жүсіпбек Аймауытовтың: «Баланы бұзуға, яки түзетуге себеп болатын бір шарт - жас күнінде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады» - дегені дәлел бола алады. Патриотизм дегеніміз - Отанды сүю деген түсінік. Отанды сүю - өз еліне адал берілгендік, оған қалтқысыз қызмет ету, оның мүдделері мен қауіпсіздігін қорғау. «Үйді қорғау - есіктен, Елді қорғау бесіктен басталады» - дегендей,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

отанды сүю туа сала пайда болатын сезім емес, сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, мектебіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алады. Тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Әрбір оқушы өз ұлтының тарихын жете меңгеріп, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойына сіңіргенде ғана «Елін сүйгеннің еңсесі биік» дегендей, намысы мен ұлттық рухы жоғары деңгейдегі азамат болып қалыптасады.

Отан отбасынан басталады. «Жас бала - жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» - дейді халқымыз. Ата-ана биік шаңырақ көтеріп, берік босаға құрса, үлгілі отбасынан шыққан бала өзін әр кезде бақытты сезінеді. Ал бақытты адамдар өмір сүрген мемлекеттің болашағы зор.

Бақыт деген – мен үшін ата-анамның, туыс - бауырларымның, жақын-жуықтарымның амандығы. Олардың бәрі де дәл осылай ойлайтын болар. Отан деген – біздің үлкен отбасымыз. Аянбай еңбек етіп, Отанға адал болғанымыз, қызмет еткеніміз – оны қорғағанымыз деп білемін.

Отанды сүю, ұлтжандылық – сүйекпен бірге сіңетін, қанмен бірге берілетін сезім. Бүгінгі күні ата-бабаларымыз салып кеткен түзу жолмен жүріп, сол жолды ары қарай дамыту, ескімен жаңаны ұштастыру – Қазақстан халқының міндеті. «Туған жерге туың тік», «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас», «Ер жігіт – елінің ұлты, Намысының құлы», «Туған жер – тұғырың, Туған ел – қыдырың» деп даналарымыз бекер айтпаған.

Ежелгі Түрік қағанаты кезінің өзінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткіштерінде ел билеушілерінің отаншылдық үлгісі көрініс тапқан. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Ақтамберді, Бұқар жыраулар және XX ғасырдың басындағы ұлт зиялылары мен қайраткерлері отаншылдықты сөзбен ғана емес, іспен де өнеге етіп көрсете білді. Қазыбек би: «Атадан жақсы ұл туса, Елінің туы болады. Атадан жаман ұл туса, Көшінің соңы болады», Әйтеке би: «Өмірім - халықтікі, өлімім ғана - өзімдікі» деп халыққа қызмет етудің, Отаншылдықтың айнасы бола білді. Тәуке хан заманында қазақ қоғамында Отаншылдық байлықтан да жоғары бағаланды.

Сайып келгенде жас ұрпаққа ата-бабаларымыздың азаттық үшін арпалысып, сол жолда құрбан болған Сырым батырдың, Исатай мен Махамбеттің, Кенесары ханның, 1916 жылдың құрбандары: Әлихан Бөкейхановтың, Мұстафа Шоқайдың, үш тұлпардай билеріміздің, Абай, Ағыбай тәрізді қайраткерлер тәлім алған өз халқымыздың ұлттық тәрбиесін қолға алмай, оның үлгілі жолдарын жеткізуіміз мүлде қиынға түсетіні айдан анық. Осы тұста Қайрат Рысқұлбековтерді осы ұлы тұлғалармен қатар қойғым келеді. Өткен ғасырлардағы, үстіміздегі ғасырдың басындағы қанды шайқастар, ірілі-ұсақты небір көтерілістер, ең ақырғысы тарихқа «Желтоқсан оқиғасы» деген атпен енген, кейіннен «Желтоқсан» ұлт-азаттық көтерілісі

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

деген бағаға ие болған. 1986 жылғы жастар мен студенттердің жанкештілігі, тәуелсіздікке қан төгіссіз бейбіт жолмен қол жеткізу үшін арпалысқан ел ағаларының ерен ерліктері халық санасынан өшер ме?!

Тарихымызда ерекше орны бар, бәріміз куәсі болған халқымыздың қасіреті мен ар намысына, сонымен бірге мақтанышына айналған бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сабира Мұхамеджановаларды еске алып, есімдерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, олардың рухына тағзым ету – парызымыз.

Қазақ елінің әр перзенті елін, отанын қорғауға дайын болуы керек. Бір сөзбен айтқанда өз елінің патриоты болуы шарт. Бүгінгі оқушы – ертеңгі мемлекет болашағы. Ол мектепте алған тәлім-тәрбиесін болашақ қоғам дамуына үлес қосатыны сөзсіз. Сондықтан да баланы «қазақ патриоты» негізінде тәрбиелеу тек отбасы міндетіне жатпайды, мектеп, ұстаздарға да негіз болады. Патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жана мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз - ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі мен дүниетанымы кең азаматтарды тәрбиелеу.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліне сіңірген еңбегі зор. 20 жыл уақыт ішінде елімізді аяғына тік тұрғызып, көркейтуде. Қазақ жері ұлан-байтақ, табиғи қорларға өте бай мемлекет екені айдай әлемге аян. Сол себептен көзі жайнап, жаулап алғылары келетіндердің де саны аз емес. Алайда осындай қиындыққа қарамай: «Арпалыспен келмесе, шынайы азаттық бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадірі бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ма?», «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек», - деп, елімізді қорғауға үндейді. Иә, Қазақстан - тәуелсіз, дербес ел! Тәуелсіздік туымен бірге Қазақстан тамырын терең тартып, жапырағы жайқала бастады. Тәуелсіздік арқасында қазақтың асыл арманы асқақ әнге айналды, өзге дербес елдермен тереземіз теңесіп, керегеміз кеңейді. «Тіл - ұлт байлығы» дегендей, өзіміздің ең қымбат қазынамыз - ана тіліміздің де маңдайындағы жұлдызы жарқырайды. Мұның барлығы ата - бабаларымыздың ат үстіндегі атқарып, алты малтаны ас етіп, мың өліп, мың тірілген, қылышын қаншама ғасыр қанға малып жеткен мұраты - Тәуелсіздік арқасында.

Тәуелсіздіктің желбіреп тұрған туын болашаққа жеткізетін, әнін әлемге әуелететін бүгінгі ұрпақ, біз боламыз! Аға - ұрпақтың бұл бағдарламасын жалғастыратын да біз. Тәуелсіздік бізге, біз тәуелсіздікке қызмет етеміз.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Танибергенова Асем

11 сынып, Еңбекші ж. б. б. орта мектебі
Железин ауданы, Еңбекші ауылы
Жетекшісі: Жамбусинова Ж. А.

Үлгілі ұрпақ

Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі – сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде аршаның міндеті – әдет - ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғарыт әрбиелі ұрпақты өсіру.

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Ғұлама Абай баланың бойына алты қасиет пен үш асыл мінез-құлық сіңіру парыз деген.

Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керегі екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі. Солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақында, түсінікті ете алады.

Әдептілік – әртүрлі жағдайда мінез-құлық ережелеріне сәйкес өзінді ұстай білу. Әдепті адам өзін, өзгелерді ыңғайсыздық жағдайға қалдырмайды. Өзгелердің ісіне жөнсіз араласпайды, дөрекі түрде, намысқа тие немесе мысқылдай сөйлемейді, біреудің дене кемістігін бетіне басып айтпайды. Әдепті адам өз мінез – құлқы мен іс-әрекетіне сын көзбен қарап, өзін-өзі тәрбиелей алады.

Табиғаттың бар жаратылысы, құбылысы адамға тән теңеулермен айтылады. Себебі адамның көп мінезі табиғаттағы құбылыстарға ұқсайды. Тіпті жаздың жарықтығы, ыстықтығы ашық жарқын адамға ұқсайды. Әдемі, сұлу жандарды гүлге, көктемге балайды. Қыстың кең тынысын, ақ қарын абзал адамға, самалымен желпіп еркелететін күзді ерке

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

балаларға ұқсатады. Табиғаттағы сұлулық адам жүрегінен орын алса, сол адамның жаны сұлу болады. Табиғат адамдар әдемі болсын деп сан алуан гүлдерін сыйға ұсынады, ұлдарының емендей мықты болуын ойласа, қыздарының қайыңдай нәзік майысқанын қалайды. Ал табиғаттың әсемдігі адам жанын тазалыққа, сұлулыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Қазақ халқы ұл дүниеге келгенде ел қорғайтын азамат туды деп мақтанады. Сондықтан да ұл баланы асқар тауға, алынбас қамалға, алмас қылышқа, қайратты бүркітке теңейді. Ал қыз дүниеге келгенде өмірге, елге көрік берер қыз туды деп, мәзмейрам болады. Сондықтан да қыз бала тән сұлулығымен ғана емес, жан сұлулығының байлығымен өмірді мәнді де сәнді етеді. Оларды гүлге, күнге, айға теңейді. Адам табиғаттан сұлулықты, әдемілікті үйренеді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Ал ұрпақты жан-жақты келбетті етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім тәрбиелік, білім танымдылық ролі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің ұрпақ тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілікті, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, Отанын сүюшілік ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келеді.

Жер жүзінде екі мыңнан астам ұлт пен ұлыс тіршілік етеді десек, солардың әрқайсысының өзіне ғана тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Олар – халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан ол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы, басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылығының барлық белгілері анық танылады. Сонымен қатар салт-сана, дәстүр қатып-семген, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес.

Дәстүрсіз халық жоқ. Ол тарихи негізінде қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып жалпыға бірдей әдеп, инабат нормасы болып табылады. Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі – адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отыру.

Дәстүрдің тағы бір қызметі – жақындастыру. Мұның тарихтағы айқын көрінісі – рулық қауымдастықтар, олардың ауызбірлігі, тұтастықтарын сақтауға ұмтылушылық “Кімнің жерін жайласаң, соның жырын жырлайсың” деген мақал осыған байланысты айтылған.

Адамның жақсы көңіл-күймен, шын ниетпен, адал сезіммен амандасуы, оның ізеттілігі мен әдептілігін көрсетеді. Айналасындағы адамдардың барлығына да күлімдей қарап, ақ ниетімен сәлем беретін балаларды үлкендер

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

«әдепті бала» деп атайды. Балалардың сәлемдесуіне қарап-ақ, олардың әдептілігін байқауға болады. Халық даналығында «Сәлемдесу - әдептілік бастауы» деп тегін айтылмаған. Ендеше баланың басты қарым-қатынас жасауының басты әліппесі сәлемдесуден басталады.

Сонымен үлгілі ұрпақ болу үшін, жастарымыз адамгершілікті, отансүйгіш, өз халқының тарихын, тілін білу міндетті. Атадан қалған дәстүрлерімізді қастерлеп, соған тырысуымыз керекпіз. Өйткені елдің болашағы біздің қолымызда.

Тастемір Жанболат

10 сынып, әскери мектеп-интернат

Павлодар қаласы

Мұғалімі: Смағұлова Г.Т.

Елбасымен - болашақтың іргесін бірге қалаймыз!

Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Қазақстан өз тәуелсіздігін көптеген жастардың өмірлерінің құнымен алды. Кім біледі, егер сол ызғарлы желтоқсанда жастарымыз көтеріліске шықпаса, бүгінгі күніміз не болар еді. Мүмкін тағдырымызда солай жазылған шығар, жастар өз дегеніне жетті. Мемлекетіміздің құрылуының бірінші сатысы осылай аяқталды. Уақыт өтіп, қазақ халқы тұңғыш рет өз Елбасын қолдады. Ел тәуелсіздігі мерекесінің қарсаңында Елбасы Қазақстан халқына Жолдауын арнады. Бұл Жолдау Қазақстан халқының болашақтан күтетін нәтижелерін анықтаумен ерекшеленді. «Қазақстан – 2030» Стратегиясы отыз үш жылдың ішінде емес, он бес жылдың ішінде орындалғанына бүгін куә болып отырмыз. Елбасы атап өткендей, Қазақстан Республикасы әлемдік деңгейде қалыптасып үлгерді. Енді Елбасы дамыған 30 елдің қатарынан көрінетін Қазақстан қандай болуы керек, қандай басымдықтар жүзеге асырылуы тиіс деген сұрақтарға жауап іздеп, ел алдына жоғары міндеттер қойды. Бұл міндеттердің орындалуына, Қазақ елінің тыныштығының сақталуына, экономикасының күшеюіне әрбір қазақ азаматы мүдделі екеніне тоқталды.

Осы ретте Елбасы Қазақ елінің барлық азаматтарына алты үлкен міндет артты. Біріншіден, артымыздан еріп келе жатқан ұрпақтың жат жұртта емес, өз елінде өсіп, өмір сүруге құмартуын арттыру, соған жағдайлар жасау, туған жерінің иесі екендігін сіндіру. Екіншіден, барлық этностар құқықтарының теңдігін сақтау. Үшіншіден, қазақ тілі мен ұштұғырлы тіл саясаты. Елбасы қазақ тілі біздің рухани негізіміз екенін, еліміздің болашағы қазақ тілінде екенін, қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

үстемдік етіп, кез келген ортада жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атай алатынымызды атап өтті. Мұндай сөздер көпшіліктің күткені еді. Төртіншіден, мәдениет, дәстүр және даралық. Елбасы қазақтың күрделі мәселелерін ашық айтып, ішкі тұтастықты бұзуға дәмеленген рушылдық, жершілдік секілді алып-қашпа әңгімеден бойды алыс ұстауға шақырды. Қарға тамырлы қазақтың түбі бір екенін әрқашан есте ұстау керек. Бесіншіден, ұлттық интеллигенцияның рөлі. Алтыншыдан, ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дін туралы ойлану керек. Өйткені қазіргі кезде дін мәселесі ушығып кетейін деп тұр. Жастар дәстүрімізде жоқ діни ағымға салынуды әдетке айналдырып барады.

Халық қолдаған Елбасы тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап өз елін жарқын болашаққа бастап келе жатқаны бәрімізге мәлім. Қазақ елі – аз уақыт ішінде көп табыстарға қол жеткізді. Жазық жерде мемлекет құрып, астана орнату әрбіреудің қолынан келмейді. Көптеген жылдар бойы елімізді басқарып, қамымызды жеп, жеріміздің шекарасын тыныштықта сақтап келе жатыр. Алға аршындап ұмтылу үшін бізді ұлы мақсаттар мен ауқымды міндеттер жетелеп тұруы тиіс. Елбасымыз қазақ еліне сондай қанатты идеяны ұсына білді. Президентіміздің сөзі мен ісінің арасында алшақтық болмайтынын жақсы білетін халқымыз бұл идеяға үлкен үміт артады және абыроймен жүзеге асатындығына берік сеніммен қарайды. Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты - экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарынан көріну. Ал жастар бұл асқақ ойды ісімен дәлелдемек. Біздің Елбасымызға қолғанат керек. Сондықтан, жоғары білім алуға үміт күтіп жүрген жастарға қол ұшын беруден Елбасымыз аянбайды. Себебі, жастар - жаңа көзқарастың бағыттаушысы. Біз - жас ұрпақ-Қазақстанды әлемнің биік шыңдарына көтере аламыз. Біздің мақсатымыз — білімімізді нығайтып, келешекте өз еліне жаны ашитын, азаматтық намысы бар, қазақтың мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терін сығып жүріп еңбек ететін мемлекетіміздің нағыз азаматы болу.

Менің қазіргі уақытта жан- жақты білім алып, рухани өрісімнің кеңеюіне ықпал етіп отырған — әскери мектеп. Мен осы мектептің табалдырығын аттап, білім нәрін сусындап жүргенімді зор мақтаныш тұтамын. Бұл мектепте оқып жүргеніме екі жыл толып қалды. Біз мектептің табалдырығын алғаш әскери Ант қабылдаудан бастадық. Өмірдің жаңа сатысын енді басқандаймын. Осы курсанттармен бірге тез есейіп кеткенімді байқамай қалдым. Бұл мектептің өмірі барлығынан да өзгеше. Бізді «офицерге лайық бол» деп тәрбиелейді. Адалдық пен адамгершіліктің ақ жолына салады. «Адалдық», «Ар», «Адал еңбек», «Батылдық» деген сөздер жанымызға жақын, үйреншікті. Ал сол алдымызға қойған міндеттерді бұлжытпай орындау —

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

біздің парыз. Мектеп дарынды балаларға арналған болғандықтан, бұл жерде ең білімді, білікті, күшті, озат курсанттар оқиды. Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналған балалар осы мектепке келіп, аңсаған армандарын жүзеге асыруда.

Біз бәріміз бір атаның ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін.

Мен - Қазақстанның патриотымын, сондықтан туған жерімнің жарқын да баянды болашағы үшін аянбай еңбек етемін!

Тастен Дана

8 класс, АОО «НИШ»

г.Павлодар

Руководитель: Оразалина К.Р.

Моя родина - мой дом

Казахстан – моя родина, отчизна, родная земля, мой дом и моя муза. Сказано немало искренних слов о любви к своей Родине. Она живет в глубине души каждого из нас. Истинный патриот своей страны должен ценить и знать прошлое своих предков и чтить их память. Недаром сказано: «кто не знает своего прошлого, у того нет будущего». А наше будущее и будущее нашей страны тесно связано. Как сказал глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев: «...насколько качественным будет уровень здоровья, интеллекта и образования каждого гражданина, настолько высокой окажется конкурентоспособность государства в системе мирового сообщества». А это значит что будущее нашего государства в наших руках! Так давайте же пробудем чувство патриотизма и гордости и будем делать все для процветания и роста благосостояния населения. Ведь наша страна - это наш дом.

Учителя и многие взрослые люди часто говорят нам о том, то что мы, это будущее страны. Поэтому мы должны становиться лучше с каждым днем, вкладывать все свои силы в свое будущее, тем самым улучшая и изменяя будущее своей страны. Люди которые вкладывают что-то в будущее – реалисты. Так давайте же будем ими! И впервые очередь чем думать что может сделать для нас страна, давайте думать что мы можем сделать для нее. Конечно, сейчас мы приносим не так много пользы и для родины, и для дома. Но мы должны брать пример со своих родителей. Каждый раз они покупают в

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

дом новую и красивую мебель, пытаются осветлить его и сделать более уютным. Но мы должны брать шире, воспринимая свою страну как свой родной дом. Каждый гражданин должен гордиться своим государством и любить его всем сердцем. Ведь когда-то Цицерон сказал: «Нам дороги родители, дороги дети, близкие, родственники...но все представления о любви к чему-либо соединены в одном слове – отчизна. Какой честный человек станет колебаться, умереть ли за нее, если он может принести этим ей пользу?».

На земле более шести тысяч народов и народностей и только более двухсот стран, где одна из них-Казахстан. Наша молодая страна входит в число пятидесяти лучших стран мира. И это очень хороший результат. Но если заглянуть глубже, то мы увидим, как нелегко далась нам свобода. Наши предки изо всех сил боролись за нее, за будущее своей страны. Сколько людей погибало на поле боя, сколько людей бросались под огонь ради своей отчизны и товарищей! Сотни людей умирало от рук врага, но несмотря ни на что они боролись до последней капли крови. Поэтому мы должны оправдать их надежды и доказать, что они погибли не зря. Ведь если представить, что наши родители, дяди и тети, братья и сестры, бабушки и дедушки, которые не чают души в нас, погибли напрасно, и это уже не вернуть... поставьте себя на их место, и почувствуйте боль, которую чувствовали они когда-то. Представим людей, которые попали в плен врага, или отважных солдат, которые бесстрашно бежали им на встречу, бежали на встречу к смерти. Как когда-то сказал Гомер: «Знаменье лучшее – за отечество храбро сражаться». Так давайте соберемся с силами и поднимем нашу Родину – Казахстан!

Төлеубаева Айымгүл

5 сынып, Қараағаш орта мектебі

Ертіс ауданы

«Ер еісімі - ел есінде»

«Ерлік өлмейді, ер ұмытылмайды»-демекші соғыс жылдары еліміз үшін де, бүкіл әлем халықтары үшін де, есте қаларлық кейінгі ұрпаққа үлгілі, өнегелі жыл. Бүкіл дүниежүзілік соғыстың аяқталуына биыл алпыс тоғыз жыл толып отыр.

Ардагер аталарымыздың, әкелеріміздің, ағаларымыз бен әпкелеріміз жастардың бойында Отанның абыройы мен бостандығын қорғаған ардагерлер үшін мақтаныш сезімін тудыратынына сенімдімін. Ардагерлерге ілтипат көрсету парызымыз.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Сол бір ел басына қайғылы бұлт үйірілген шақта қолына қару алып елін, жерін қорғауға аттанған жұрт есінде қаларлық ерлік жасамаса да, сол қырғынға қатысқанның өзі үлкен ерлік дер едім.

Біздің Қараағаш ауылынан да 40-қа тарта ардагер жауынгерлеріміз Отан үшін жанын қиған. Олардың 20-ға тартасы елге оралып, қалғандары елінің келешегі үшін қан майданда оққа кеудесін тосып, туған – туысқандары мен ауылдастары «Отаны үшін ерлікпен қаза тапты» деген қағаздарын алған. Өздері өмірден өткенімен, жаумен шайқасқан ата-бабаларымыздың ерлігі тарих қайнауынан орын алып, отандастарының жадында мәңгіге сақталады.

Сол сұрапыл жылдардың тарихи беттерін ақтарып өтсек. 1941 жылғы 22-маусымда таңғы сағат 4.00-де бейбіт шырт ұйқыда жатқан Кеңес Одағына фашистік Германия тұтқылдан шабуыл жасады. Шекарашылар қасық қандары қалғанша ұрыс жүргізді. Бірақ жау ішкерілеп ене берді. Сол кездегі фашистік Германияның мақсаты бүкіл кеңес халқын құлға айналдыру, жерін басып алу еді. Дегенмен, еліміздің бірлігі, ынтымақтастығының арқасында жеңіп шықтық. Кеңес әскері дұшпанға ойсырата соққы берді.

Өткен ауырпашылық кезеңінің бірі- әр үйдің жанұясына жара салған, талай боздақтар от кешкен, талай боздақтар әз-түссіз хабарсыз кеткен, ол – Ұлы Отан соғысы. Сол соғысқа аттанған майдангерлеріміз бірі: Іләш Серғазинов, Әментай Кәрімов, Ақылбаев Қайыржан Жақияұлы, Мұхамеджан Құсайынов, Қожан Серікбаев. Қараағаш ауылында осы ауырпашылық кезең жай айналып кеіпеді. Әр отбасының «тірегім» деген ерлерінің бәрі соғысқа кеткенде, ауылда кәртәміш, қауқарсыз шал-кемпірлер мен бұғанасы қатпаған жас балалар қалған еді. Сонда да Қараағаш ауылы соғысқа кеткен ерлерінің орнын жоқтатпай, барлық қиыншылыққа төзе білді. Ала таңнан қара көлеңкеге дейін өгізбен жер жыртып, қолмен тұқым сеуіп, азапты күндерді бастан өткізіп, еңбек еткен азаматтардың бірі – Кенжебай Абенов және оның өмірлік жұбайы Орынбасар апай туралы біраз әңгімелеп өтсем.

Кенжебай Абенов 1927 жылы туған. Көп балалы жанұяда, он алты баланың отасында өсті. Сегіз жасында шешесі қайтыс болды, інілері Төлебай мен Сабыр екі жаста жетім қалды. Әкелері Әбен қария тоқсан жасқа келіп қайтыс болған. Он алты баланы картоп пен балықпен өсірген.

Кенжебай жетімдіктің зардабынан ерте есейіп, сегіз жасынан колхоздың бұзауларын бағып, еңбекке ерте араласады. Соғыс басталғанда жас бала ауылдың бронмен соғыстан алып қалған Какен Шайхын, Зайныш Сұлбаев, Зәкуля Аужанов сынды ауыл азаматтарымен соғыс уақытындағы ауыр да қайнаған еңбек майданына інісі Төлеубай екеуі қара жұмысқа

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

араласады. Сол соғыс кезінде жұмыстың барлығы қолдың қара күшімен атқарылды. Лавогрейканы қолмен сүйреп, жинаған масақты ауылға әкелген.

Соңыстың ауырпашылығын көрген майдангерлерімізді айтатын болсақ, сан жетпейді. Қасықтай қаны қалғанша жас жанын шүберекке түйе жүріп елін, жерін қорғаған азаматтар аз емес. Олардың көбі сол майданда қалса, аман-есен сол қырғыннан елге оралып келгендер де бар. Атап айтсақ: Қараағаш ауылының ардагері Укужанов Дос 1914 жылдың 10 қазан күні Павлодар облысындағы, Ертіс ауданының, Чапаевка (Қараағаш ауылы) колхозында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Соғыс және еңбек ардагерінің балалық шағы ауыртпашылығы көп, қиын жағдайда өтті. Әкесінен жас айырылып, отбасының жауапкершілігі мойынана түсті.

1939-1941 жылдары кеңестік борышын атқарған, Фин соғысына қатысқан.

1941 жылы Москва қорғанысына қатысып, медальмен марапатталған.

1946 жылы еліне оралады. Колхоздағы жұмыстарға белсене қатысып, алғашқы комсомол ұйымының хатшысы болды.

1951 жылы жігерлі азаматты Шарбақты техникумына оқуға жіберіліп, оқуды бітірген жас комсомол егіншілер бригадасында жетекшілік қызметін атқарды.

1978 жылы құрметті демалысқа шықан соғыс және еңбек ардагері Дос Укужанов атамыз «Ұлы Отан Соғысы» ордені, «Берлинді алғаны үшін», Кеңес Одағының маршалы Г.К. Жуковтің және «Еңбек ардагері» медальдармен марапатталған.

1997 жылы 83 жасында майдангер атамыз дүниеден кетті.

Ертіс ауданы, Иса Байзақов ауылының тумасы Шайкенов Әлихан 1943 жылы соғысқа аттанып, Отан қорғау жолындағы шайқаста төрт рет ауыр жараққанған. Ерлігі үшін медальдармен марапатталынып, елге оралады. 1947 жылы отбасы құрып, он бала өсірген. «Ертіс правдасы» газетінде редактор болып қызмет атқарады. 1953-1984 жылдары М.Горький орта мектебінде ұстаз, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болды.

Қайыргелді ағай 1913 жылы, Ақтоғай, Ертіс ауданының шекарасында орналасқан Ахмет ауылында дүниеге келген. 1942 жылдың 17 қаңтарында әскер қатарына шақырылып, Ленинград майданында соғысқа кірген. Алты ай соғыстан кейін жараланып, бір айдай емделіп, қайта майданға аттанады. Ленинградты қорғау кезінде ауыр жарақат алады. Қасындағы жауынгерлер өлдіге санап, жерлеуге уақыттары болмай, басқа өлгендермен бірге жертөле ішіне тастап кеткен екен. Қанша уақыт өткенін кім білсін, есін жиса, жертөледе өлгендер арасында жатыр.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Соңғы күш-қайратын жинап, жанына батқан жараға қарамастан, өмірдің бір күніне деген ұұштарлық әл берген болар. Еңбектеп зорға шығады. Бақытына орай осы маңда байланыс жүргізіп жүрген жауынгерлерді кездестіріп, әуелі медсанбатқа, госпитальге жіберіледі.

Алты ай емделіп, 1943 жылдың мамыр айында 2-ші топтағы мүгедек, әрі қарай әскерге жарамсыз деп танылып, елге қайтарылады. Елге орала салысымен жұмыс іздеп Он жылдық совхозының бірінші бөлімшесіне меңгеруші болып тағайындалады. Осы қызметті табан аудармай 30 жыл абыромен атқарып, 1973 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Міне, Отанымыздың түпкір-түпкірін мекендеген әр отбасынан Ұлы Жеңістің жақындауына елеулі үлес қосқандар жетерлік, ендеше сол қанды қырғынға қатысқан әр азаматтың аты ұмытылмақ емес. Қаһармандықтары, ерлігі, отаншылдығы үшін шексіз алғысымды білдіремін. Біздің қымбатты ардагерлеміздің ерліктері мәңгі өлмейді. Ұрпақтың жадында мәңгі сақталады!

Адамға ең қымбатты – Отан! Адамға бәрі табынса да, Отан табынбайды. Отан үшін жан қиған боздақтарымыздың ерлік істері жас ұрпақтың жадында мәңгілікке ұя салған. Бас көтерген азаматтардың бәрі майданға аттанды. Осы азаматтардың үркердей бір шоғыры жау шебінің ар жағында жүріп, сонау Белларусия, Украина жерлердің төрт жыл бойы фашизммен арпаласты. Ақ қырау қыста, апатп жазда, жылауық күзде олар бір тыным, бір тыныштық көрмеді.

Бұл соғыстың салған жарасы әлі күнге дейін барлық ұлттың жүрегінде жазылмады, әлі де сақталуда. Осы жарқын өмірді сыйлаған әке, аға, әпкелеріміздің ерлігі мәңгі үлгі. Бүгінде біз дербес, тәуелсіз елміз! Осы күнге жеткізген ата-бабаларымызға мың алғыс! Еліміздің әрі қарай гүлденуіне, дамуына біздер, болашақ жауаптымыз. Өз үлесімізді қосуға әрқашан дайынбыз!

Тусумбекова Индира

7 сынып, Шөптікөл мектебі

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы

Жетекшісі: Бұғыбай Л.

Мәңгілік Ел- Мәңгілік тіл

Енді ешкім өзгерте алмайтын бір
ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен
бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

тақырыбы емес, ұлттың ұйтқысы ете
білгеніміз жөн.
Н.Ә.Назарбаев

Тіл қай ұлтта болса да, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы-әр елдің мақтанышы. Ол атадан балаға мұра болып қалған баға жетпес мұра.

Менің ана тілім шексіз бай өте көркем тіл. Қандай ақын, жазушы болса да өз ана тілін жырлауға тиісті. Сол сияқты менде өз ана тілім туралы тебірене ой толғасам деймін.

Мен жаңа ғасыр перзентімін. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің халыққа арнаған жолдауында: «Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың перзенті» -деп жас ұрпаққа үлкен үміт артады.

«Әсіресе, жастарға мынаны айтамын: Бұл Стратегия сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер, осы жұмысқа атсалысыңыздар, елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар» -деп жастарға және елінің ертеңі болатын жас ұрпақ бізге үлкен сенім жүктеп отыр.

Мәңгілік Ел болу біздің қолымызда, сондықтан да сабағымды жақсы оқып, жақсы бір мамандық иесі болып, елімнің өсіп өркендеуіне өз үлесімді қосамын деп ойлаймын. Мәңгілік Ел ата-бабаларымыздың сан мың жылдар бойғы асыл арманы.

Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атануы еді. Бұл армандар ақиқатқа айналды. Мәңгілік елдің ірге тасын қаладық.

Президентіміздің жолдауын газет-журналдан оқып, ұстаздарымыз да әбден санамызға сіңірді. Оқыған кезде, мені тіл туралы айтқан ойлары қатты жігерлендірді. Жолдауда: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар.

Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» -деп айтқан ұранды сөздері әр қазақтың, әр қазақстандықтардың санасына жетер деп ойлаймын.

Осы орайда ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың айтқан мына бір қанатты сөзі ойыма оралады. «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» -десе, жерлес ақынымыз Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілі - халық болып жасалғаннан бері оның жан дүниесінің айнасы, өсіп өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерек» -деген.

Меніңше, қай ортада жүрсекте, мектепте, отбасында қазақ тілінде сөйлейтін болсақ тіліміздің мәртебесі артады деп ойлаймын. Ана тілінің топырағында көктеп, ауасынан тыныс алмаған өнер де білім де өміршең емес. Тіл - ұлт болып қалыптасудың ең бірінші шарты. Басқа тілдердің

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

көлеңкесінде қалып қоймай, өз тіліңнің терезесін өзге тілмен тең ету, оны жан –тәнімен сүю «ұлттым», «тілім» деп соққан ұлтжанды әрбір адамның үлкен әріппен басталатын «Азаматтық парызы» екенін ұмытпау керек.

Қазіргі таңда тіліміздің қолдану аясы кеңейіп ,қанатын кеңге жайып келеді. Бірақ та құрбы –құрдастарымыз, достарымыздың арасында тілімізді шұбарлап сөйлейтіндер көптеп кездеседі.

Мен Мәңгілік Елімнің ертеңімін. Болашақта өз елінің иесі бүгінгі мектеп оқушылары. Олар –біздер. Мен өзім туралы жазатын болсам:

Мен киелі де қасиетті, табиғаты әсем Баянауыл топырағында дүниеге келдім, Шөптікөл жалпы білім беру орта мектебінде 7-сыныпта оқимын . Менің туған топырағымда қаншама дарынды тұлғалар дүниеге келді десеңші! Осы тұлғалардың өмірін дәріптей отырып, оқуымды жақсы оқып, терең біліммен қаруланып, келешекте өзім таңдаған мамандық иесі болып Мәңгілік Елімнің өсіп, өркендеп дамуына, Мәңгілік тілімнің көркеюіне өз үлесімді қосамын өзіме үлкен сенім артамын.

Тұрархан Қымбат

11 сынып, №10 лицей-мектеп
Павлодар қаласы

Елім деп соғар жүрегім

Мен өз халқымды сүйемін.
Оның мені бала кезімнен сабыр мен
парасатқа баулығынын мақтан
тұтамын. Басымды иемін!
Назарбаев Н. Ә.

Еуразияның кіндік тұсында ұлан-байтақ жеріміз бар қазақ даласының келбеті бағзы бір ежелгі атам замандардан өзінің ұлы рухын жоғалтпай, күні бүгінгі үшінші мыңжылдықта да асқақтығын танытып отыр. Атыраудан Алтайға дейін созылған ұлан-ғайыр кең өлке, тарихы шексіз, дәстүрі шетсіз ата-жұрт. Әні мен күйі шалқыған, сыры мен жыры толқыған ғажайып сұлу сахара!

Жұмыр жердің бетіндегі қаншама елдің даму тарихы өз алдына бөлек әңгіме. Адам баласы жаралғаннан бері руға, ұлт пен ұлысқа бөлініп, өздерінің қаншама мемлекеттерін құрып келді. Соның бір айғағы ретінде қоғамдық дәуірлеген кезеңдерден, қиыншылықтар мен қырғын соғыстардан, отаршылдық пен бодандықтардан өтіп, күні кеше жиырма жыл бұрын жеке

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

мемлекеттік тәуелсіздігіне қолы қайта жеткен бейбіт елімнің, бүгінгі асқақ Қазақстанның, ұлы рухы мен мұндалап тұр.

Тәуелсіздік! Қасиетті де құдіретті осы бір ұғымның тереңіне зер салып, ой жіберейін. Бұл тәтті сөздің тұңғиығында ата-бабамның ғасырлар бойындағы асыл арманы, азаттық жолында құрбан болған талай-талай боздақтардың ізі мен ұрпаққа қалдырған мәңгі өшпес аманаты жатыр. Ұлан даланың жас перзенті – кеңпейіл қазақтың азаттық мұратындағы сан түрлі күрестері және тағдыр талайы жазған “тар жол, тайғақ кешу” іздері жатыр. Жаңа ғасырмен бірге келген ел тәуелсіздік жылдары – азаттық ұранын ұрпағына ұлағаттаған бабалар үрдісінің жалғасы.

Отар болдым, от кештім, суға баттым,
Күнін кештім шарқ ұрған шағаланың.
Енді бүгін көрдім мен қазағымның
Азаттықты бақытқа балағанын!

– деп, дүние құндылығы бостандықта екенін Бауыржан Жақып та жырлап өтіпті сол бір жылдарда.

Өмір көші үнемі қозғалуда, азаттықтың ұраны әр қазақтың бойындағы қанға дарып, уақыт ағымымен сылдырап ағуда. Ел мен жер тарихы күн санап өзгеріп, өркениетке қарай дами түсуде.

Өткен тарихымызды ой елегінен өткізе отырып, ғасырлар қойнауына көз жіберер болсам, қазақ халқы небір қиын-қыстау кезеңдерді, ауыр күндерді басынан кешірген. Сонау ерте заманда халықтың арман қиялынан туған ел қорғандары – Алпамыс, Қобыланды, Тарғын сынды батырларымыз, Монғол шапқыншылығы кезінде туған қаласы Отырарды қасық қаны қалғанша ерлікпен қорғаған Қадырхан ел тірегі, ел панасы бола білді емес пе?! Қазақ халқы Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» халық. Күлтегін, Білге қаған, Елтеріс қаған билеген көк түрік заманындағы көк сүңгілі қақтығыстар, әлем әміршісі атануға ұмтылған Шыңғыс хан тұсындағы ат сауырынан қан кешкен алапат шайқастар мен жоңғар шапқыншылығы кезіндегі жойқын соғыстар, қала берді қандыбалақ Ресейге бодан болғаннан кейінгі жолбарыс жүректі Кене хан мен арыстан білекті Наурызбайдың, Исатай-Махамбеттің, Сырымның, Жанғожаның, Есеттің ұлт азаттығы жолындағы көтерілістері ен даланы еркін жайлаған ержүрек қазақ халқының үнемі қанатын қырқып, қатарын селдіретумен болды. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталған халықтың ұлы апаты уақытында ел бірлігін сақтап қалған Абылай, Әбілқайыр хандардың ел-жұртына сіңірген еңбегі, халық басына қайғы орнаған қысылтаяң жағдайда атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке билеріміздің еш мүдірмей сөз бастаған тапқырлықтары, Жоңғар шапқыншылығын талқандаған

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

қаһармандар Қарақарей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбайдың ерлікке толы өмірі өз алдына жыр-дастан болса, «ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» демекші, кешегі дүние жүзін бір сілкінткен Ұлы Отан соғысының батырлары, Отанының тәуелсіздігін қорғауға, ошақ басының амандығы, болашақ бақыты үшін күресуге жауға аттанған – Бауыржан Момышұлының, қарапайым қазақ қыздары Әлия мен Мәншүктердің қайталанбас ерліктері, Желтоқсан құрбандары Қайрат, Ербол, Ләззат сынды жастарымыздың батыл істері – біз, жас ұрпақ, үшін үлгі-өнеге, тағылым мектебі.

Иә, сүйікті Отанына, атамекеніне деген сүйіспеншілік алауы мен перзенттік сезімі нағыз батырды қан майданға, жер қорғауға аттандыра болса, нағыз ақынды жырлататын да – осы күш. Қай халықта болмасын, өзінің кіндік қаны тамып, туып-өскен еліне, жеріне деген ыстық ықыласын, терең сезімдерін өлеңге қосып, өз өлкесінің тау-тасын, дархан даласын, аққулы көлін жырламаған ақын кемде-кем.

Халқымыздың от жалынды, зор таланттарының бірі, ұлт перзенті Мұқағали Мақатаевша айтылған «бірінші бақытын ойының алтын кенін берген халқы, кейінгі бақытын тас жүректі тілімдеген тілі, келесісін күдіретті Құдайға теңеген Отаны» деп есептелген адамзаттың асыл бесігі – жұмыр жерді қалай сүйіп, қадірлейтіні сезілетін ұран әр қазақтың жүрегінің лүпілімен үндесіп тербелуі керек. Ал азулы ақынымыз Әбу Сәрсенбаев “Туған жер” өлеңінде терең ой-сезімін:

Уа, Туған жер, топырағыңнан жаралдым,
Алабыңнан арманыма нәр алдым.
Тұнығыңнан сүзіп іштім сендегі
Алтын арай таңғы жұпар самалдың,

-деген жасампаз жолдар арқылы береді. Көңілі дархан, ақпейілді қазақ халқы – тумысынан сағы сынып көрмеген батыр халық, тілдің майын ағызған дана халық. Туған жерді осылайша «білектің күшімен, найзаның ұшымен» қорғап қалған ата-бабаларымыздың ерлігі мен ақын ағаларымыздың талантына бас иіп, тағзым етемін!

Еркіндік аңсаған халық тілегі бүгінгі таңда күнмен күліп, арайлап атқан ақ таңның нұр шапағын шашып тұр. Бостандықтың жиырма жылында жүз жылдарға татитын қадамдар жасалуда. Конституциямыз дүниеге келіп, елдіктің нышандары айқындалды. Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей, алтын күндей Елтаңбамызды, желбіреген көк байрағымызды көргенде, әуелеген әнұранымызды естігенде бойыңды ерекше бір асқақ азаматтық сезім баурайды. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі, Мемлекеттік тіл болып қабылданды. Тарих толқынының өмір-теңізіндегі жөңкілісімен, қилы-

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

килы оқиғалар қабаттасқан тағдырдың жазуымен қалыптасып, жүзден астам ұлт өкілдері Қазақстан атты ортақ атамекенде жасампаз істерге толы ғұмыр кешуде. Ал Астанамыз болса, жыл сайын гүлденіп, Еуразия кіндігіндегі әсем қалалардың біріне айналып келуде. Ұлттық теңгеміздің де мәртебесі өсіп жаңа келбетке ие болды. Тұңғыш рет қазақтың батыр ұлдары Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшып, мерейіміз көтерілді. Республикалық “Ұланның” құрылуы, БҰҰ мен ЮНЕСКО-ға қабылдану, осының барлығы – елдігіміздің, еркіндігіміздің белгісі, Елбасымыздың ұлылығы мен көрегендігінің арқасы. Американдықтар Дж. Вашингтонын, орыстар І Петрді, түріктер Ататүрікті пір тұтады. Оларды өздерінің шын мәніндегі мемлекеттігінің негізін қалаушы, ел тағдырының ең бір қиын кезеңінде тізгін ұстап, ту көтерген тарихи тұлғасы ретінде құрметтейді. Ал біз үшін болса осындай текті де дара тұлға – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Сол себепті егеменді ел болып, іргемізді бүтіндеп отырған кезде ұзақ жылдар бойы отаршылдық тұзағына түскен ұлттық санамыз қайта жанданған жылдан бері еркіндіктің елеулі елесін сезіне алғандығымыз бір ғанибет емес пе?!

Сөйтіп, еліміздің іргетасы қайта қаланып, ұлтымыздың бесігін түзеу үшін ат жалында жанталаспен өткізген жиырма екі жыл да артта қалды. Тәуелсіздіктің арқасында елімізге құт қонып, ырыс үйіріліп, ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр. Төле би бабамыз айтқандай, тек қолға қонған бақыт құсын үркітіп алмай, жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, елдіктің тұғырына әрбір азамат құс болып қона білсе – ел болғанымыз сол.

Түптен келген тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол, ең алдымен, тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі. Сол қалың тарихымыз туралы өткір де, ірі, патриот ақынымыз Жұбан Молдағалиевтың өзі былай жазған:

Тарих ол – уақытқа ұқсас толмайтуғын,
Қадайды қасыңа әкеп шалғай туын,
Тарих ол – бір ғаламат алтын көпір,
Ұрпақты ұрпақтарға жалғайтуғын.

Еркін елдің жас қырандары, XX ғасырдың басындағы зиялыларымыз таңдаған білім мен білік жолын басшылыққа алып, туған еліміздің тәуелсіздігін сақтауға, талай теперішке тозбаған ұлтымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, биік рухын қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге парыздармыз. Бұл игі мақсат жолында халқымыздың “Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді” деген дана мақалын әрдайым жадымызда ұстап, бірлікті, тұтастықты ту қылып көкке көтеруіміз керек. Тәуелсіздіктің құны мен қадірін азаматтық сана, патриоттық жүреппен түсіне білгеніміз жөн. Сондықтан келешек жас өреннің «қазақ» деп соққан

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

жүрегін еркін елдің ертеңгі кезінің бетке ұстар тірегі ретінде ескерсек, болашаққа нық басып, тереземіз тең болатыны еш бүкпесіз айдан анық.

Ежелден аңсаған еркіндіктің туы жоғары, елдігі берік, тілегі қабыл бола берсін демекпін!

Утеубаева Д.

11 класс школа №3

Руководитель: Гора Т.И.

АЛМАЗ МУБАРАКА ЖАМАНБАЛИНОВА

Любой человек на Земле – это прежде всего звено в цепочке передачи генной информации, создатель и продолжатель своего рода. Человек многогранен. Он интересен как личность, как профессионал, как общественно значимая единица, а ещё он интересен в воспоминаниях своей семьи. Именно на этой грани Мубарака Жаманбалинова, моего прадедушки, хочу остановиться в своей работе и восполнить облик журналиста, поэта, общественного деятеля и дорогого моему сердцу человека, тем, что оставил после себя, какую жизнь прожил.

Известный казахский писатель Кадыр Мырзалиев, выступая на страницах республиканской литературной газеты «Казак адебиеті», назвал Мубарака Каримовича одним из немногих талантов, который достойно служит казахской детской литературе, обогащая ее своим творчеством.

Такая высокая оценка одного из столпов современной казахской литературы может только радовать почитателей творчества Мубарака Каримовича. Его первый сборник стихов для детей "Айна-булак" (Зеркальный ручей), который открыл имя автора для массового читателя, вышел в свет в далеком 1956 году, а последний его сборник "Алма ағашы" (Яблоневое дерево) издан в 2011 году. Между двумя сборниками 56 лет, которые не пропали даром для поэта. В эти годы он порадовал детей десятками книг. Не буду утомлять вас перечислением сборников, это ни к чему. Назову лишь книгу "Балгын гулдей балакан", которая вышла в свет тиражом 26 тысяч экземпляров! Какие были восторженные отзывы со стороны известных критиков и писателей.

Ряд стихов моего прадедушки вошли в школьные учебники и учебники для внеклассного чтения, были переведены на другие языки. Не остались в стороне и литературоведы. По детским стихам Мубарака Каримовича защитили учебную степень кандидата филологических наук несколько преподавателей Павлодарского университета и пединститута. Профессор

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

А.Бакреденова издала монографию отдельной книгой под названием "М.Жаманбалинов".

Его старший сын - мой дедушка, Гельмиден Мубаракович, 40 лет проработал в областной и районных газетах "Звезда Приитышья", "Иртыш" и "Ертыс нуры", издал книгу "Воспоминания журналиста" и продолжает заниматься творчеством. Он награжден знаком "Почетный журналист Республики Казахстан". Младший сын, Талап, тоже стал журналистом. Прадедущка посвятил сыновьям одну поэму и два стихотворения. Внук Мубарака Каримовича, 9-летний Канат, знает наизусть свыше 60 стихов деда и недавно стал победителем областных Мубараковских чтений.

Мой дедушка Мубарак Каримович Жаманбалинов был свидетелем трагических событий- голода 1931-1933 годов, когда половина населения Казахстана. Пострадала и семья Жаманбалиновых.

Дочь Гельмидена Мубараковича, Алия работает в республиканской газете "Казахстанская правда". После окончания школы и вуза я тоже хочу стать журналистом. Прадедущку я всегда называла Улкен ата, то есть большой дедушка. Он был большим и уважаемым человеком. Моя мама, Мадина Гельмиденовна, была любимой внучкой моих прадедущки и прабабушки. Вот что рассказывала мне моя мама о своем дедушке, Мубараке Каримовиче.

Воспоминания мамы: «О нашем дедушке написано очень много. Все знают его как писателя, поэта, краеведа, акына. Человека не равнодушного к происходящему в нашей стране, крае. Он действительно, сделал очень много для нашего края и людей в отдельности.

Наш ата был человеком большой мудрости, силы воли и духа. Его трудно было назвать домашним человеком. Он часто ездил, встречался с людьми, очень много писал. Он был личностью с большой буквы. Помните слова А. Чехова: «В человеке все должно быть прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли», уверена, что ата был согласен с этими словами. Потому что он собственным примером доказывал это. Нашего дедушку нельзя было назвать стариком. Он был статный и подтянутый, знал толк в одежде, всегда имел хорошо поставленную речь.

С самого детства я знала, что мой дедушка писатель. Видела, как к нему приходят и приезжают издалека разные люди, как он подолгу сидит, закрывшись в своем кабинете и что-то пишет. Мы привыкли, что дедушка что-то бормочет себе под нос и не замечает и не слышит никого. Но чуть повзрослев, я поняла, что именно так рождаются его стихи. До конца, я все же не осознавала, какой мой дедушка. Наверное, потому что я принимала это за должное. А, вот, моя дочь Диана, кажется, поняла это раньше, чем я. Однажды, когда ей едва исполнилось четыре года, к ней пришла подружка - соседская дочь, которая старше на год, Диана повела ее в зал к книжному шкафу,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

вытащила книгу, автором которой был ата и с большой гордостью в голосе произнесла: «А эту книжку мой ата написал!!!». Я тогда была очень удивлена и одновременно счастлива, что мой ребенок уже в эти годы понимает такие серьезные вещи.»

Мой дедушка, Гельмиден Мубаракovich, в своей книге "Воспоминания журналиста" целую главу посвятил биографии и творчеству своего отца. К 100-летию Иртышска была выпущена книга "Иртышск", куда вошли очерк о прадедушке и несколько его фотографий. Дочь Гельмидена Мубаракovichа, Алия работает в республиканской газете "Казахстанская правда". После окончания школы и вуза я тоже хочу стать журналистом. Прадедушку я всегда называла Улкен ата, то есть большой дедушка. Он был большим и уважаемым человеком. Моя мама, Мадина Гельмиденовна, была любимой внучкой моих прадедушки и прабабушки.

Наш дедушка любил ребятню, и они отвечали ему взаимностью. Он часто с ними разговаривал и шутил. Он очень любил всех нас - внуков и правнуков. Но, чужие дети получали больше внимания, чем мы. Это участь общественного человека.

Ата всегда помогал людям, которые к нему обращались, даже, если это требовало от него серьезных усилий. Но нас - детей и внуков он приучил всего добиваться самим. Как раз в этом и кроется неоценимая помощь. Ведь, если человек добивается всего сам, он вырабатывает характер, ценит достигнутое и сможет добиться большого успеха. Это он доказал лично. Когда дедушке оставалось жить всего несколько дней, я спросила у него: «Ата, что было принципом твоей жизни и есть, о чем ты жалеешь?». Он мне ответил: «Принцип всей моей жизни - это справедливость. А жалею лишь о том, что не могу больше ничего сделать для людей». Думаю, эти слова сказали вам многое и ответили на вопрос, каким был наш ата. Наши дедушка и бабушка прожили счастливую совместную жизнь, длиной в 59 лет. Воспитали четверых сыновей, девятерых внуков и пятерых правнуков. Они являются достойным примером для каждого из нас, как муж и жена, как мать и отец, бабушка и дедушка, также, как личность в отдельности. Большое счастье быть частью их жизни.

7 ноября 2012 поэту, журналисту, моему прадедушке Мубараку Жаманбалинову исполнилось бы 89 лет. Я обещаю, что не только буду всегда помнить заветы любимого ата, но и, где бы я не была, буду пропагандировать его творчество. Я, как и дедушка, хочу стать журналистом, продолжить династию.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Файзуллин Арслан

9 класс, АОО «НИШ»

г. Павлодар

Руководитель: Оразалина К.Р.

Моя Родина – моя гордость

Родина... Родной край... Родная земля....Сколько красивых, теплых слов сказано о ней! Родной земле посвящены удивительно нежные, проникновенные строки известных поэтов, задушевыми песнями воспето ее величие. Уверен, что в сердце каждого человека, взрослого или еще юного, живет любовь к той земле, где он родился и вырос, где произнес первые слова, услышал нежные колыбельные песни мамы, почувствовал тепло ее рук. Все самое хорошее и дорогое связано именно с Родиной: родные и близкие, окружающие тебя с детских лет, друзья, с которыми не хочется расставаться, заветные мечты и планы, для осуществления которых нужно учиться и добиваться все новых и новых успехов. Эта трепетная любовь, чувство искренней привязанности ко всему и выражается в слове Родина. Она закладывается с самых первых дней, с рождения человека. За нее во все времена честные и благородные люди, не колеблясь, готовы были совершить подвиг, а ради свободы и благополучия своего народа даже отдать жизнь.

Издавна наш народ славился щедростью, стремлением к свободе, умением защитить свой очаг. Ничто не сломило стойкий дух казахов, сумевших уберечь свою землю от набегов врагов, выстоявших в многочисленных битвах и сохранивших самое главное - свободу и независимость. Моя Родина гордится храбрыми батырами, талантливыми жырау и акынами, поэтами и писателями, которые воспевали любовь к казахской земле, призывали любить и уважать друг друга, сохранять мир и заботиться о будущем. Магжан Жумабаев, Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Иван Шухов... Эти имена знают все. В честь многих знаменитых земляков в моем городе установлены памятники, открыты скверы, их именем названы улицы и школы. Мое поколение стремится сохранить все самое лучшее, что накапливалось веками. Безграничной радостью наполняется сердце, когда слышу слова восхищения о нашем крае, о Казахстане. Горжусь, что живу здесь и являюсь гражданином этой страны. За годы своей независимости Республика Казахстан смогла завоевать авторитет в мировом сообществе. Наш Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев уверенно ведет к новым достижениям и делает все для благосостояния народа и процветания страны.

Настоящее моей Родины - это мирная жизнь казахстанцев, это великолепная столица Астана, это города, в которых строятся дома, это люди,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

улыбающиеся друг другу при встрече, это наши ветераны и все старшее поколение, это студенты и школьники, которые получают хорошее образование, чтобы в дальнейшем стать достойными гражданами Республики Казахстан. Любить свою страну — это любить и ее народ. Именно ему посвятили жизнь многие великие люди, настоящие сыны своего Отечества.

Народ - это главное богатство моей Родины. На казахской земле под одним шаныраком живут и трудятся люди более ста двадцати национальностей. Я особенно ценю мир, дружбу, взаимопонимание, согласие, царящее на нашей земле, и понимаю, что все это зависит от нас самих!

Халикова Махаббат
11 класс, школа-лицей №6
г. Экибастуз

С чего начинается Родина?

Родина. Наверняка, для каждого человека это слово обязательно что-то значит, и каждый человек по-своему даст понятие Родины. Моя родина - Казахстан. Я здесь родилась, живу и учусь. Я горжусь тем, что я живу именно в этой стране, где царит порядок и спокойствие, где правит государством замечательный президент, благодаря которому это всё и соблюдается - вся эта идиллия спокойствия и уверенности. Как сказал наш президент Назарбаев Н. А. в своём послании народу Казахстана: «Мир и согласие, диалог культур и религий в нашей многонациональной стране справедливо признаны мировым эталоном». И мы уверены в своем будущем! Ведь наш президент делает всё, чтобы мы жили счастливо и уверенно себя чувствовали.

В нашей стране единой семьей живет 17 млн. человек, представителей 140 этносов и 17 конфессий. Я восхищаюсь тем, как дружно уживаются в нашей стране люди разных национальностей, говорящие на разных языках и исповедующие разные религии. Всех нас - людей совершенно разных, объединяет общее: мы - народ Казахстана. Наша родина - Казахстан: мирная, свободная, богатая и многонациональная! Разве можно не любить такую страну? Мы гордимся нашими бабушками и дедушками, ведь благодаря им наша Родина существует, благодаря им мы живем, они защитили нас от врагов, а президент держит страну в своих руках так, чтобы все было мирно не только внутри нашей страны, но и за ее пределами, по отношению к другим странам. Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине. Что такое Родина? Родина - это отечество. Родина - это страна, это место где ты родился! Когда я

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

задала себе вопрос: «С чего начинается Родина?», - то мне сразу вспомнились слова М. Матусовского:

«С чего начинается Родина? С картинки в твоем букваре,
С хороших и верных товарищей, живущих в соседнем дворе.
А может, она начинается, с той песни, что пела нам мать,
С того, что в любых испытаниях у нас никому не отнять»,

- я разделяю точку зрения Матусовского, и наверное, я не ошибаюсь, если скажу, что ощущение Родины приходит каждому из нас именно в детстве. Родина - начинается с самых первых лет нашей жизни. Родина - это твоя страна, твоя область, твой город, твой район, твой дом. Родина - это песочница во дворе, в которой ты играл всё детство. Это сугробы, в которые ты падал со смехом.

Родина - это береза перед твоим окном. Родина - это облака, это солнце, это смех счастливой мамы, это твоя школа, это твои учителя. Это всё то, что никогда невозможно забыть и вычеркнуть из своей жизни. Это когда ты чётко знаешь, что это - твоя Родина. Даже если тебе придется покинуть то самое место, где ты родился, ты всё равно, спустя года - будешь помнить то место, где ты родился. Каждая деталь, каждый миг, связанный с Родиной у тебя навсегда останутся в памяти. Ты всегда будешь хотеть вернуться на то место, где прошли твои дни, начиная от самого рождения. Даже воздух той местности, где ты родился, будет казаться таким родным, в отличии, от другой местности, где, возможно, ты уже по каким-либо обстоятельствам живешь, потому что каждому родная земля - рай.

В заключении я могу сказать, я считаю, что лучше Родины нет земли, что пробуждение в сердцах каждого казахстанца чувства патриотизма послужит основой успеха и развития нашей Родины - нашего Отечества.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Хамитов Нурбек

11 класс, СОШ №2

п. Майкаин

Руководитель: Есенова Л.М.

Неповторимые щедрости Баянаула

Баянаул - благословенная земля,
здесь должен быть земной рай.

Асан - Кайгы.

Для меня, как и для большинства людей, чувство Родины в большом смысле дополняется еще чувством Родины малой, то есть в смысле родных мест, где я родился и живу. Так как малая Родина навсегда остается в нашей ребяческой душе.

Я люблю свою малую Родину - Баянаул, люблю каждый ее уголок, где бы он не находился. Мой край прекрасен во все времена года. Зимой ветви высоких и маленьких елей и сосен покрыты тяжелыми шапками белого снега. Летом очень много цветов. На березовых опушках цветет иван-да-марья, синеют колокольчики, высоко поднимается иван-чай, белеют кашки, и еще множество цветов с прекрасными названиями пестреют повсюду. Елки густо зеленеют, в лесу нарядно и тихо. Весной в лесу радостно, шумно, пахнут набухшие почки, звонко поют птицы. А осенью лес еще красивей и нарядней. Золотом покрыты березы, костром горят осины, зеленеют молодые елочки и сосны. Под ногами шелестят опавшие листья, под ними видны шляпки поздних грибов. Цветут еще кое-где лесные цветы.

Баянаул - прекрасный горно-лесной оазис с прозрачными озерами, причудливыми скалами. На горы можно смотреть и смотреть. Внизу лиственные леса... Выше - леса темные, хвойные... Еще выше - серые скалы. Все в горах необычно. Кажется, что земля встала на дыбы. Я даже наблюдал такое явление, когда внизу шел сильный дождь, а наверху светило солнце. Мне нравится бывать в горах. Там я всегда чувствую чей-то пристальный взгляд. Мне кажется, что это хозяин гор обходит свои владения и следит за порядком.

Приходилось ли вам ночевать в лесу? Это незабываемое ощущение. Ночью можно услышать всю музыку леса. Можно подумать, что все звери, птицы и насекомые родились на свет певцами и музыкантами. А что творится утром! Кажется, невидимый дирижер поднял палочку, и лесной хор запел прекрасную утреннюю песню. В такое солнечное утро на траве повсюду

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

блестят алмазы. Это капли росы собрались в листьях и катаются по нему. Я собираю росинки в ладоши, пью и чувствую себя бодрее.

На северо-западе и северо-востоке небольшие возвышенности постепенно переходят в степи. Степь, как море. Когда возвращаешься после отдыха домой, видишь, как по степному ковыльному морю катятся волны... Степь струится и течет куда-то за горизонт. Ветер, как беркут, мчится на распахнутых крыльях. Особенно красива степь на закате. Смотришь и не - налюбуйешься этой картиной.

Впереди еще одна достопримечательность моего края. Это родник, священное место. Сюда приезжают люди испить студеной воды, загадать желание, вдохнуть чистого воздуха и набраться сил. Я не знаю, откуда берет этот ручей начало. Но я представляю весь проход ручья через лес и горы. На пути завалы, камни, густая трава и низины. Путь ручья – это длительный путь борьбы за жизнь.

Земли Баянаула по праву называют «землей обетованной», «райским уголком». И люди на такой земле просто обязаны быть необыкновенными. Моя земля щедра талантами. Я не буду перечислять имена знаменитых людей, выходцев Баянаула. Они и так известны далеко за пределами Казахстана. Но есть одно место, где мы часто бываем. Это священное место «Мәшһүр Жүсіп кесенесі». Эта Земля покрыта тайной. Но одно могу сказать с уверенностью, что человек, побывавший здесь, становится чище, благородней душой:

Дастархан у нас, как степь, широк,
Горы высоки и величавы.
Сколь гостеприимен мой народ,
Каждым, кто бывал здесь,
Отмечалось.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область

Хамитов Нурбек

11 класс, СОШ №2

п. Майкаин

Руководитель: Есенова Л.М.

Мой дедушка – защитник Родины

С непривычки трудно на фронте,
А казаху трудно вдвойне:
С непривычки к взводу, к роте,
К танку, к пушке, ко всей
войне.
Постепенно привыкли к
грохоту
Учителя и чабаны.
Приросли к океанскому рокоту
Той Великой и Громкой
войны.
Б.Слуцкий.

Все дальше и дальше уходят в прошлое военные годы. Но память о тех, кто приближал великий День Победы, живет. Много пришлось пережить каждому в те суровые годы. Эти дни стали грозным испытанием и для народов Казахстана. На огневых рубежах сражались около 1 млн. 200 тысяч казахстанцев. Они героически боролись за каждый клочок земли русской и участвовали в освобождении стран Европы.

Среди посланцев Казахстана был и мой дедушка. Мой дедушка Хамитов Шамкен Хамитович родился в 1922 году. Когда ему исполнилось 18 лет, его призвали в армию. А через год началась война. И он уходит на фронт. Дедушка прошел через всю Россию и дошел до Берлина. Он воевал на Первом Украинском фронте, форсировал реки Днепр и Днестр, участвовал на Курской дуге. Дважды был ранен. Закончил войну в звании старшего лейтенанта.

После окончания войны дедушка стал работать учителем математики в школе. А выучился на учителя еще до армии в учительской семинарии. Его сокурсником был Герой Советского Союза Канааш Камзин.

Мой дед не помнил своих однополчан. Поэтому после войны он ездил в Москву в честь 25-летия Победы и в честь 35-летия Победы, чтобы вместе с товарищами вспомнить боевые дни, помянуть погибших друзей. Всю жизнь он посвятил обучению и воспитанию детей. Ушел из жизни в возрасте 84 лет и похоронен на местном кладбище.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

Мой дедушка не сможет уже встретить очередную мирную весну. Но он достойно прожил свою жизнь, оставив детей, внуков, учеников, которые продолжают дело его жизни.

Шалабай Еркежан

11 сынып, Ы. Алтынсарин атындағы гимназия
Павлодар қаласы

Ұлы түркі елінің қара шаңырағы – бүгінгі ұрпақ қолында

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе!» - деп дана халқымыз айтқандай, керегесі кең, шаңырағы көк күмбезді аспанмен жарасқан, келешегі кемел ел болу үшін, алдымен, тәрбие керек. Ел болдық, бірақ бесігімізді әлі де түзей алмай жүргеніміз ащы да болса шындық. Тал бесіктен басталатын тәрбиенің бұлағынан сусындаған әр жеткіншек ұлтжандылық деген ұғымды бойына сіңіріп өсуі қажет. Ұлттық құндылықтарды құрметтеп, елінің ертеңіне алаңдап, өркендеуіне үлес қосатын азаматты ұлтжанды азамат деу орынды. Бірақ Абайлар мен Мағжандардың толқынынан туған толқындар саусақпен санарлық. Бүгін біз кез келген келеңсіз жайттарға «Е-е, заман солай болғасын...» немесе «Бұған біз емес, заман кінәлы» деген сияқты сөздермен өзімізді жұбататын болдық. Ал шын мәнісінде бұған кінәлы заман емес, адам. Өйткені заманды адам құрайды. Заманның рухани байлықтан қаланатынына назар салып жатқан ешкім жоқ. Патриоттық ұлт үшін жасаған әр істен, әр қадамнан, тіпті әр сөзден басталады. Басқасын ысырып қойғанда, ата-бабамыздан лайланбай келе жатқан тілдің кәусар бұлағының тазалығын бұзғандар қаншама. Қарап тұрсақ, өскелең ұрпақ түгіл, «заманауи» әже-аталарымыз да дамыған дәуірдің талғамына кет әрі емес. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпын, бірақ... «Айтпаса шындықтың атасы өледі». Қоғамдық ортада бөгде тілдің намысын жыртып жүрген сондай жандарды көремін де, өкініштен өзегім өртенеді. Не шара?... Бұл – бір ғана тіл төңірегіндегі үлкен мәселе. Ал басқа да арналарды сараласақ, бүгінгі қоғамымыздың шынайы хал-ахуалы біздің ұлтжандылығымыздың мөлшерін өлшеп, баға береді.

Біздің толқындардың қатарында ата тарихты, егемендік үшін қасық қаны қалғанша күрескен, ызғарлы боранға маңдай тері қатқан баһадүрлерімізді білмейтіндердің барына күмәнданбаймын. Көгілдір аспанымызбен астасқан көк байрағымыз, ұлт шаңырағының биіктігін танытқан Елтаңбамыз, алтын сөздермен көркемделген, тереңінде алтын ойлар жатқан Әнұранымыз жат жерде жүрген қандастарымызға рух, сағыныш, сезім

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

сыйлары хақ. Ал біз ше? Біз соны құрметтеп жатырмыз ба? Бұған жауап берерде тағы да жүрегімде асау толқындар бұлқынады. Жыр алыбы Жамбыл:

Бөрілі менің байрағым,
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым,

- деп кеудесіне жалын толтырып жырламады. Бұл жалынның бүгінде ұшқындары ғана қалған сияқтанады. Осыған дейін санамаланған және санамаланбаған мәселелердің тамырына қорек болып тұрған патриоттық тәрбиенің кемдігі деп білемін. Менің ойымша, патриоттық ананың ақ сүтімен бойға дарып, әке тәлімінен басталады. Біле білсек, бұрынғының ата-әжелері ұрпағына ертегі, қисса жаттатқызып, ата дәстүрін санасына құйып отырған, сыйластықты үйреткен. Бұрынғының үлкендері ұрпағын үйретсе, бүгінгінің үлкендері «заманауи тәрбиені» ұрпағынан үйренбек. Айғаным, Зере және Ұлжан сынды алтын құрсақты аналарымыздың қатары кеміп бара жатқанына ұлт үшін жүрегі шырыл қағатын жандар ғана алаңдайды. «Заман ғой...» деген бір ауыз сөзбен менің де құтыла салғым келмейді, алайда қазіргі қоғамдағы әр жайтты тізе берсек, бірімен-бірі ұласып кете береді.

Патриоттық тәрбие. Бұл сөздің тереңіне бойламағандарға қарапайым сөз сияқты көрінуі мүмкін. Мен үшін бұл сөздің ауқымы кең, өйткені еліміздің бүгінгі қабырғасын ұлтжандылық қалады. Елін сүймесе, қандай адам өлімге басын тіксің?! Елін сүймесе, қандай ақын жыр тасытпасын... Міне, бұл сөз осы леппен ойдың шатқалдарын аралайды. Қазірде «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөзді қорытып, «мектептің жүрегі» болған ұстаздар қауымы да ұрпақ тәрбиесіндегі күреске бей-жай қарамайды. Шәкірттеріне бойындағы бар білім нәрін ақтарып, олардың көкіректеріне құюда. Ғаламтордың торына қамалған бүлдіршіндер ұлтжандылықтың самалын сезінбейтін сияқты. Тәрбиенің баспалдағын қалауда ұлттық басылымдар да үлес қосуда. Кереку өңіріндегі сондай басылымдардың бірі – «Сарыарқа самалы». Өңіріміздің өзекті мәселелерін ашық жазатын бұл газетте «Жас times», «Айналайын» қосымшалары жастар мен жасөспірімдердің ойын жария етсе, «Безбен», «Оқшау ой» айдарларында қоғамдық ортадағы маңызды ойлар мен тақырыптар қозғалады. Бұл басылымның ұрпақ бойына патриоттық тәрбие қалыптастыруда рөлі зор. Мысалы, бүгінгі күндегі өзекті мәселерді талқылайтын дөңгелек үстелдер жиі ұйымдастырылып, оған оқушыларды қатыстырады. 2013 жылдың желтоқсан айында «Патриоттық тәрбие неге кемшін?» атты дөңгелек үстелде болдым. Әңгіме барысында «Сарыарқа самалының» бас редакторы Асыл Әбіш:

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

«Патриоттық тәрбие – тек қазақ ұлтына ғана керек емес. Бұл - бүкіл қазақстандықтарға қатысты мәселе. Біздегі халықты отансүйгіштікке жұмылдыратын іс-шаралар флеш-мобтар мен бір күндік акциялардың деңгейінен аспайды. Мәселен, жыл сайын Мемлекеттік Рәміздер күнінде ұйымдастырылатын жастар шеруі. Шарадан кейін жағажай маңы аяқ астына тасталған кішкентай көк байрақтарға толы болады. Бұған тіпті көз де үйренді. Осы ма біздің отансүйгіштігіміз? Жасөспірімдерді тәрбиелеуде интернаттық жүйенің берері мол дер едім. Біріншіден, бұл жерде ұжымдасқан орта бар. Екіншіден, оқушылар таңның атысынан кештің батысына дейін әрдайым бірге болып, бір-бірінен үлгі алып өседі. Үшіншіден, мұндағы ақындық және рухани тәрбие адамның ішкі жан-дүниесін байытады», - деп ой қорытады. Бұл ойды құптаймын. Себебі мен білім алып жатқан қара шаңырақ – осылардың толықтай дәлелі. Біздің қоғамымыз – дарынды оқушылар қатары және мұнда білім бәсекелестігі ерекше қалыптасқан. Гимназиядағы арынды ақын Асығат Тұрғанбек бастаған ақындар мектебі талай жарыстарда топ жарып, халқымыздың мәдениетін дамытумен қатар, бойындағы отаншылдық рухын танытуда.

Дөңгелек үстел үстінде облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы Олжас Әлімханов былай дейді:

«Рас, отбасындағы тәлім-тәрбие, мектептегі іс-шаралар, ұстаз ұлағаты – барлығы жасөспірімдердің саналы ұрпақ болып қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Десек те, қазіргі жастардың азаматтық ұстанымдарын зерттей келе, алаңдарлық жайттар жоқ деп айта алмаспын. Бүгінде жастар саясаты басқармасы жұмыс барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануда. Мәселен, таяуда астаналық қоғамдық ұйыммен бірлесіп, әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Оған 1 мыңға жуық респондент қатысты. Қорытындыға сәйкес, сұралған павлодарлықтардың 80 пайызы «Сен патриотсың ба?» деген сұраққа «Иә» деп жауап берсе, ал «Патриоттығыңды қалай дәлелдейсің?» дегенге 70 пайызы ғана нақты жауап бере алды. Ал қатысушылардың 16 пайызы «Мен патриот емеспін» деп ашық жауап қайырды. Қазіргі кезде біз осы қоғамдық көзқарастың қалыптасу себебін зерттеудеміз». Шыныменен, қазіргі жастар өзінің ұлтжанды еместігін ашық айтады. Шындығын айтқан жөн, бірақ жұдырықтай жүректің лүпілінде Отанға деген кіршіксіз сезім тұруы тиіс. Әр адам ұлтжандылығын тілін, рәміздерін құрметтеумен шектелмей, Қызыл тілдің шешендерінен бастап, елін қызғыштай қорғаған ержүректер, гүлдемей жатып ызбарлы желден солған Қайраттар, Сәбиралар... Бұлар – сол уақыттағы елінің патриоттары. Ал қазір мұндай отансүйгіш жандар жоқ деп айта алмаймын, алайда асылдың сынықтарының, шұғаның қиықтарының қатары жыл санап кеміп бара жатқанына куәгермін. Менің білім ордам мемлекеттік тілде білім беретін ұлттық мектеп болғанмен, шүлдірлеген қатарластарымның,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

тіпті қазақы тәрбие сіңген ауылда өскен оқушылардың жат тілде сөйлескеніне алғашқысында таң қалатын болсам да, кейіннен ести-ести құлақ та үйреніп кетті. Бірде мектебімдегі 7-сыныпта оқитын қазақ тілі пәнінен олимпиада қатысушысымен сөйлескенімде, маған орыс тілінде жауап қатты. Оған намыстанғандықтан «Қазақша сөйлеші» дегенге ғана аузым барып еді, «Ол менің өз еркімде, сен менің құқығыма қол сұқпа», - деп шүлдірледі. Мен бұрын қазақ тілі пәнінің олимпиадашыларын тіл жанашырлары деп санайтынмын, бірақ ойымның бұрыстығына бір емес, бірнеше рет куә болдым. ХХІ ғасырдың саналы ұрпақтарының мұндай халге түскеніне жалғыз себеп – қоғамдық және отбасылық тәрбиенің кемдігі. Өзге тілді білу қажет болса да, ана тілді құрметтеу - одан әлдеқайда жоғары тұрған парыз. Көп жастардың санасында қоғамдағы қазақша сөйлескен жандарға қарап, «орысша білмейді» деген түсінікте. Бірақ олай емес. Көкірегінде көзі жоқ осы тектес жандар ұлттық құндылықтарының шамын өшіріп алмаса екен деймін. Ол үшін қоғам болып жұмылғанмыз дұрыс. Кейде «адамның мінезі, әрекеті, тәрбиесі өскен ортасына байланысты» деп айтамыз. Бұған келісуге болады, алайда әркім қоғамды құрағандықтан, оны бас болып өзің түзеуге кіріссең, тек өз жолыңмен жүрсең, ұлт құндылықтарындағы олқылықтарға қарсы тұруға болады. Менің ойымша, тәуелсіздікке қандай жолмен жеткенімізді білетін болса, қазіргі жастар қазақы рухты сезінер еді.

Қоғам – жайқалып тұрған орман секілді. Онда дұрыс қалыптаспаған да, өркен жайған да ағаштар бар. Ал жас өрендер енді ғана бүр жарып, сол ортаға бейімделіп келе жатқан бұтақ сынды. Қоғам мен тәрбие – олардың өніп-өсуіне әсер етуші фактор. Қазақ елі алып бәйтеректерден тұратын орман болсын десек, жас өскіндерді тәлім-тәрбиемен суаруымыз қажет. Бұл болашақ бәйтеректерге қоғамның жылуы да ерекше әсер етеді. Қазіргі таңда «Жас ұлан» секілді ұйымдар оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырып, келешекке кемелдікпен қарауына мүмкіндік береді.

Өңіріміздегі патриоттық тәрбиені дамыту бағытындағы ерекше жаңалық – облыстық білім беру басқармасының тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімінің бас маманы Дәуенов Ернұр Нұрланұлының «В Контакте» әлеуметтік желісіндегі «Павлодардың патриоттары» атты қауымдастығы. «Бұл қауымдастықты құрудағы мақсатыңыз не?» деген сұрағыма Ернұр Нұрланұлы: «Бүгінгі таңда оқушыларды тәрбиеге баулудың ең тиімді әдісі – ғаламтор. Менің мақсатым – әлеуметтік желілер арқылы оқушыларды тәрбиелеу. Оқушылар қауымының жиі қатыналатын желісі «В Контакте» болғандықтан, осы бастаманы қолға алдым. Бұл -креативті әдіс. Өйткені оқушыларды ғаламтор арқылы тәрбиелеуге ықпал жасау – қызықты әрі ұтымды», - деп жауап қатты. Қазірде бұл қауымдастықта 1400-ден астам оқушы жазылған. Парақшадағы «Мен – өз мектебімнің патриотымын» атты

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Павлодарская область**

фотосуреттер сайысы апта сайын жеңімпаздарды анықтап, қатысушылардың қатарын көбейтуде. Жуырда жарияланған «Мектеп өмірінің жаңалықтары» атты жаңа айдар топтың ауқымын кеңейтуде. Дәл осындай бастама басқа өңірлерде қолға алынбағандықтан, заманға сай тәрбиелеудің ұтымдылығы әрі жаңалығы деп санаймын.

Облысымыздағы «Шаңырақ» мәдени ойын-сауық орталығында жиі ұйымдастырылатын айтыс та көрермендер көзайымына айналды. Бір қуанарым – жастар арасында айтысты тамашалаушылар санының артуы. Оны қазір еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін тамашалайды. Осыларға қарап отырып аймағымыз ұрпақ тәрбиесіне бейжай қарамайтынына көз жеткізуге болады. Павлодар облысында ұлттық тіл, ұлтжандылық арнасында қомақты іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. «Павлодар» деген атаудың өзі орыс тілінде болғанымен, біздің облысымыздың заты - қазақ. Ертістің ерке толқындары Иса, Мұса сынды әншілеріміздің әнімен тербелсе, киелі Баянауыл өлкесі Мәшһүр Жүсіп атамыздай біртуар данышпанға, Қаныштай ғұламаларға, жүрегінде жалыны бар ақындар мен тереңнен ой іздеген қаламгерлерге бесік болды. Қазақ халқының тәлім-тәрбиесінен тамырын тереңге жайған ұлылардың көшін кейінгі ұрпақ жалғастыруда.

Алға ілгерілеу бар. Заман парақтары ақтарылуда. Бұған қоғам да ілесуде. Болашағы жарқын еліміздің қорғаны мықты болу үшін сапалы білім мен ұлағатты тәрбие керек. ХХІ ғасырдың патриотты өрендерін бабалар алдында бас иіп, ұлтының күре тамыры болған ана тілді дамытуға үлес қосатын сара жолға бағыттау – еліміздің тұғырлы туын құлатпау үшін жасалған ұлы іс. Аға буын ізбасарларының санасына таным-тәлімін дұрыс ұялата білсе, жас буын өзіне деген жауапкершілікті сезініп, ұлы түркі елінің қара шаңырағын биікке көтеретініне сенімдімін. К.Д.Ушинскийдің тілімен айтқанда: «тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс». Ең бастысы, ел ұрпағын тәрбиелеуге қоғам бірігіп кіріссе деймін. Өйткені «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді».